

X624

К41

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Қ. Ө. ҚАРАБЕКОВ

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ**

ҚАРАҒАНДЫ
2011

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Қ.Ө.Қарабеков

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ**

Дәрістер курсы

ҚАРАҒАНДЫ

2011

УДК 347.6(075.8)
ББК 67.404.4я73
Қ 41

Рецензенттер: Қазтұтынуодағының Қарағанды экономикалық университетінің кеден ісі кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты **Ә. Б. Сопыханова**; ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы азаматтық-құқықтар пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция майоры **А. Ж. Нұрұшев**.

Қ. Ө. Қарабеков
Қ41 Қазақстан Республикасының отбасы құқығы: Дәрістер курсы. — Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2011, — 106 б.

ISBN 978-601-7231-44-6

Аталымыш дәрістер жинағында отбасы құқығының маңызды мәселелерін қарастыратын заң әдебиеттері мен тәжірибелік қызметтегі болатын мәселелерді жан-жақты талдау негізінде осы тақырыпқа қатысты тарихи, өмірдегі тәжірибелік, теориялық және заңдық тұрғыларды қарастырылған.

Дәрістер курсы заңдық білім беретін оқу орындарының студенттеріне, ведомстволық оқу орындарының тыңдаушыларына, осы саладағы және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне арналған.

УДК 347.6(075.8)
ББК 67.404.4я73

Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы ғылыми кеңесінің шешімімен баспадан шығарылған.

ISBN 978-601-723-1-44-6

© ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы, 2011;
© Қарабеков Қ. Ө., 2011

КІРІСПЕ

Неке, туыстық, асырап алу және балаларды отбасына орналастырудың өзге де нысандары негізінде пайда болатын жеке мүліктік емес және мүліктік қатынастарды және неке-отбасы қатынастарымен байланысты (азаматтық хал актілерін тіркеу, қорғаншылық пен қамқоршылық және т. б.) қатынастар «Қазақстан Республикасының отбасы құқығының» реттеу пәні болып табылады.

«Отбасы құқығы» пәні құқықтық реттеу саласында терең және нақты теориялық білімдері, тәжірибелік дағдылары бар, сонымен қатар, азаматтық құқық мәселелері бойынша құқық қолдану және құқық қорғау қызметін тиісті деңгейде білетін мамандарды дайындау үшін бағытталған.

Тыңдаушыларға осы оқу пәнін оқып-білу, мемлекет пен қоғам алдына қойылған, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «Қазақстан-2030» барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы Жолдауындағы мәселелерді шешу үшін қажет. Жолдауда былай делінген: «... жергілікті деңгейде де отбасын, әйелдің жүкті кезін және балаларды тәрбиелеуді қолдаудың жаңа жолдарын табу керек. Неке мен отбасы институтын нығайтудың жолдарын мұқият талдау, жалғыз басты аналар проблемасын шешу керек. Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ал ең бастысы балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиістіміз. Ата-аналар балаларына, ал балалар өздерінің қартайған ата-аналарына қамқор болғанда, әйел отбасы мен қоғамда құрметке ие болғанда — еліміз үшін аландамауға да болады».

Отбасы құқығын оқу барысында тыңдаушылар алдына келесі мәселелер қойылады:

- отбасы құқығы теориясының негізгі қағидаларын, отбасы құқығының қағидаларын білу;
- отбасы құқығының тиісті қайнар көздерін зерттеу мен конспектілеу;
- нақты мән-жайларды шешу кезінде отбасылық заңнама нормаларын дұрыс қолдана білу;
- отбасы құқығының өзекті мәселелерімен танысу, ғылыми мәселелерді өзіндік зерттеу.

Семинарлық және тәжірибелік сабақтарға дайындалу кезінде, сонымен қатар оқытушының басшылығымен өзіндік дайындалу барысында тыңдаушылар ұсынған әдебиетті, нормативтік материалды оқуға міндетті.

Оқып үйренуге және конспектіленуге тиісті заңдар, қаулылар мен басқа да нормативтік актілер академия кітапханасында бар ресми қайнар көздерде көрсетілген.

Отбасы құқығының маңызды мәселелері «Тураби», «Заң және заман», «Фемида», «Государство и право», «Правоведение», «Әділет министрлігінің жаршысы» және т. б. заң журналдарында қаралады.

«Отбасы құқығы» пәні бойынша оқылатын дәрістерді, сонымен қатар арнайы әдебиеттер мен нормативтік актілерді міндетті түрде конспектілеу керек екендігін тыңдаушылар ескергендері жөн.

1-ТАҚЫРЫП. ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ — ҚҰҚЫҚ САЛАСЫ РЕТІНДЕ. ОТБАСЫЛЫҚ — ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР

1.1. Отбасылық құқықтың ұғымы, пәні, әдісі және қайнаркөздері. ІІО қызметкерлері үшін отбасылық құқықты оқудың маңызы

Отбасы құқығы — қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін заңдық нормалардың жиынтығы түріндегі оқу пәні. Бұл құқық саласының пәніне Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» 1998 жылғы 17-желтоқсандағы Заңының 3-бабына сәйкес мынадай қарым-қатынастардың санаттары жатады:

некеге тұруға, некені бұзуға және оны жарамсыз деп тануға байланысты қарым-қатынастар;

отбасы мүшелерінің, ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың (асырап алушылар мен асырандылардың) арасындағы, кейбір жағдайларда отбасылық құқыққа байланысты басқа да өзге адамдар мен туысқандар арасындағы өзіндік мүліктік және мүліктік емес жеке қарым-қатынастар;

ата-ананың қарауынсыз қалған балаларды орналастыруға байланысты қарым-қатынастар;

азаматтық хал актілерін тіркеуге байланысты қарым-қатынастар.

Сонымен, отбасы құқығы — некеге тұру шарттарын және оны тоқтатудың ретін белгілейтін, ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар және басқа да туысқандар арасындағы мүліктік және мүліктік емес қатынастарды реттейтін, бала асырап алудың тәртібін белгілейтін бірнеше нормативтік-құқықтық актілер жиынтығы.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, отбасы құқығы пәні тек қана отбасылық қарым-қатынастар ғана емес, сонымен бірге адамгершілік сипатта болатын және заңдық реттеуге тәуелді қарым-қатынастар болып табылады. Отбасылық қарым-қатынастарда заңдық нормалармен бірге адамгершілік қасиеттердің де маңызы зор екенін айта кету керек.

1998 жылдың 17-желтоқсанындағы «Неке және отбасы туралы» Заңына ҚР-ның неке ұғымы енгізілді, неке — өз еріктерімен және заңда көрсетілген реттермен толық келісе отырып, отбасы құру мақсатында, мүліктік және мүліктік емес жеке қарым-қатынастарды тудыратын, әйел мен ер адам арасындағы тең құқықты одақ. Осы заңда отбасы ұғымы да (ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңы, 17.12.1998 ж. № 321-1, 1-баптың 3-тарм.) берілген, отбасы-некеден, туысқандықтан, асырап алудан және отбасылық қарым-қа-

тынастарды дамытуға, нығайтуға ықпал ететін, балаларды тәрбиелеуге алу-дың басқа түрін қабылдаудан туындайтын, мүліктік және мүліктік емес же-ке қарым-қатынастар мен міндеттерге байланысты адамдар жиынтығы.

Неке ұғымына қарағанда отбасы ұғымының түсінігі кең. Неке — отба-сының негізгі алғышарты. Көп жағдайларда дұрыс толыққанды отбасы тек қана неке негізінде құрылады және дамиды.

Неке ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалары және басқа да жанұя мүшелері арасындағы отбасылық құқықтық қарым-қатынастарды туғыза-тын негіз болып табылатындықтан, отбасы құқығының маңызды заңдық фактілерінің бірі болып табылады.

Отбасылық құқықтық қарым-қатынастардың арнайы ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- а) отбасылық құқықтың субъектілері заңмен анықталған адамдар (ерлі-зайыптылар, ата-аналар, асырап алушылар);
- ә) отбасы құқығы субъектілерінің құқықтары мен міндеттерінің басқаға берілмеуі және бөлінбеуі;
- б) отбасылық-құқықтық қатынастар ақысыз болып табылады;
- в) жеке қарым-қатынастардан мүліктік қарым-қатынастардың туындауы.

Қазіргі кезде отбасылық қарым-қатынастарға мемлекеттік-заңдық әсер ету мен әдістерінің көптеген түрлері бар. Осы әсер етулердің ерекшелігі диспозитивті және императивті әдістердің жиынтығы болып табылады.

Әдістері:

I. Отбасылық-құқықтық реттеудің диспозитивтілігі, отбасы құқығының отбасылық қарым-қатынастар саласындағы отбасылық-құқықтық қатынас-тар субъектілеріне олардың қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру үшін құқықтық құралдармен қамтамасыз етуі.

II. Отбасылық-құқықтық реттеудің императивтілігі дегеніміз отбасы құ-қығының басым көпшілік нормаларының тараптардың келісімі арқылы өз-гертуге келмейтін, қатаңдыған айтамыз. Отбасылық қатынастарға мемле-кеттік-құқықтық әсер етудің әдістері мен тәсілдерінің императивтілігі тый-ымдарда көрініс табады.

Тыйым салулар — мемлекет қолдамайтын, қажет емес іс-әрекеттерді болдырмау үшін қажет. Отбасылық-құқықтық тыйымдарды тікелей және жанама деп бөлуге болады.

Ашық түрдегі тыйым тікелей больш табылады. Мысалы, ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 11-бабына сәйкес мынадай жағдайларда некеге тұруға болмайды:

- екі адамның біреуінің басқа некеде тіркелген жағдайда; ата-аналары бір, тікелей туысқандық қатыстағы (ата-аналар мен балалары, атасы, әжесі және немерелері), толыққанды немесе жартылай толыққанды ағайындылар және сіңілілер арасында; асырап алушылар және асырандылар арасында;
- екеуінің біреуі — есі дұрыс емес немесе психикалық аурудың әсерінен әрекетке қабілетсіз деп танылған болса.

Көп жағдайларда отбасы құқығының нормалары жанама тыйымдардан тұрады.

Жанама тыйымдар түрінде қандайда бір іс-әрекеттерді іске асырмау туралы қорытындыға келу түрін де жатқызуға болады. Мысалы, заңнамаға байланысты, некеге 18 жастан бастап тұруға болады, ал кейбір жағдайларда 16 жаста да некеге тұруға болады.

III. Келесі әдіс — рұқсат ету. Рұқсат ету белсенді іс-әрекеттерге міндеттейді. Мысалы, егер ата-аналары өзара некеде тұрмаған болса, некеге тұратын ерлі-зайыптылар некелік шартқа тұруға болады, баланың әкесі туралы жазылады, әкесі мен анасының бірге өтініш беруі бойынша немесе баланың әкесінің өтініші бойынша іске асырылады.

IV. Отбасылық құқықтық қатынастарға мемлекеттік-құқықтық әсер етудің әдістерінің бірі — ұйғарым. Ұйғарым — белгілі бір іс әрекеттерді іске асыруды міндеттейтін әдістер. Мысалы, сот 3 күн ішінде азаматтық жағдайларға актілер ата-аналық құқықтан айыру шешімінің көшірмесін жіберу керек.

Отбасы құқығы мемлекеттік-заңдық реттеу әдістері мен түрлері өзара қарым-қатынасқа әртүрлілігімен ажыратылады. Бұл отбасылық құқықтық қарым-қатынастың субъектілерін қорғауда анағұрлым жеңілдірек болуды қамтамасыз етеді.

Отбасы құқығының қағидалары:

- некелік одақтың еріктілік қағидасы;
 - отбасындағы ерлі-зайыптылардың құқықтарының тендігі қағидасы;
 - отбасы істеріне араласуға жол бермеу қағидасы;
 - ішкі отбасылық сұрақтарды өзара келісім арқылы шешу қағидасы;
 - балаларды отбасында тәрбиелеу басымдығы қағидасы;
 - отбасының кәмелетке толмаған және жұмысқа жарамсыз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидасы;
 - отбасы мүшелерінің өздерінің құқықтарын жүзеге асырып, оларды қорғауды бөгетсіз қамтамасыз ету қағидасы;
- отбасы мүшелерін салауатты өмір салтына ынталандыру қағидасы.

ҚР «Неке және отбасы туралы» заңының 4-бабы бойынша ҚР неке және отбасы туралы заңдары ҚР Конституциясына негізделеді және «Неке және

отбасы туралы» Заңынан, сонымен бірге отбасы құқығының нормалары бар ҚР басқа да нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады деп көрсеткен.

ҚР Конституциясының 27-бабы бойынша неке және отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

ПО-ның қызметкерлерімен отбасы құқығының нормаларын білу, олардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру үшін қажет¹.

ПО алдындағы алдын алу мәселелердің бірі — кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу, өйткені соңғы жылдары кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстардың саны артуда. Жыл сайын өздерінің балаларына жағымсыз әсер ететін бірнеше мыңдаған отбасылар анықталуда.

ПО-ның қызметкерлері жеке тұлғаның дұрыс дамуы үшін, адамгершілігі жоғары адам қалыптастыру үшін, мұндай жағдайларға бөгет жасайтын себептермен күресудің тиімді тәсілдерін іздеу керек.

1.2. Отбасылық-құқықтық қатынастың ұғымы мен мазмұны. Отбасылық-құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі мен тоқтатылуы

Отбасылық-құқықтық қатынастар — бұл отбасы құқығының нормаларымен реттелетін некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе ата-анасыз қалған балалардың басқа да нысандарынан туындайтын қоғамдық қатынастар.

Отбасылық-құқықтық қатынастардың төмендегідей арнайы белгілері бар:

- отбасылық-құқықтық қатынастардың субъективті құрамы заңмен анықталған;
- олар созылмалы сипатта болады;
- отбасылық-құқықтық қатынастар ақысыз негізде болады;
- олар арнайы заңдық деректердің негізінде пайда болады;
- отбасылық-құқықтық қатынастар әкімшілік қатынастармен байланысты болып отырады.

Енді отбасылық-құқықтық қатынастардың осы белгілерін қарастырамыз:

- отбасылық-құқықтық қатынастардың субъектілері: ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, ата-аналар, бала асырап алушылар, балалар, туған ағалар мен қарындастар, аталар мен әжелер, немере-

¹ **Каримова А. М.** Основные положения семейного права. — Уфа, 1992.

лер, тәрбиешілер және тәрбиеленушілер, өгей балалар, өгей ата-аналар, қорғаншылар және қамқоршылар;

- бұл тізім қатаң емес, өйткені отбасы құқығында заң және құқық ұқсастығы қолданылады. Ал өмір отбасылық-құқықтық қатынастардың жаңа нысандарын тудырады, мысалы, отбасы құқығында салыстырмалы түрдегі бір жаңа құбылыс — асырап алушы ата-аналар, яғни баланы өз қалауларымен асырауға алушылар. Осыған байланысты отбасы құқығында қамқоршы және қорғаншы органдардың рөлі өзгереді. Егер бұрынғы кезде отбасы құқығы бойынша әдебиеттерде отбасылық қатынастарға тек тұлға түсе алады десе, қазірде қамқоршы және қорғаншы органдар баланы белгілі бір отбасына беруде шарттық тараптарының бірі болып табылады. Бұл қамқоршы және қорғаншы органдарды отбасы құқығының субъектісі деп тануға негіз болып табылады.

Отбасылық-құқықтық қатынастардың созылмалы мерзімдік сипаты олардың әлеуметтік маңыздылығымен түсіндіріледі. Егер азаматтық құқықта мерзімі сағаттармен немесе минуттармен есептелетін болса (тасымалдау шарты, ақылы көмек көрсету шарты, ал көптеген жағдайларда отбасылық-құқықтық қатынастарда) мерзімдердің белгілі бір шекралары жоқ.

Отбасылық мүліктік құқықтық қатынастар ақысыз материалдық көмек болып есептеледі және қолдауды қажет ететін отбасы мүшелерінің және басқа да туысқандарды қосып қарастырады, сонымен қатар асырауды ақысыз ұсыну заңмен белгіленген міндеттерді орындау болып есептеледі. Заңда көрсетілген балалардың өздерінің еңбекке қабілетсіз, көмекші қажет ететін ата-аналарын асырау, алименттік міндеттемелерді өзара ақылы деп қарастыруға негіз болмайды. («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 131, 132-баптар.).

Отбасылық-құқықтық қатынастар заңда белгіленген арнайы заңдық фактілердің негізінде пайда болады, өзгереді немесе тоқтатылады. Дүние кең, бала асырап алу, некені тіркеу және бұзу және т. б. Бірақ көптеген жағдайларда құқықтық салдар туындау үшін деректі құрам қажет (заңды деректердің жиынтығы). Мысалы, баланы асырап алу үшін, асырап алушы мен оның жұбайының ерік білдіруі, баланың ата-аналары мен олардың міндеттерін атқарушы адамдардың келісімі, 10 жасқа толған баланың келісімі, бала асырап алу туралы сот шешімі қажет. Отбасы құқығында заңдық деректер жай-мүліктер. Олар ұзақ мерзімді сипаттағы оқиғаларды білдіреді. Туыстық, ерлі-зайыпты болу, кәмелетке толмағандар, жүктілік, қажеттілік.

Отбасы құқығында мемлекеттік органдардың әкімшілік-құқықтық актілері құқықтық салдар тудыратын заңдық фактілер болып табылады; Неке-ні, баланы туылуын, бала асырап алуды тіркеу. Мемлекеттік органдар мұн-

дай жағдайларда әкімшілік қатынастардың субъектілері болып табылады, отбасы құқығының субъектісі бола алмайды.

Отбасылық-құқықтық қатынастардың субъектілері — бұл субъективті отбасылық-құқықтар мен міндеттерге ие отбасылық-құқықтық қатынастардың қатысушылары. Отбасылық-құқықтық қатынастардың әрбір субъектісі отбасылық құқық қабілеттілікке ие, сонымен қатар әрекетке қабілеттіліктің болуы отбасылық құқықтық қатынасқа түсудің қажетті шарты болып әрқашан табыла бермейді. Отбасылық құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттіліктің ерекшеліктері туралы келесі сұрақта қарастырамыз.

Отбасылық-құқықтық қатынастардың объектілері болып әрекет және мүлік табылады. Отбасылық қатынастардың ең көп таралған объектісі — адамдардың сапалы іс-әрекетінің нәтижесі ретіндегі әрекет.

Әрекетті объективті көрініс беруіне байланысты 2 топқа бөлуге болады:

- жағымды — ерлі-зайыптылармен тегін жұмысын, жүріп-тұруы мен тұрғылықты мекен-жайын таңдауын, балалар мен отбасының басқа мүшелерін асырауға қаражат бөлу және т. б.;
- өзін-өзі ұстау нысанында — ата-аналар балалардың физикалық және психикалық денсаулығына зиян келтіретін әрекеттер жасауға болмайды, бала асырап алу құпиясы. Белгілі адамдар оны сақтауға міндетті. Жоғарыда келтірілген мысалдар бойынша әрекет-жеке және мүліктік қатынастардың, сонымен қатар қатысты немесе шексіз отбасылық-құқықтық қатынастардың объектісі болып табылады.

Мүлік — мүліктік отбасылық-құқықтық қатынастардың объектісі болып табылады. Заң әдебиеттерінде отбасылық қатынастардың екінші топтағы объектісі ретінде затты бөліп қарастыратын пікірлер кездеседі.

Азаматтық құқықта және отбасы құқығында мүлік түсінігінің құқықтық анықтамасы жоқ.

Азаматтық құқықта «мүлік» термині 3 мағынада қолданылады:

- зат немесе белгілі бір заттардың жиынтығы ретінде;
- белгілі бір жеке тұлғаның мүліктік құқықтарының жиынтығы ретінде;
- белгілі бір жеке тұлғаның мүліктік құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы ретінде.

Әрбір жеке жағдайда «мүлік» түсінігі нақты құқықтық қатынастардың мазмұнымен және қолданылуға тиісті құқық нормасымен анықталады.

Отбасылық-құқықтық қатынастардың мазмұны — бұл олардың қатысушыларының субъективтік құқықтары мен міндеттері.

Субъективті құқық — бұл өкілетті адамның мүмкін болатын іс-әрекетінің заңды қамтамасыз етілген шарасы, сонымен қатар басқа тұлғалардан тиісті іс-әрекетті талап ету мүмкіндігі.

Субъективті міндет — белгілі бір іс-әрекетті жасаудан бас тартуды қажет ететін міндетті адамның тиісті іс-әрекетінің заңды шарасы.

Яғни, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікке өзара келісімдері бойынша ие болу, пайдалану және билік ету үшін субъективті құқықтары болады. Олардың сонымен қатар барлығынан және әрбірінен көрсетілген құқықтарды бұзудан бас тартуын талап ете алады².

Отбасылық-құқықтық қатынастардың түрлері. Отбасылық-құқықтық қатынастарды классификациялау олардың мазмұнының күрделі болуына байланысты белгілі бір қиындықтар туғызады. Мысалы, некелік құқықтық қатынастардың құрамына ерлі-зайыптылардың жеке құқықтары мен міндеттері, олардың ортақ бірлескен мүлік және өзара материалдық қамтамасыз ету бойынша құқықтары мен міндеттері кіреді. Осыған байланысты некелік құқықтық қатынастар жеке құқықтық қатынас болып табыла ма, әлде бірнеше құқықтық қатынастардың жиынтығы болып табыла ма деген сұрақ туындайды.

Е. М. Ворожейкиннің ұсынысы бойынша отбасылық-құқықтық қатынастардың көпшілігін күрделі, құрама және өздерінің ішінде бір сипаттағы әртүрлі құқықтық құбылыстардан тұрады деп қарастыру керек.

Отбасылық-құқықтық қатынастарды әртүрлі негіздер бойынша болуге болады:

мазмұны бойынша;

- субъективті құрамы бойынша;
- субъективті құқықтарын қорғау сипаты бойынша.

Мазмұны бойынша отбасылық-құқықтық қатынастар жеке мүліктік емес және мүліктік болып бөлінеді. Мұндай жіктеу мүліктік құқықтар мен міндеттердің белгілі бір экономикалық мазмұнына байланысты. Жеке құқықтар мен міндеттерде мұндай мазмұн жоқ, себебі олар материалдық емес, жеке тұлғадан бөліп қарастыруға келмейтін игіліктерден тұрады.

Субъектілі құрамы бойынша отбасылық құқықтық қатынастарды келесідей бөлуге болады:

- ерлі-зайыптылардың құқықтық қатынастары;
- бұрынғы ерлі-зайыптылар арасындағы;
- ата-аналар мен балалар арасындағы, асырап алушылар мен асырап алынғандар арасындағы (ата-аналық құқықтық қатынастар);
- отбасының басқа да мүшелерінің арасындағы; қамқоршылар (қорғаншылар) мен қамқорлығындағы кәмелетке толмағандар арасындағы;
- өгей ата-аналар мен өгей балалар арасындағы;

² Пчелинцева А. М. Семейное право России. — М., 1999.

- өгей ата-аналар және қорғаншы мен қамқоршы органдар арасындағы.

Бұл жіктеулерден басқа профессор В. А. Рясенцев субъективті құқықтарды қорғау сипаты бойынша отбасылық-құқықтық қатынастардың үш тобын бөліп қарастырады:

1. Абсолютті қорғау сипатына қатысты отбасылық-құқықтық қатынастар. Мұндай құқықтық қатынастарда субъективті құқықтар мен міндеттердің иелері нақты анықталған. Құқықтарды жүзеге асыру мемлекеттің қорғауымен қамтамасыз етіледі. Ата-аналардың тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерін таңдауға құқықтары бар, ал егер оларға кімде-кім бөгет жасайтын болса, олар сотқа шағымдануға болады.
2. Кейбір нақты белгілері бар абсолюттік құқықтық қатынастар. Ерлі-зайыптылар ортақ біріккен меншіктегі мүліктің иелері болып табылады, ал меншіктік құқықтық қатынастардың абсолютті сипатта болатыны белгілі, өйткені меншік иесі кез келген тұлғадан өзінің меншікке қатысты құқықтарың жүзеге асыруға бөгет жасамауды талап етуге тиіс. Бірақ ерлі-зайыптылардың өзара құқықтары мен міндеттері бірлескен меншіктің субъектілері ретінде қатыстылық сипатқа ие болады. Сонымен, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы талапты талапкер заңды некеде тұратын нақты бір адамға ғана қоюға болады.
3. Абсолюттік қорғау сипатына ие бола алмайтын отбасылық-құқықтық қатынастар. Бұл өкілетті және міндетті тұлғаларды нақты анықтайған адамның құқығы осы құқықтық қатынастарға қатысатын белгілі бір адаммен ғана бұзылуы мүмкін. Бұған алименттік қатынастарды және ерлі-зайыптылардың арасындағы мүліктік емес жеке қатынастарды жатқызуға болады.

Отбасылық-құқықтық қатынастардың субъектілерінің құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі. Отбасы заңдарында отбасылық құқық қабілеттілік және әрекет қабілеттілік деген анықтамалар жоқ. Осыған байланысты азаматтық заңдарға назар аудару қажеттілігі туындайды, онда ҚР Азаматтық Кодексінің 13-бабының 1-тармағы бойынша азаматтық құқық қабілеттілігі дегеніміз, олардың белгілі бір құқықтарға ие болып, міндеттер жүктелінуі, ал әрекет қабілеттілік — азаматтық құқықтарға ие болып, оларды жүзеге асыруы, өзі үшін азаматтық міндеттерді қалыптастырып, оларды орындауды айтамыз (ҚР АҚ 17-бабының 1-тармағы). Осы айтылғандардың негізінде ұқсастығы бойынша отбасылық құқық қабілеттілікке және әрекет қабілеттілікке түсініктеме беруге болады.

Отбасылық құқық қабілеттілік бұл азаматтың белгілі бір жеке немесе мүліктік құқықтарға ие болып, міндеттер алуы. Отбасылық құқық қабілет-

тілікке отбасылық құқықтық қатынастардың әрбір субъектісі ие. Отбасылық құқық қабілеттілік, азаматтық сияқты дүниеге келгеннен бастап пайда болады. Белгілі бір жасқа жетуіне байланысты оның көлемі ұлғаяды. Мысалы, неке тұру, қамқоршы, қорғаншы, бала асырап алушы болуға тек қана кәмелетке толғаннан кейін ғана жол беріледі.

Сонымен қатар отбасылық құқық қабілеттілікке абстрактілік қасиет тән. Яғни ол заңмен бекітіледі және отбасылық қатынастардың қатысушыларының еркіне, саласына, әрекетіне байланысты емес. Мысалы, 18 жасқа толған әрбір азамат некелік құқық қабілеттілікке ие болады, бірақ бұл азаматтық неке құрғысы келетін келмейтініне тәуелсіз болмайды.

Отбасылық әрекет қабілеттілік — бұл азаматтың өзінің әрекеттерімен отбасылық құқықтарға ие болып, оны жүзеге асыруы, сонымен бірге өзі үшін отбасылық міндеттерді қалыптастырып, оларды орындау.

Әдебиеттерде азаматтық құқықтан айырмашылығы, отбасылық қатынастарды реттеуде әрекет қабілеттілік дара маңызға ие болмайды деген пікір айтылған. Яғни, отбасылық қатынастар субъектісінің жасы ғана ескеріледі.

Ал кейбір ғалымдардың пікірі бойынша отбасылық құқықтар мен міндеттердің басым көпшілігіне ие болу және жүзеге асыру үшін отбасылық қатынастардың қатысушылары әрекет қабілеттілікке ие болуы қажет. Сонымен қатар әрекет қабілеттіліктің болуы барлық отбасылық құқықтық қатынастардың пайда болуының, өзгеруінің, тоқтатылуының алғышарты болып табыла бермейді.

Мысалы, ата-аналық құқықтық қатынастарда балалар отбасылық әрекет қабілетсіз болып табылады, бірақ «Неке және отбасы» Заңының 9-тарауы бойынша жеке құқыққа ие болушылар ретінде қарастырылады.

Отбасы құқығындағы заңдық фактілер. Отбасылық-құқықтық нормалар өз бетімен отбасылық-құқықтық қатынастарды пайда болғыза, өзгерте немесе тоқтата алмайды, бірақ олар жоғарыда аталған салдарларды тудыратын белгілі бір өмірлік жағдайларды көрсетеді. Мұндай жағдайлар құқықтық ғылымда заңдық фактілер деп аталады.

Отбасы құқығындағы заңдық фактілер — бұл әрекет етуші отбасы заңдарына сәйкес отбасылық-құқықтық қатынастар пайда болуға, өзгертуге немесе тоқтатуға негіз болып табылатын нақты өмірлік мән-жайлар. Заңдық фактілердің жалпы белгілері болып мыналар табылады:

- а) заңдық фактілер — бұл нақты өмірлік мән-жайлар;
- ә) заңдық фактілер адам санасына тәуелсіз;
- б) заңдық фактілер белгілі бір салдар тудырады: құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі, тоқтатылуы.

Отбасы құқығындағы заңдық фактілердің арнайы белгілері мыналар.

Олар отбасы заңдарының нормаларымен көзделеді:

1. Отбасы құқығында кейбір жағдайларда белгілі бір құқықтық салдарлар бір ғана заңдық фактімен емес, олардың жиынтығымен байланысты болады:

- а) отбасы құқығында заңдық фактілер ретінде әрекет етеді (туыстық, неке, бала асырап алу, қамқоршылық, қорғаншылық);
- ә) жағдай — созылмалы сипатта болады және бірнеше рет отбасылық құқықтар мен міндеттердің пайда болу, өзгеру, тоқтатылу негіздері ретінде болып келуі мүмкін;
- б) отбасы құқығында заңдық фактілердің бір түрі ретінде мерзімдер қарастырылған.

2. Отбасы құқығында заңдық фактілерді жіктеу әртүрлі негіздер бойынша жүргізіледі:

- еріктілік белгісі бойынша;
- әрекет ету мерзімі бойынша;
- құқықтық салдары бойынша.

Еріктілік белгісі бойынша заңдық фактілер әрекет және оқиға болып бөлінеді.

Әрекет — адамдардың саналы өмірінің нәтижесі болып табылатын нақты өмірлік фактілер.

Олар құқыққа сай және құқыққа сай емес болып екіге бөлінеді. Құқыққа сай әрекеттер де екіге бөлінеді:

- заңдық актілер — белгілі бір отбасы — құқықтық салдарға бағытталған әрекеттерге (неке құру туралы арыз);
- заңдық қылықтар — өзі жасайтын адамның еркінен тыс құқықтық салдар тудыратын әрекеттер (өгей шешенің өгей баланы тәрбиелеуі, оның алимент алу құқығын туғызады).

Оқиғалар — адамдардың еркінен тыс пайда болатын заңдық маңызы бар жағдайлар. Жағдайлар абсолюттік, яғни адамдардың еркіне толық бағынышты емес (зайыбының қайтыс болуы — некелік-құқықтық қатынастардың тоқтатылуына негіз болып табылады), салыстырмалы — бұл адамның еркімен пайда болады, бірақ өзінің дамуында тәуелсіз болады.

Заңдық фактілер мерзімдері бойынша қысқа және ұзақ мерзімді болып бөлінеді:

- қысқа мерзімді заңдық фактілер белгілі бір уақытта тоқтатылады және бір рет қана заңдық салдарлар тудырады (баланың дүниеге келуі, отбасы мүшелерінің біреуінің қайтыс болуы). Қысқа мерзімді заңдық фактілерге оқиғалар да, әрекеттер де жатады;

ұзақмерзімді заңдық фактілер көп уақытқа созылады және әрбір кезең сайын құқықтық салдар тудырады (ерлі-зайыптылық, туыстық, қажеттілік).

Заңдық факті — жағдайлардың отбасы құқығында ең көп таралған түрлері: туыстық және ерлі-зайыптылық болып табылады.

Туыстық — бұл атадан адамның басқа бір адамнан немесе әртүрлі адамдардың ортақ арғы атадан шығуына негізделген адамдардың қан бойынша байланысы.

Туыстық екіге бөлінеді:

тікелей;

жанама.

Тікелей туыстық — бұл бір тұлғаның басқа бір тұлғадан шығуына негізделеді. Тікелей туыстық өспелі немесе кемімелі болуы мүмкін.

Жанама туыстық — әртүрлі тұлғалардың бәріне бір ортақ ата тектен тарауына негізделеді.

Бірге туған аға мен қарындастың ортақ ата тегі болып олардың әкесі немесе шешесі табылады. Егер балалар ортақ ата-анадан туылған болса олар толық туыс, ал егер ата-ананың біреуі ғана ортақ болатын болса, жартылай туыс болып аталады.

Егер балалар ортақ әкеден және әртүрлі анадан, болатын болса, олар бірқанды болып табылады. Ал егер ортақ анадан, бірақ әртүрлі әкелерден туатын болса, онда бір құрсақтан деп аталады.

Отбасы құқығында толық және жартылай туыстық бірдей заңдық мағынаға ие.

Қолданыстағы отбасы заңнамасында туыстықтың дәрежесіне құқықтық мағына береді. Туыстықтың дәрежесі — бұл екі адамның туыстығының пайда болуының алғышарты болып табылатын дүниеге келулерінің саны.

Мысалы, ата мен немере туыстықтың екінші дәрежесінде тұрады, өйткені олардың арасында туыстықтың пайда болуы үшін атаның дүниеге келуінен бөлек екі адамның дүниеге келуі қажет: немересінің анасының дүниеге келуі (атасының қызының) және немересінің өзінің дүниеге келуі.

Отбасы құқығында заңдық мағынаға тек жақын туыстық қана, заңда көзделген тәртіппен ие болады.

Жекжаттық қарым-қатынастар — туысқандардың біреуінің некелік одағынан туындайтын адамдар арасындағы қатынастар; ерінің-зайыбының туысқандарымен арасындағы қатынастар; ерлі-зайыптылардың туысқандарының арасындағы қатынастар³.

³ Данилин В. И. Юридические факты в советском семейном праве. — Свердловск, 1989.

Жекжаттық қарым-қатынастардың қасиеттері:

- некеден туындайды;
- қандық жақындыққа негізделмеген;
- неке тіркеу кезінде ерінің және (немесе) әйелінің тірі туысқандарының болуынан пайда болады.

Жекжаттар: қайын ата (қайын ене) — күйеуінің (әйелінің) әкесі (шешесі); күйеу бала — қызының немесе қарындасының ері; келін — баласының әйелі; өгей шеше — әкенің алдыңғы некеден туған балаларына қатысты әйелі болып табылады.

Өгей әке-шешенің алдыңғы некеден туған балаларына қатысты күйеуі; өгей ұл (қыз) — ерлі-зайыптылардың алдыңғы некеден туған балаларының ұлдарға қатыстылығы; қайын апа — күйеуінің апасы, балдыз — әйелінің бауыры; бажа — қайын апаның күйеуі (еріне қатысты).

Отбасы құқығында өгей әке-шеше мен өгей балалардың арасындағы туыстық қатынастар ғана реттелген. Бұл өгей ата-ананың өздерінің өгей балаларынан өтемақы алуға болатын негіздердің бірі болып табылады (Неке және отбасы туралы Заңының 141-бабы).

Ері мен әйелі, ереже бойынша туысқан болып табылмайды. Олар некелік құқықтық қатынастарда тұрады, бұл терминологиялық мағынасы бойынша ерлі-зайыптылық құқықтық қатынастарға тең. Бірақ жақын туыс емес адамдардың арасында неке қиылуы мүмкін. Неке және отбасы туралы Заңының 11-бабы бойынша жақын туысқандардың арасында неке қиюға тыйым салынған, олар ата-аналар мен балалардың, ата (әже) мен немерелердің, толық немесе жартылай қандас ағалар мен қарындастардың арасында тыйым салынады. Бұл тізім бойынша үшінші және одан да жоғары дәрежедегі жанама туыстық неке қию үшін бөгет болып табылмайды. Жоғарыда атап өткендей, мұндай туыстықтың отбасы құқығында құқықтық мағынасы болмайды.

Құқықтың салдары бойынша заңдық деректер отбасы құқығында бес түрге бөлінеді: құқық қалыптастырушы, құқық өзгертуші, құқық тоқтатушы, құқыққа бөгет жасаушы, құқықты қалпына келтіруші.

Құқық қалыптастырушы — бұл өзімен бірге отбасылық құқықтық қатынастар тудыратын заңдық деректер (баланың дүниеге келуі, неке қию, әке-лікті анықтау).

Құқық өзгертуші — бұл әрекет етуші отбасы заңнамасының нормалары отбасылық құқықтық қатынастармен байланысатын заңдық деректер (неке шарты бойынша ерлі-зайыптылар «Неке және отбасы туралы» Заңның 40-бабына сәйкес мүліктің заңмен белгіленген бірлескен меншіктік режимін өзгертуі мүмкін.)

Құқық тоқтатушы — бұл отбасылық-құқықтық қатынастардың тоқтатылуына әкеліп соқтыратын заңдық деректер (ерлі-зайыптыларды біреуінің қайтыс болуы немесе біреуін өлді деп жариялау ерлі-зайыптылық құқықтық қатынастардың тоқтатылуына әкеліп соғады).

Құқыққа бөгет жасаушы — бұл құқықтық қатынасқа қатысушылардың еріктерінің бір-біріне бөгет жасауы («Неке және отбасы туралы» Заңның 15-бабының 2-тармағы бойынша). Мысалы, ері зайыбының келісімінсіз жүктілік кезінде немесе бала дүниеге келгеннен кейін бір жылдың ішінде АХАЖ органдарында немесе сотта неке қию туралы іс қозғай алмайды.

Құқықты қалпына келтіруші — отбасылық-құқық қалыптастырушылардың субъектілерінің бұрын жоғалтқан құқықтары мен міндеттерін қалпына келтіруші заңдық деректер.

Отбасылық-құқықтық қатынастардың көпшілік созылмалы және мерзімдері бойынша нақты емес болып келеді. Сонымен бірге кейде отбасы құқығы жекелеген субъективті құқықтар мен міндеттердің пайда болуын, өзгеруін, тоқтатылуын белгілі бір уақыттың сәттері мен аралықтарына тәуелді етеді.

Мерзімнің анықтамасын ҚР АҚ 172-бабы бойынша қалыптастыруға болады.

Мерзім — бұл белгілі бір құқықтық салдардың пайда болуы мен өтіп кетуіне байланысты сәт немесе уақыт аралығы.

Бұл анықтамадан, мерзім өзінің құқықтық табиғаты бойынша заңдық дерек болып табылатынын көрсетуге болады. Ал мерзім — объективті санат, яғни адамдардың еркі мен санасына тәуелсіз, сондықтан мерзім — оқиға болып табылады. Отбасы заңнамасында, азаматтық құқықпен салыстырғанда мерзім жеке институт ретінде жоқ. Мерзімдер туралы ережелер отбасылық қатынастарды реттейтін заңдардың баптарында қамтылған.

Сонымен қатар «Неке және отбасы туралы» Заңның 8-бабында отбасы қатынастарға талаптық ескіру мерзімін қолдану атап өтілген.

Отбасы құқығы ғылымында мерзімдерді жіктеу әртүрлі негіздер бойынша жүргізіледі.

В. А. Рясенцев мерзімдерді келесі түрлерге бөледі:

- мүліктік отбасы құқықтарының өмір сүру мерзімдері (алдын алу мерзімдері); сондықтан кәмелетке толмаған балалардың алиментке деген құқығы олардың он сегіз жасқа толуына дейін сақталады; күту мерзімдері (сынақ мерзімдері) — жекелеген отбасылық-құқықтық актілер жасау үшін кейбір мерзімдердің өтіп кетуі қажет. Мысалы, «Неке және отбасы туралы» Заңның 13-бабына сәйкес неке қию АХАЖ органдарына өтініш берген күннен бастап бір ай өткеннен кейін жүзеге асырылады;

- белгілі бір құқықтар мен міндеттердің пайда болуы белгілі бір мерзімнің өтуін қажет етеді; «Неке және отбасы туралы» Заңның 108-бабы бойынша қамқоршы және қорғаншы болып тек әрекет қабілетті кәмелетке толған адамдар ғана табылады.

Тұлғамен отбасылық-құқықтық міндеттерді орындаудың минималдық мерзімдері; егер өгей ата-ана тиісінше өздерінің өгей балаларына қатысты құқықтар мен міндеттерді 5 жылдан кем емес мерзімде орындаған жағдайда, олар сәйкесінше өгей балаларынан алимент алу құқығына ие болады («Неке және отбасы туралы» Заңның 141-бабының 2-тармағы).

Азаматтар мен мемлекеттік органдар мен міндетте іс-әрекеттер жасау үшін орнатылған мерзімдер; «Неке және отбасы туралы» Заңның 22-бабы бойынша сот некені бұзу туралы шешім заңды күшіне енгеннен кейін үш күннің ішінде некені қиған мемлекеттік тіркеу орны бойынша АХАЖ органдарына шешімнің көшірмесін жіберуге міндетті.

А. М. Нечаева барлық отбасылық-құқықтық мерзімдерді екі топқа бөледі.

Біріншісі-құқықтар мен міндеттердің өмір сүру мерзімдері, екіншісі — рұқсат етуші, тыйым салушы және міндеттеуші мерзімдер.

Бірінші топқа мысалы, «Неке және отбасы туралы» Заңның 150-бабында көзделген алименттік құқықтар мен міндеттердің өмір сүру мерзімдері жатады.

Ал рұқсат беруші мерзімдерді А. М. Нечаева былай бөледі:

- айлық мерзім, яғни «Неке және отбасы туралы» Заңның 13-бабы бойынша АХАЖ органдарына өтініш бергеннен кейін бұл мерзім өткеннен кейін ғана неке тіркеледі;
- үш айлық мерзім, яғни «Неке және отбасы туралы» Заңның 19-бабы бойынша ерлі-зайыптылардың біреуінің келісімі болмаған жағдайда сотқа некені бұзу туралы өтініш берген сәттен басталатын мерзім.

Тыйым салушы мерзімдер. Жылдық мерзім, яғни бала дүниеге келгеннен кейін бұл мерзім ішінде некені бұзу туралы істі қозғауға баланың анасының келісімінсіз жол берілмейді («Неке және отбасы туралы» Заңның 15-бабы).

Алты айлық мерзім, яғни ата-аналық құқықтардан айырғаннан кейін бұл мерзім өтпей бала асырап алуға жол берілмейді («Неке және отбасы туралы» Заңындағы 69-бабының 7-тармағы).

Міндеттеуші мерзімдер: жеті күндік мерзім, қамқоршы және қорғаншы орган баланың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда оны ата-анасынан алып қойғаннан кейін осы мерзім ішінде сотқа ата-аналық құқықтарынан айыру немесе шектеу туралы талап етуге міндетті («Неке және отбасы туралы» Заңның 74-бабы).

Отбасы құқығындағы мерзімдерді оны бекітушіге байланысты жіктеуге болады:

- заңмен көзделген мерзімдер — жоғарыда келтірілген жіктеулердегі мерзімдер;
- сотпен бекітілген мерзімдер;
- отбасылық-құқықтық қатынастардың қатысушыларының бекіткен мерзімдері.

Мұндай мерзімдерді бөліп қарастыру ҚР-ның «Неке және отбасы туралы» Заңында неке шартын, алимент төлеу бойынша келісімді және баланы отбасыға тәрбиелеуге беру шартын бекіткеннен кейін мүмкін болады. «Неке және отбасы туралы» Заңның 40-бабы 2-тармағында неке шартында көрсетілген құқықтар мен міндеттер нақты мерзімдермен шектелуі мүмкін. «Неке және отбасы туралы» Заңның 143-бабына сәйкес алимент төлеу туралы келісімде төлемнің мерзімін анықтайды. Бала патронаттық тәрбиелеушіге шартта көрсетілген мерзімге тәрбиелеуге беріледі («Неке және отбасы туралы» Заңның 120-бабы 1-тармағы).

Отбасы заңдылығында мерзімдерді анықтаудың тәртібі анықталмаған. Бұл жағдайда ҚРАК 172-бабының қосымша қолданылуы мүмкін. Онда мерзімдер күнтізбелік мерзіммен, уақыттың кезеңінің аяқталуымен, оқиғаға байланысты анықталуы мүмкін.

Мерзімдердің күнтізбелік күн бойынша есептеліну тәртібі келісім арқылы анықталады (мысалы, тараптар өздерінің келісімі бойынша алиментті төлеу күнін анықтай алады).

Талаптың ескіру мерзімі институты:

- отбасылық қатынастардың қатысушыларының өзара қарым-қатынастарын тұрақтандырады;
 - қарым-қатынастардағы белгісіздікті сотта нақтылау жолымен жою;
 - отбасылық құқықтар мен міндеттерді тиісінше жүзеге асыруға жағдай жасау;
- отбасылық-құқықтық даулар бойынша сотқа объективті дәлелдемелерді жинауды және сотқа беру де қамтамасыз ету;
- іс бойынша объективті ақиқатты орнатуды жеңілдетеді;
- іс бойынша дұрыс шешім шығаруға әрекет етеді.

«Неке және отбасы туралы» Заңы 8-бабының 2-тармағына сәйкес отбасылық- құқықтық қатынастарға талаптық ескіру мерзімі ҚР АҚ 177, 179, 180, 182-185-баптары бойынша жүзеге асырылады. Бұл ережелердің мәнін былай анықтауға болады:

- талаптың ескіру мерзімдерін және оларды есептеу тәртібін тараптардың келісімі бойынша өзгертуге болмайды;

- бұзылған құқықтарды қорғау туралы талаптар сотпен талаптың ескіру мерзімінің өтіп кетуіне тәуелсіз қарастырылады;
- сот талаптың ескіруін даудағы тараптардың өтініші бойынша қолданылады.

Талаптың ескіру мерзімінің басталуы, 25 тұлға өзінің бұзылған құқықтары туралы білген күннен бастап жүзеге асырылады; егер талаптың ескіру мерзімі «Неке және отбасы туралы» Заңның нормаларында белгіленген болса, оның басталуы бапта көрсетілген уақыттан басталады.

Талаптың ескіруінің тоқтатылуы, үзілуі және қалпына келуінің негіздері ҚР АҚ 182, 183, 185-баптарында көзделген.

ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңы мен талаптың ескіруінің келесідей мерзімдері анықталған:

- 1) жоғарыда көрсетілген Заңның 33-бабының 3-тармағы бойынша бір жыл;
- 2) заңның 36-бабының 6-тармағы бойынша үш жыл болып табылады.

2-ТАҚЫРЫП. НЕКЕНІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

2.1. Некеге тұру тәртібі мен шарттары. Бас бостандығынан айырылған немесе бас бостандығы шектелген адаммен некеге тұрудың шарттары мен тәртібі

Некенің құқықтық табиғатын түсіндіретін бірнеше құқықтық теориялар бар. Бұл теориялардың барлығын жалпы некені шарт ретінде, қасиетті одақ және ерекше институт ретінде қарастыру бойынша бөлуге болады. Некені шарт ретінде қарастыратын теория Ежелгі Римнен бастау алады.

Рим құқығының кезеңінде некеге тұрудың негізгі түрі жай азаматтық мәміле ретінде болған. Бұндай пікірлер Римде құқықтық реттеуге некелік қарым-қатынастардың белгілі бір топтары ғана тиісті болғанымен байланысты, олардың цивилистикалық, адамгершілік жақтары әділетті түрде құқықтық реттеуден тыс болады.

Одан әрі Канондық нормалар неке институтына құпиялық, қасиеттілік сипат беріп, оның рухани жағын атап өтеді.

Некенің классикалық Канондық түсінігі деп, әйел мен еркектің толық қарым-қатынасын, яғни физикалық, адамгершілік, экономикалық, заңдық, діни қарым-қатынастарын айтамыз⁴. Отбасы қатынастары діни нормаларымен реттелген кезеңде жоғарыдағы пікірді ақтауға болатын еді, бірақ канондық нормалардың орнына зайырлық тұжырымдардың келуі, жағдайды өзгертіп жіберді. Зайырлылық құқықтың діннен айырмашылығы, оның рухани, этикалық қатынастарды реттей алмайтынында.

Некені шартты түрде әртүрлі қарым-қатынастарға бөлуге болады: рухани, физикалық және материалдық. Некенің рухани және физикалық элементтері құқықпен реттелмейді, бұнымен барлық қазіргі және төңкеріске дейінгі ғалымдар келіседі. Бірақ некелік одақты қалыптастыратын мұндай қатынастарды бөлу бастапқы кезінен таныла кеткен жоқ.

И. Канттың «Метафизика нравов» деген еңбегінде, неке екі адамның бостандықтары мен қасиеттерін сақтай отырып қосылуы делінген. Сонымен қатар Кант, некені шарт деп қарастыратын көзқараспен келіспеді. Өйткені шарт белгілі бір мақсатқа жеткеннен кейін тоқтатылады, ал неке адамның өмірін қамтиды, тек қана адам қайтыс болған жағдайда ғана тоқтатылады.

⁴ Загоровский К. А. Курс семейного права. — Одесса, 1992. 5-б.

Қазіргі қоғамда неке туралы біртұтас ұғым қалыптастыру қиын. Сондықтан құқық, рухани нормаларға негізделе отырып, некелік қатынастардың, біріншіден, құқықтық реттеуге болатын, екіншіден, оны қажет ететін бөлігін қамтуы қажет.

Неке концепциясы ерекше институт ретінде ертеден қалыптасқан қатынастарда жақтастары некелік құқықтық қатынастарды шарттардың кейбір элементтері барлығын таниды, бірақ оны шарттық деп қарастырудан бас тартады.

К. А. Загоровскийдің пікірінше, неке шығу тегі бойынша шарттық келісімге келу, бірақ мазмұны мен тоқтатылуы бойынша шарт, табиғатынан бөлек, өйткені некенің мазмұны мен оны бұзу ерлі-зайыптылардың еркінен тыс. Сондықтан неке институтын шарттық құқық емес ерекше институт деп қарастырған жөн⁵. Г. Ф. Шершеневич И. Канттың пікіріне қосылады, яғни ол некелік құқықтық қатынастарды тудыратын заңдық деректі шарт деп таниды да, оның негізінде пайда болатын қатынастарды ерекше институт деп қарастырады.

Қазіргі кезде ғалымдардың көпшілігі неке қию туралы келісімді азаматтық шарт деп танудан бас тартады. Олардың негізгі дәлелдемелері: біріншіден, некеге отырудың мақсаты — некелік қатынастардың пайда болуы ғана емес, сонымен қатар махаббат, құрметке негізделген одақ құру болып табылады. Ал екіншіден, ерлі-зайыптылар неке қия отырып, өздері үшін некелік құқықтық қатынастардың мазмұнын, құқықтар мен міндеттерін анықтай алмайды, өйткені бұлар заңның императивті нормаларымен анықталған және шарттық құқықтық қатынастарға тән емес.

Қазіргі отбасы заңнамасы тек қана тіркелген некеге заңдық мағына береді. Ал тіркелмеген неке ешқандай құқықтық салдар туындатпайды.

Діни ғұрып немесе белгілі бір халықтың дәстүрі бойынша тіркелген некенің құқықтық мәні болмайды. Ал некені діни ғұрып бойынша мемлекеттік тіркеуге дейін немесе кейін қиюға болады.

Некеге тұру тәртібі «Неке және отбасы туралы» Заңының 13-бабымен реттеледі. Неке — некеге тұратын адамдардың тікелей қатысуымен мемлекеттік азаматтық хал актілерін жазу органдарында қиылады. Сонымен қатар некеге тұруға ниет білдірген адамдардың біреуі азаматтық хал актілерін жазу органына келе алмайтын ерекше жағдайларда мұндай адамның тұратын жері бойынша қиылуы мүмкін. Неке қию кезінде өкіл жіберуге жол берілмейді.

Некені қию, некеге тұруға тілек білдірушілер АХАЖ органына арыз берген күннен бастап бір ай мерзім өткен соң жүргізіледі.

⁵ *Загоровский К. А.* Көрсет. еңбек. 5-б.

Дәлелді себептер болған жағдайда неке қиюды мемлекеттік тіркеу орны бойынша АХАЖ органы бір ай өткенге дейін, сондай-ақ осы мерзімді ұзартуға, бірақ бір айдан аспайтын мерзімге ұзартуға рұқсат етуі мүмкін.

Ерекше мән — жайлар болған кезде (жүктілік, бала тууы, бір тараптың өміріне тікелей қауіп төнуі және басқа ерекше мән-жайлар) неке өтініш берілген күні қиылуы мүмкін.

Некеге тұрудың шарттары — бұл неке тіркелуі тиіс және жарамды деп тануға болатын жағдайлары.

Неке құру шарттары: некеге тұрушылардың өзара келісімі және олардың неке жасына жетуі.

Тиісті Заңның 10-бабы бойынша неке жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді.

Дәлелді себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орны бойынша АХАЖ органдары неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін.

Неке жасын төмендету туралы өтінішті некеге тұруға тілек білдірушілер немесе олардың ата-аналары, не қорғаншылары (қамқоршылары) белгіленген неке жасын төмендету қажеттігін туғызатын себептерді көрсете отырып қозғай алады. Барлық жағдайларда неке жасын төмендетуге тек некеге тұрушылардың келісімімен ғана жол беріледі. Неке жасына толмаған адамдар арасындағы некеге ата-аналарының не қорғаншыларының келісімімен ғана рұқсат етіледі.

Сонымен қатар «Неке және отбасы туралы» Заңының 11-бабы бойынша мынадай адамдардың арасында неке қиылуға жол берілмейді:

- біреу болса да басқа тіркелген некеде тұрған адамдардың;
- тікелей ата-тегі бойынша және өзі тарайтын жақын туыстардың (ата-аналар мен балалардың, атасының, әжесінің және немерелерінің), ата-анасы немесе бір және ата-анасы бөлек әкесі немесе анасы ортақ ағалы-інілер мен апалы-сіңілілердің (аға-қарындасардың);
- асырап алушылар мен асырап алынғандардың;
- біреуінің болса да психикалық ауруының немесе ақыл есі кемдігінің салдарынан сот әрекет қабілетсіз деп таныған адамдардың арасында.

Неке қиюды мемлекеттік тіркеу азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. АХАЖ органдарының некені тіркеуден бас тартуына некеге тұруға тілек білдіруші адамдар не олардың біреуі сотқа шағым жасай алады.

Азаматтық хал актілері туралы жалпы ережелер «Неке және отбасы туралы» Заңның 22-тарауында қарастырылған. Ал некені тіркеу осы Заңның 25-тарауда қарастырған. Яғни некесін тіркегісі келетін адамдар арыз беру-

шінің біреуі тұратын жердегі не өздерінің ата-аналары тұратын жердегі АХАЖ органына арыз береді.

Некеге тұратын адамдар:

- жеке басын куәландыратын құжаттарды;
- белгіленген неке жасын кеміту қажет екенін растайтын, осы Заңның 10-бабында аталған құжаттарды;
- бұрынғы некелері туралы мәліметтерді;
- балалары туралы мәліметтерді көрсетуге міндетті.

ҚР Үкіметінің № 620 22.05.1999 ж. қаулысымен бекітілген «ҚР Азаматтық зал актілерін тіркеу тәртібі туралы Ереже» бойынша (ҚР Үкіметінің № 140 14.12.2005 ж. қаулысымен өзгетулер мен толықтырулар енгізілген) еңбек пен түзеу мекемелерінде жазасын өтеушілердің некесі осы мекеменің тұрған жері бойынша АХАЖ органдарында «Неке және отбасы туралы» Заңның тіркеу бойынша шарттарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

Сотталған адаммен өтініштің тек өзіне қатысты бөлігі ғана толтырылады. Көрсетілген мәліметтердің дұрыстығы және оның қолы еңбек пен түзеу мекемесінің бастығымен тексеріледі және куәландырылады.

Егер сотталған адаммен некеге отырушы өтініш беруде өзі қатыса алмаса, онда поштамен жіберуге болады, бірақ өтініштің бланкісіндегі ол туралы мәліметтер оның тұрғылықты жері бойынша АХАЖ органдарымен тексерілуге және куәландырылуға тиіс.

Сотталған адаммен некені тіркеу некеге қатысушылардың, АХАЖ органдарымен келісе отырып еңбек пен түзеу мекемесінің әкімшілігінің қатысуымен жүргізіледі.

Сотқа дейінгі кесу шарасы ретінде қамауға алынған тұлғалармен некені тіркеу АХАЖ органдарымен тергеу изоляторында жүзеге асырылады.

2.2. Некені жарамсыз деп тану негіздерінің тәртібі мен салдары

Некені жарамсыз деп тану дегеніміз некенің және оның тіркелген сәттен туындаған құқықтық салдарының күшін жою.

Некені жарамсыз деп танудың негіздері. Неке, некеге тұру шарттары болмаған жағдайда жарамсыз деп танылады, яғни ерлі-зайыптылардың ерікті келісімдері және олар неке жасына толған болуы керек. Некені тіркеуге бөгеттердің болуы да оны жарамсыз деп тануға негіз болып табылады. Сонымен қатар мынандай жағдайларда некені жарамсыз деп тануға болады:

- егер некеге тұрушылардың біреуі сол сәтте некеде тұрған болса;

- егер олардың арасында заңмен тыйым салынған дәрежедегі туыстық болатын болса;
- асырап алушылар мен асырап алынғандардың арасындағы неке;
- әрекет қабілетсіз деп танылған адамдармен тіркелген неке.

Сонымен бірге ерлі-зайыптылардың бір-бірінен оларда ВИЧ инфекциясының немесе жұқпалы тері ауруларының бар екендігін жасырулары да некені жарамсыз деп тануға негіз болып табылады. Отбасын құруды көздемейтін неке де, яғни жалған неке жарамсыз деп танылады.

Некені жарамсыз деп тану отбасы заңнамасын бұзғаны үшін санкция болып табылады. Ерлі-зайыптылардың екеуі де немесе олардың бірі кінәлі әрекет жасаған жағдайларда некені жарамсыз деп тануды жауапкершілік шарасы ретінде қарастыруға болады. Бірақ ерлі-зайыптылардың кінәлі болмайтын кездері де болады. Мысалы, ерлі-зайыптылардың бірі зайыбының қайтыс болуына байланысты неке жарамсыз деп санаса, бірақ зайыбы тірі болса, сонымен қатар некеге тұрушылар өздерінің арасындағы жақын туыстықты білмеген болса, бұндай жағдайларда екі жақтың кінәсіз болғанына қарамастан неке жарамсыз деп танылады.

Некені жарамсыз деп танудың кері күші болады, яғни, неке тіркелген сәттен жарамсыз деп танылады. Некені жарамсыз деп тану өзінің құқықтық табиғаты бойынша даулы мәмілені жарамсыз деп тануға ұқсас. Даулы мәміле жасағанда да, некені жарамсыз деп таныған жағдайда да құқықтық қатынастар сотпен шешім шығарылғанға дейін қалыптасады. Бұл сәтке дейін некенің жарамдылық презумпциясы әрекет етеді. М. В. Антокольскаяның пікірі бойынша некені жарамсыз деп жариялау даулы мәмілені жарамсыз деп танудың шарттарының бірі⁶. Бірақ отбасылық-құқықтық әдебиеттерде қалыптасқан басым көзқарастарға сәйкес неке — шарт болып табылмайды, ал некені жарамсыз деп тану туралы нормалар қолданылмайды. Некені жарамсыз деп тануда Азаматтық кодекстің нормалары емес «Неке және отбасы туралы» Заңның 5-тарауы қолданылады. Бірақ мәмілелерді жарамсыз деп танудың барлық негіздерін некеге қатысты да қолдануға болады. Сонымен қатар неке заңнамасында некені жарамсыз деп танудың арнайы негіздері де анықталған, яғни жақын туыстықтың болуы, басқа бұзылмаған некеде тұруы және т. б., ал бұлар азаматтық заңнамада көрсетілмеген. Сондықтан мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы азаматтық заңнаманы және некені жарамсыз деп тану туралы неке заңнамасын, жалпы және арнайы заңнаманың өзара байланысы ретінде қарастыруға болады.

Некені жарамсыз деп тану үшін некеге тұрушылардың еріктерінің маңызы өте зор. Неке заңнамасындағы барлық ерік кемшіліктері, азаматтық

⁶ Антокольская М. В. Семейное право: Учебник. — М.: Юрист, 1996. 126-б.

заңдылықта даулы мәмілелердің жекелеген құрамдарын қалыптастырады және некеге тұруға ерікті келісімнің болмауы ретінде қарастырылады.

Ерікті келісімнің болмауы — күштеу, қорқыту, жаңылыстыру жағдайларында және өзінің әрекеттерінің мағынасын түсіне алмайтын немесе онымен басшылық ете алмайтын жағдайларда болуы мүмкін.

Некеге отыруға ерікті келісімнің болмауының бар жағдайларында некені жарамсыз деп тану бастамасы, ерлі-зайыптылардың келісім беруге құқығы бұзылған жағына беріледі.

Ерлі-зайыптылардың біреуінің неке жасына толмауы, яғни неке жасы кәмелетке толмаған ерлі-зайыптылар үшін заңмен көрсетілген тәртіпте төмендетілмеген жағдайларда, некені жарамсыз деп тануға негіз болып табылады.

Кәмелетке толмағандармен тіркелген некені жарамсыз деп тану, талап ету кезінде кәмелетке толмаған зайыбының жасы келді ме, жоқ па соған байланысты ажыратылады.

«Неке және отбасы туралы» Заңының 25-бабы бойынша некені жарамсыз деп тануды талап етуге құқығы бар адамдар:

- егер неке жасына толмаған адаммен неке қиылса (осы Заңының 10-бабы), кәмелетке толмаған жұбайы, оның ата-анасы, оларды ауыстыратын адамдар; қорғаншы және қамқоршы орган немесе прокурор құқылы;
- егер некеге тұруға ерлі-зайыптылардың бірінің ерікті келісімі болмаған жағдайда мәжбүр ету, алдау, қателесу немесе өзінің жай-күйінің салдарынан некеге тұруды мемлекеттік тіркеу кезінде өзінің әрекеттерінің маңызын түсінбей және өзін-өзі билей алмауы себепті неке қиылған болса, некеге тұру арқылы құқығы бұзылған жұбай, сондай-ақ прокурор;
- некені қиюға кедергі келтіретін, мән-жайлардың бар екенін білмеген жұбай, әрекетке қабілетсіз деп танылған жұбайдың қорғаншысы, оның алдындағы бұзылмаған неке бойынша жұбайы, осы Заңның 11-бабының талаптарын бұза отырып қиылған неке арқылы құқықтары бұзылған басқа да адамдар, сондай-ақ қорғаншы және қамқоршы орган мен прокурор;
- жалған некеге тұру жағдайында прокурор, сондай-ақ некенің жалғандығы туралы білмеген жұбайы;
- осы Заңының 24-бабының 3-тармағында аталған мән-жайлар болған кезде құқығы бұзылған жұбай құқылы.

Неке жасына толмаған адаммен, сондай-ақ сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адаммен қиылған некені жарамсыз деп тану туралы істі қарау кезінде іске қатысуға қорғаншы және қамқоршы орган тартылады.

Некені жарамсыз деп танудан белгілі бір салдар туындайды. «Неке және отбасы туралы» Заңның 27-бабы бойынша некесі жарамсыз деп танылған адамдар бірлесіп сатып алған мүліктің құқықтық режимі ҚР Азаматтық Кодексінің үлестік меншік туралы ережелерімен реттеледі.

Ерлі-зайыптылар жасасқан неке шарты (осы Заңының 28-40-баптары) жарамсыз деп танылады.

Некені жарамсыз деп тану туралы шешім шығарған кезде сот некені жарамсыз деп тану үшін негізгі алынған мән-жайлардан некеге тұру кезінде бейхабар болған жұбайдың (адал ниетті жұбай) екінші жұбайдан осы Заңның 134, 135-баптарында белгіленген ережелерді қолдануға, сондай-ақ неке шартын толық немесе ішінара жарамды деп тануға құқылы.

Адал ниетті жұбай азаматтық заңдарда көзделген ережелер бойынша өзіне келтірілген материалдық және моральдық зиянды өтеуді талап етуге құқылы. Сонымен бір адал ниетті жұбай некені жарамсыз деп таныған кезде өзі неке қиады мемлекеттік тіркеу кезінде таңдаған тегін сақтап қалуға құқылы.

2.3. Некені тоқтату. Бас бостандығынан айыруға сотталған адаммен некені бұзудың ерекшеліктері

Некені тоқтатудың некені жарамсыз деп танудан айырмашылығы, ажырасу кезінде неке кері уақытқа тоқтатылады, ал некені жарамсыз деп танудың кері күші болады және некенің құқықтық салдарын оның тіркелген сәтінен бастап тоқтатады.

Ерлі-зайыптылардың ажырасуы туралы түсінік тарихтың әрбір кезеңінде өзгеріп отырған.

Егер ежелгі Римде ажырасу азаматтық мәміле болып саналса, ортағасырлық Еуропада ажырасуға тыйым салынған және тек шіркеудің шешімі бойынша ғана жол берілген.

Жаңа заңнамадағы ажырасуға талдау жасай отырып, некені тоқтатуға ерлі-зайыптылардың өзара келісімі қажет болып табылады деуге болады.

Некелік қатынастардың негізіндегі шарт жатқандықтан, оның қай уақытта болмасын тараптардың өзара келісімі арқылы тоқтатуға болатынын жоққа шығармау керек. Осыған орай ерлі-зайыптылардың екеуі де ажырасқысы келетін болса, мемлекеттік органдар олардың некені тоқтату туралы келісімдерін тіркеуге тиіс.

АХАЖ органдарында некені бұзу. Азаматтық хал актілерін жазу органдарында некені бұзу кәметке толмаған ортақ балалары жоқ және бір-

біріне мүліктік және өзге де талаптар қоймайтын ерлі-зайыптылардың некені бұзуға өзара келісуі жағдайында жүргізіледі.

«Неке және отбасы туралы» Заңның 16-бабының 2-тармағы бойынша ерлі-зайыптыларға ортақ кәмелетке толмаған балаларының болуына қарамастан, ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша, егер ерлі-зайыптылардың екіншісін:

- сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныса;
- сот әрекетке қабілетсіз деп таныса;
- қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталса, неке азаматтық хал актілерін жазу органдарында бұзылады.

Некенің бұзылуын мемлекеттік тіркеуді азаматтық хал актілерін жазу органы азаматтық зал актілерін мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Сот қайтыс болды деп жариялаған немесе сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныған жұбайы келген және тиісті сот шешімі күшін жойған жағдайда некені ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы қалпына келтірілуі мүмкін. Егер жұбайлардың екіншісі жаңа некеге отырса, некені қалпына келтіруге болмайды. Ал неке кию кезінде тараптарға (немесе тараптардың біреуіне) қайтыс болды немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылған жұбайы тірі екені белгілі болса бұл ереже қолданылмайды.

Некені сот тәртібімен бұзу. Ерлі-зайыптылардың ортақ кәмелетке толмаған балалары болған жағдайда, сонымен қатар ерлі-зайыптылардың біреуінің ажырасуға келісімі болмаған жағдайларда неке сот тәртібімен бұзылады. Бұл екі жағдайдың арасында маңызды айырмашылықтар бар.

Некені ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша бұзу кезінде, яғни, ортақ кәмелетке толмаған балалары бар, сот АХАЖ органдарының рөлін атқарады.

«Неке және отбасы туралы» Заңның 18-бабы бойынша неке мынандай жағдайларда сот тәртібімен бұзылады:

- ерлі-зайыптыларда кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуы;
- ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған кезде;
- егер ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің қарсылығы болмауына қарамастан, некені бұзудан өз әрекеттері не әрекетсіздігі арқылы жалтарса;
- ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік талаптары болған жағдайларда.

Егер сот ерлі-зайыптылардың одан әрі бірлесіп өмір сүруі және отбасын сақтауы мүмкін еместігін анықтаса, неке сот тәртібімен бұзылады. Әрине бұл ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған жағдайға байланысты айтылған жайт. Сонымен қатар Заң бойынша ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған жағдайда, сот ерлі-зайыптыларды татуластыруға шаралар қолдануға және ерлі-зайыптыларға татуласу үшін үш ай көлемінде мерзім тағайындай отырып, істі қарауды кейінге қалдыруға құқылы.

Егер ерлі-зайыптыларды татуластыру жөніндегі шаралар нәтижесіз болып шықса және ерлі-зайыптылар (олардың біреуі) некені бұзуды талап етсе, неке бұзылады.

Кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылардың, сондай-ақ ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңы 18-бабының 3-тармақшасында аталған ерлі-зайыптылардың некені бұзуға өзара келісімі болған жағдайда сот некені айырылысу себептерін анықтамай-ақ бұзады.

Некені сот тәртібімен бұзу ерлі-зайыптылар некені бұзу туралы арыз берген күннен бастап кемінде бір ай өткен соң жүргізіледі. Заң бойынша ерекше жағдайларда сот бұл мерзімді азайтуы мүмкін.

Некені сот тәртібімен бұзу кезінде ерлі-зайыптылар соттың қарауына кәмелетке толмаған балалар өздерінің қайсысымен тұратындығы туралы, балаларды және (немесе) еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайын асырауға қаражат төлеу тәртібі туралы, бұл қаражаттың мөлшері туралы не ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы келісім ұсына алады. Егер ерлі-зайыптылардың арасында бұл аталған мәселелер бойынша келісім болмаса, сондай-ақ ол келісім балалардың немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүдделерін бұзатындығы анықталса, сот:

- неке бұзылғаннан кейін кәмелетке толмаған балалар ата-анасының қайсысымен тұратындығын айқындауға;
 - балаларды асырауға алимент ата-аналардың қайсысынан және қандай мөлшерде өндіріп алынатынын белгілеуге;
- ерлі-зайыптылардың (олардың біреуінің) талап етуі бойынша олардың бірлескен ортақ меншігіндегі мүлікті бөлуді жүргізуге;
- екінші жұбайдан асырауға қаражат алуға құқығы бар жұбайдың талап етуі бойынша осы асырау қаражатының мөлшерін айқындауға міндетті.

Егер мүлікті бөлу үшінші бір адамдардың мүдделерін қозғайтын болса, сол мүлікті бөлу туралы жеке іс жүргізіліп, талапты жеке істе қозғауға құқылы.

Азаматтық хал актілерін жазу органдарында бұзылатын неке азаматтық хал актілерін жазу кітабында некенің бұзылғандығы мемлекеттік тіркелген

күннен бастап, ал неке сотта бұзылған жағдайда соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап тоқтатылады.

Сот некені бұзу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде сот шешімінің көшірмесін шешім шығарылған жердегі, сондай-ақ неке қию мемлекеттік тіркелген жердегі азаматтық хал актілерін жазу органына жолдауға міндетті.

Ерлі-зайыптылардың азаматтық хал актілерін жазу органында некенің бұзылғаны туралы куәлік алғанға дейін жаңадан некеге тұруға құқығы жоқ.

3-ТАҒЫРЫП. ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Ерлі-зайыптылардың жеке құқықтары мен міндеттері

Ерлі-зайыптылар арасындағы жеке қатынастар, мүліктік қатынастармен салыстырғанда ерлі-зайыптылардың өмірінде, сөзсіз үлкен орын алады және маңызды рөл атқарады. Алайда, жоғарыда атап өткендей, ерлі-зайыптылардың барлық мүліктік емес жеке қатынастары құқықпен реттелмейді. Достық, сүйіспеншілік, құрметтеу, бір-біріне деген сенім құқықтық реттеуге жатпайды. Ерлі-зайыптылардың күнделікті өмірінің негізін құрайтын қатынастардың көпшілігі құқықтан тысқары жатады. Сондықтан да құқықпен реттелетін ерлі-зайыптылар қатынастарының ішінде, жеке қатынастар мүліктік қатынастарға қарағанда елеулі түрде аз орын беріледі. Ерлі-зайыптылардың жеке құқықтары мен міндеттеріне арналған «Неке және отбасы туралы» Заңның 6-тарауы бар болғаны үш баптан ғана тұрады, ал ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынасы 14 баппен реттеледі. Алайда, мәселе баптардың санында ғана емес. Тіпті, жеке мүліктік емес құқықтар отбасы құқығы нормаларымен бекітілген жағдайларда да, көптеген жағдайларда, бұл бар болғаны норма-декларациялар ғана, нақты заңдық нормалар емес, өйткені осы құқықтарды бұзғаны үшін санкциялар қолдану мүмкін емес. Ең алдымен, сөз, отбасы өмірі мәселелерін шешу кезіндегі ерлі-зайыптылардың теңдігін бекітетін нормалар туралы болып отыр.

Алайда, норма — декларациялық-құқықтық құндылықтарға ие емес деп санауға болмайды. Біріншіден, құқықтық нормалар қатарына моральдық нормаларды жатқызады, олар мемлекеттің отбасылық-құқықтық саясатын жария етеді, екіншіден, олар сондай-ақ тәрбиелік маңызға ие, белгілі бір мінез-құлық эталонын жасайды.

Ерлі-зайыптылардың жеке қатынасын реттейтін нормаларды шартты түрде үш топқа бөлуге болады. Ерлі-зайыптылардың айналысатын қызметін, мамандығын, тұрғылықты жерін таңдау құқығын бекітетін, құқықтық табиғаты бойынша конституциялық құқық нормалары болып саналатын нормалар бірінші топты құрайды. Санкциялардан айырылған, жоғарыда айтылған норма-декларациялар екінші топқа кіреді. Және үшінші топ қана санкциялармен жабдықталған, кәдімгі отбасылық-құқықтық нормалардан тұрады⁷.

⁷ Антокольская В. М. Көрсет. еңбек.

Бірінші топтағы нормалар тұтастай алғанда, азаматтардың отбасылық-құқықтық мәртебесінің өзгеруі олардың конституциялық құқықтарына әсер етпейтіндік қағидасына негізделеді.

«Неке және отбасы туралы» Заңындағы 29-бабының 2-тармағында ерлі-зайыптылардың қандай кәсіппен айналысатынын, тұрғылықты жерін таңдаудағы еркіндігі атап көрсетіледі. Осы құқықтардың барлығы, конституцияда қандайда бір түрде бекітілген азаматтардың жалпы конституциялық мәртебесінің элементтері болып саналады.

Кәсіп пен қызмет түрін таңдау құқығы ҚР Конституциясы 24-бабының 1-тармағында айқындалған және сондай-ақ азаматтардың отбасылық мәртебесіне қатысты емес.

Тұрғылықты жерін еркін таңдау құқығы ҚР Конституциясының 21-бабының 1-тармағында бекітілген.

Осылай, «Неке және отбасы туралы» Заңының 29-бабының 2-тармағында айтылған барлық құқықтар отбасылық-құқықтық тұрғыда айқындалған конституциялық нормалардың отбасы заңында қайталануы болып қана саналады. Мәселен, тұрғылықты жері мен баратын жерін таңдауға еркіндік құқығы, тұрғылықты жерін ауыстыру кезінде бір-бірінің соңынан келуі немесе ерлі-зайыптылар бірге тұруға міндетті емес дегенді білдіреді.

Аталған қайталау өзін толық ақтаған, соған қарамастан нормалар отбасылық-құқықтық болып қалыптасты деп есептеуге мүмкіндік бермейді.

Барлық елдерде олар, ерінің артықшылық берілген жағдайын және тұрғылықты жерін ауыстыру кезінде ерінің соңынан баруға зайыбының міндетті екенін, жұмысқа тұру, білім алу кезінде оның келісімін алуға міндетті екенін бекітетін, бұрын қолданылып келген ережені өзгертті.

Отбасы құқығы, оларды бұзғаны үшін ерекше отбасылық-құқықтық санкцияларды көздемейді. Көптеген жағдайларда осы құқықтарды бұзу ажырасуға негіз болып қана қызмет етеді. Ерлі-зайыптылар құқығының бұзылуы жеке басына тиісуге байланысты (бостандығынан, еркінен айыру, қауіп төндіру, дене зорлық-зомбылық көрсету) ерекше ахуалдар жағдайында қылмыстық-құқықтық нормалар қолданылуы мүмкін.

Нормалардың екінші тобы «Неке және отбасы туралы» Заңның 29-бабының 3-тармағында бекітілген. Бұл нормалар отбасы өмірінің мәселелерін шешу кезінде: балаларды тәрбиелеу және білім беру, әкелік және аналық проблемаларды шешу кезінде, ерлі-зайыптылардың теңдігін белгілейді.

Ерлі-зайыптылардың осы проблемаларының барлығы, теңдік қағидалары негізінде, бірге шешілуі тиіс.

Аталған ережелерді бұзғаны үшін санкциялар белгілеудің мүмкін еместігін оңай көруге болады. Егер ерлі-зайыптылар бұл мәселелерді бірге және тең құқылы негізде шешпейтін болса, ерлі-зайыптылардың бірі аталған құ-

қықты озбырлықпен басып тастағысы келсе, заң ерлі-зайыптылардың оны бірге шешуін мәжбүрлейтін тәсілді ұсына алмайды. Осы себеп бойынша келіспеушілік отбасының ыдырап, ажырасуына әкелуі мүмкін, алайда оны жүзеге асыруға оларды мәжбүрлеу мүмкін емес.

Алайда осы норма-декларациялардың отбасы заңнамасында, жоғарыда атап өткендей, зор маңызы бар. Ол сондай-ақ ерлер мен әйелдердің конституциялық құқықтарының теңесуі сияқты некедегі ерлі-зайыптылардың тең құқығымен әйелдер теңдігі үшін ұзақ уақыттар бойғы күрестің нәтижесі болып саналады.

Норма-декларациялар оларды сақтамағаны үшін жаза белгілейтін санкциялардан турса да, соған қарамастан тікелей құқықтық әсері болады. Ең алдымен олар балаларға, мүлікке, бала асырап алуға және т. б. қатысты ерлі-зайыптылардың әрқайсысының заңдық актілері теңдей құқықтық маңызға ие екендігін көрсетеді. Кейбір жағдайларда заң қандай да бір акті жасауға ерлі-зайыптылардың екеуінің де келісімін талап етеді. Мысалға, бала асырап алуға келісімді ата-аналардың екеуі де беруі тиіс. Бір ерлі-зайыптылардың баланы асырап алуы бала асырап алушы болып саналмайтын өзге ерлі-зайыптылардың келісімімен ғана болуы мүмкін. Ерлі-зайыптылардың кез келгені, ерлі-зайыптылардың екіншісінің келісімімен ғана, олардың ортақ бір меншігін құрайтын мүлікпен мәміле жасау құқығына ие. Ерлі-зайыптылардың өзінің отбасындағы қатынастарын өзара құрмет пен өзара көмек негізінде құру, отбасының бақыты мен нығаюына көмектесу, өз балаларының әл-ауқаты мен дамуына қамқорлық көрсету міндеттерін белгілейтін «Неке және отбасы туралы» Заңның 29-бабы 4-тармағының ережесін норма-декларациялар қатарына жатқызу көзделеді.

Құрметтеу құқық аясы емес, сезім аясына жатады, бір-біріне деген құрметтеу міндетін құқықтық тәсілдермен жүзеге асыру мүмкін емес.

Көмек көрсету міндеті, сөз, еңбекке қабілетсіз, өзін күтуді қажетсінетін ерлі-зайыптының беруі туралы болып отырғанда ғана, құқықтық маңызға ие болады. Барлық қалған жағдайларда — бұл тек моральдық міндет қана.

Отбасының берекесі мен оны нығайтуға көмектесу сондай-ақ құқық шеңберінен тыс болады. Балалардың әл-ауқаты мен дамуына көмектесу — нақты заңдық міндет, оны орындамағаны үшін ата-аналық құқықтан айыру түрінде санкциялар қолданылуы мүмкін. Бұл, алайда, бір-біріне қатысты ерлі-зайыптылардың міндеті емес, балаларға қатынасы бойынша олардың әрбіреуінің міндеті.

Нормалардың соңғы тобы таза отбасылық құқықтық сипатқа ие. Бұл нормалар тегін (фамилиясын) таңдауда, ерлі-зайыптылардың құқығына жатады. «Неке және отбасы туралы» Заңның 30-бабына сәйкес, ерлі-зайыптылар некеге отыру кезінде олардың ортақ тегі (фамилиясы) ретінде екеуінің

бірінің тегін (фамилиясын) немесе некеге дейінгі тегін (фамилиясын) сақтауы мүмкін. Мұның өзге, ерлі-зайыптылар өз тектерін (фамилияларын) қосып, қосарлы текпен (фамилиясын) атауға құқылы. Егер ерлі-зайыптылардың бірі осыған дейін қосарлы текті (фамилияны) алып келсе, мұндай жағдайда тектерін (фамилияларын) қосуға рұқсат етілмейді⁸.

Қалыптасқан дәстүрге сәйкес жиі түрде зайыбы ерінің тегін (фамилиясын алады), алайда ерлі-зайыптылар заң бойынша өздерінің таңдау жасауында тең болып саналады. Тегін (фамилиясын) таңдау құқығын некеге тіркеу кезінде ерлі-зайыптылар жүзеге асыруы мүмкін, егер алдағы уақытта ерлі-зайыптылардың бірі екіншісінің тегін (фамилиясын) алғысы келсе немесе некеге дейінгі өзінің тегін (фамилиясын) қалпына келтіруді қаласа, тегін (фамилиясын) ауыстыру заңда көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

Өз тегін (фамилиясын) некеге тұрған кезде ерлі-зайыптылардың бірінің өзгертуі ерлі-зайыптының екіншісінің тегін (фамилиясын) автоматты түрде өзгертуге әкелмейді.

Некені бұзу кезінде ерлі-зайыптылардың әрбірі ортақ тегін (фамилиясын) сақтауға немесе некеге тұрғанға дейінгі тегін (фамилиясын) қалпына келтіруге құқылы. Бұл құқық сондай-ақ некені бұзу кезінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін, ондағы уақытта некеге отырғанға дейінгі тегін (фамилиясын) қалпына келтіру жалпы тәртіпте жүргізіледі. Ерлі-зайыптының тегін (фамилиясын) алған оның бірі некені бұзғаннан кейін, сот текті (фамилияны) жалғастыруға тыйым сала алмайды.

3.2. Ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары мен міндеттері. Ерлі-зайыптылардың міндеттемелері бойынша жауапкершілігі

Ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынасы жеке мүліктік емес қатынасқа қарағанда құқықтық тұрғыдан неғұрлым жақсы реттеледі. Сондықтан да ерлі-зайыптылардың өмірінде онымен салыстырғанда елеулі түрде аз орын ала отырып, олар соған қарамастан құқықпен реттелетін ерлі-зайыптылар қатынасының басым кепшілігін құрайды. Ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастары, біріншіден, мүліктік құқықтар әрқашанда дерлік мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін екендігінен және мүліктік міндеттерді орындамағаны үшін санкциялар белгіленуі мүмкін екендігінен құқықтық реттеуді қажетсінеді. Мұнан өзге, мүліктік қатынастарда айқындық болуы

⁸ *Каримов А. М.* Основные положения семейного права. — Уфа, 1992.

қажет. Ерлі-зайыптылардың өздері, сол сияқты үшінші тұлғалар: мұрагерлер, кредиторлар, контрагенттер осыған мүдделі болып саналады.

Алайда ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынасының барлығы құқықпен реттелмейді. Олардың кейбір бөлігі құқықтың сыртында қалады, мысалы, пәтеракыны кім төлейді, жазғы демалысты кім төлейді, осылар туралы күнделікті өмірде жасалатын ерлі-зайыптылардың келісімі, негізінен таза тұрмыстық сипатқа ие және мәжбүрлеу арқылы жүзеге асыруға жатпайды.

Ерлі-зайыптылардың меншігі туралы жалпы ереже қазіргі уақытта ҚР Азаматтық Кодексте (223-бабы) енгізілген. Демек, ерлі-зайыптылардың бір (бірлескен) меншігі бір мезгілде азаматтық және отбасы заңдарымен реттеледі. Тұтастай түрде меншік туралы және жиі түрде бірлескен меншік туралы Азаматтық кодекстің жалпыға бірдей нормалары оған қолдануға қолайлы. Ерлі-зайыптылардың меншігі туралы отбасы заңнамасы Азаматтық кодекске қайшы келеді.

Ол, біріншіден, АК ережесін егжей-тегжейлі баяндап, оны толықтырады, екіншіден, отбасы қатынастарының ерекшелігімен байланысты, азаматтық заңнамада көзделген жалпы ережелерден белгілі бір ерекшелікті айқындайды.

Ерлі-зайыптылардың меншік құқығы туралы азаматтық және отбасы нормаларының ара қатынасын, отбасы және азаматтық заңдарын жалпы және арнайы нормалар ретінде қарастыруға болатын неғұрлым айқын да анық иллюстрация деп есептеуге болады.

Ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынасын реттейтін нормалар "Неке және отбасы туралы" Заңда аса елеулі өзгерістерге ұшырады деп, сөзді көбейтпей-ақ айтуға болады. Мүліктік қатынастарды реттеудің принциптерінің өзі өзгереді. Ерлі-зайыптылардың келісімдерінің көмегімен оны өзгертуге рұқсат етпейтін императивтік нормалармен белгіленген ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды тәртібінің орнына, жаңа заңнамада, диспозитивтік нормалармен белгіленген ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды тәртібі көрсетілген. Бұл тәртіп, егер ерлі-зайыптылар неке шартының көмегімен оны өзгерткісі келмесе немесе неке шарты бұзылса, сондай-ақ заңсыз деп танылса, осындай жағдайларда ғана ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарына қолданылады.

Ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынасын келесі екі топқа: ерлі-зайыптылардың меншік қатынасы және ерлі-зайыптылардың алименттік құқықтық қатынасына бөлуге болады. Аталған дәрісте қатынастардың бірінші тобы ғана қарастырылады. Меншік бойынша ерлі-зайыптылардың қатынасын реттейтін нормалар, ерлі-зайыптылар мүлкінің заңдық тәртібін белгі-

⁹ *Ершова Н. М.* Имущественные отношения в семье. — М.: Наука, 1979.

лейтін нормаларды, үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелер бойынша ерлі-зайыптылардың жауапкершілігін реттейтін нормаларды енгізеді.

Ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды тәртібі (режимі). Отбасы заңнамаларының диспозитивтік нормаларымен белгіленген ерлі-зайыптылар мүлкінің тәртібі (режимі) ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды тәртібі (режимі) деп аталады. Қазақстан заңнамасы бойынша ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігінің тәртібі ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды тәртібі болып саналады.

ҚР АҚ 223-бабы мен «Неке және отбасы туралы» Заңның 7-тарауы ерлі-зайыптылардың жалпы бірлескен меншігіне арналған. Ерлі-зайыптылар мүлкінің заңдық тәртібі (режимі) ол неке шартымен өзгермеген болғандықтан қолданылады (Неке және отбасы туралы Заңының 31-бабының 1-тарамағы). Осылайшы, заңды тәртіптен өзге, «Неке және отбасы туралы» Заңының 2-бөлімі 7-тарауымен реттелген жаңа отбасы заңы, ерлі-зайыптылар мүлкінің шарттық тәртібінің қолданылуын көздейді.

Ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды тәртібінің өмір сүру қажеттілігі, ерлі-зайыптылардың неке шартын жасауға міндетті емес екендігімен байланысты. Статистикалық зерттеулер көрсеткендей, неке шарты институты бұрыннан өмір сүрген елдердің өзінде, халықтың басым көпшілігі неке шартын жасамайды. Неке шартының құндылығы келесілерден тұрады: әрбір ерлі-зайыпты жұп өз мүліктік қатынасын реттеу мүмкіндігіне ие екендігінен, әрбір ерлі-зайыпты жұп неке шартына отырады. Неке шартын жасау немесе неке шартын жасаудан қалыс қалуды таңдауда ерлі-зайыптылар еркін. Соңғы жағдайда олардың мүліктік қатынасы ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды тәртібін белгілейтін нормалармен реттеледі.

«Неке және отбасы туралы» Заңын дайындау кезінде, заңды тәртіп ретінде ерлі-зайыптылар мүлкінің қандай құқықтық тәртібі таңдап алынуы тиіс деген мәселе алдыда тұрған болатын. Бірлескен меншік қандай да бір елеулі күмәнданушылықсыз оңтайлы тәртіп ретінде танылған болатын. Алайда, ерлі-зайыптылар мүлкінің бірде-бір құқықтық тәртібі барлық ерлі-зайыпты жұптардың мүдделерін қанағаттандыра алмайды. Осы міндетті орындайтын тәртіп жасауға ұмтылудың ешқандай да пайдасы жоқ.

Бұдан шығудың бірден-бір жолы — заңды тәртіп ретінде, халықтың басым көпшілігінің мүдделеріне жауап беретін және бір мезгілде ерлі-зайыптыларға неке шартының көмегімен мүліктік қатынасты басқаша реттеу мүмкіндігін беретін тәртіпті таңдау. Сондықтан да, «Неке және отбасы туралы» Заң қабылданғанға дейінгі жағдай жедел өзгертулерді қажет етті.

Бірлескен меншік бұрынғыша басым көпшілік ерлі-зайыпты жұптардың мүдделеріне жауап береді. Соңғы он жылда болған елеулі өзгерістерге қарамастан, әйелдердің басым көпшілігінің табысы олардың ерлерінің табыс-

тарынан аз болып қалуда. Бұл мынадай жағдайлармен байланысты: көп жағдайларда әйелдер кәсіби қызметін үй шаруашылығын жүргізу мен бала тәрбиесіне қараумен қоса атқаруына тура келетіндігімен байланысты. Алайда, әйелдердің көп бөлігінің осы қиындықтарға қарамастан өздерінің ерлеріне қарағанда неғұрлым көп табыс табатындары да бар. Олар үшін жалпы бірлескен меншік тәртібі онша қолайлы емес, өйткені олар өздерінің ерлеріне қарағанда үйде де, сыртта да көп еңбек пен уақыт жұмсайды, ал мүлікті бөлген кезде жартысын алады. Жаңа отбасы заңнамасы, неке шартын жасап, өзі үшін осылайша ерлі-зайыптылар мүлкінің өзге тәртібін таңдау арқылы, осы әділетсіздікті болдырмауға мүмкіндік береді.

Ерлі-зайыптылардың бірлескен мүлкі, неке уақытындағы ерлі-зайыптылардың өздері жинаған мүлікті құрайды. Некеде тұрған уақытты иеленген барлық мүлік, ортақ меншікке жатады деген презумпция өмір сүреді. Осы презумпциядан екі қорытынды туындайды. Біріншіден, некеде тұрған уақытта иеленген мүлікті ортақ меншікке жатқызуды талап етуші, ешқандай дәлелдер тапсыруға тиісті емес. Ал, ортақ меншіктен кейбір мүлікті бөлек қарауды талап етуші тұлға, керісінше, дәлелдер тапсыруы тиіс. Екіншіден, некеде тұрған кезде иеленген мүліктің барлық түрлері, қандай да бір объекті заңменен ортақ меншік тізіміне енгізілді ме жоқ па оған қатыссыз түрде ортақ болып саналады. Қандай да бір мүлік түрін одан шығарып тастау үшін, керісінше, мүліктің аталған санаты ерлі-зайыптылардың бірінің бөлек меншігі болып саналатынын заң тікелей көрсетуі қажет.

«Неке және отбасы туралы» Заңының 32-бабы 2-тармағында ортақ меншіктің негізгі түрлері келтірілген. Бұл ең алдымен, ерлі-зайыптылардың әрбірінің еңбек және кәсіпкерлік қызметтен алған кірістері, интеллектуалдық қызмет нәтижелері, зейнетақы, жәрдемақы және арнайы мақсатта тағайындалуға ие емес өзге ақша төлемдері. Сондай-ақ жалпы табыс есебінен сатып алған заттар, бағалы қағаздар, пайлар, салымдар, банкіге, өзге несие мекемелеріне салынған капиталдағы үлестер, сондай-ақ өзге кәсіпорындар мен ұйымдардағы салған үлестері, өзге мүліктер.

Жоғарыда аталған мүлік, ерлі-зайыптылардың екеуінің атына немесе біреуінің ғана атына сатып алынды ма, оған қатыссыз ортақ болып саналады. Тіркеуді талап ететін мүлік, мысалы, автомашина кімнің атына тіркелді, сондай-ақ ешқандай маңызға ие емес.

Қай кезден бастап ерлі-зайыптылардың мүлкі ортақ болып саналатынын анықтаудың зор маңызы бар. Осыған байланысты шаруашылықты, мүлікті жүргізуден табыстарды бөлу кезінде ерлі-зайыптылар алған тұрмыстық заттар, ақша қаражаттары айтылған болатын, осы қаражаттарға сатып алған мүліктер, жалпы негіздегі ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігі туралы АҚ-ның нормаларымен және «Неке және отбасы туралы» Заңмен реттеледі.

Ерлі-зайыптылардың бірлескен мүлікті иелену, пайдалану және билік етуі ҚР АҚ 223-бабымен және «Неке және отбасы туралы» Заңмен реттеледі. Ортақ меншікке қатынасты меншікке өзінің құқығын жүзеге асыруға ерлі-зайыптылар теңдей құқықты иеленеді. ҚР АҚ 223-бабының 2-тармағына, «Неке және отбасы туралы» Заңның 33-бабы 1-тармағына сәйкес ортақ бірлескен меншікті иелену, пайдалану және билік ету ерлі-зайыптылардың ортақ келісімі бойынша жүзеге асырылады. Мәмілені ерлі-зайыптылардың бірі жасаған жағдайларда ерлі-зайыптылардың екіншісінің келісімі талап етіледі. Бұл мәміле жасаушы ерлі-зайыптылардың бірінің, оны жасаушы ерлі-зайыптылардың екінші біреуінің келісімін болдыруына дәлелдер тапсыруға міндетті емес дегенді білдіреді.

Мәселені бұлай шешу мынадай жағдайлармен байланысты: ерлі-зайыптылардың екінші бірінің келісіміне дәлелдер тапсыру қажеттігі азаматтық айналымды шамадан тыс қиындатуға әкелген болар еді. Дүкеннен кез келген тауар сатып алу кезінде, ерлі-зайыптылар екінші бірінің келісімімен бекітетін құжат тапсыруына тура келген болар еді. Алайда, бұл ерлі-зайыптының екінші бірінің келісімі алынуға тиіс дегенді білдірмейді. Маңызды мәмілелерге қатысты ол, негізінен, келісімін тікелей білдіруі тиіс. Ұсақ тұрмыстық мәмілелер — азық-түлік сатып алу, күнделікті қажет заттарды сатып алуға қатысты айтатын болсақ, ерлі-зайыптылардың екінші бірі әдетте оған тұтастай келісімін береді.

Егер ерлі-зайыптының бірі екіншісінің келісімінсіз мәміле жасаған жағдайда, мұндай мәміле талас туғызатын мәміле болып саналады. Ол ерлі-зайыптының қайсысының құқық бұзылды соның талабы бойынша сот заңсыз деп тануы мүмкін. Алайда оның талабы, егер де ерлі-зайыптының құқығы бұзылған бірі, мәміле жасаған ерлі-зайыпты контрагент, аталған мәмілені жасауға талапкер ерлі-зайыптының бірінің келіспеуі туралы білгендігін немесе білетіндігін дәлелдей алса ғана, қанағаттандырылуға жатады.

Аталған ереже азаматтық айналымның тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттігін туғызды. Қарастырылып отырған жағдайда ерлі-зайыптылардың бірінің контрагенттігі бойынша мүдделер қарама-қайшы болып қатысады. Егер ерлі-зайыптының бірінің мүддесіне артықшылық берілсе, бұл, біріншіден, азаматтық айналысының тұрақтылығын бұзады, өйткені некеде тұрған тұлғамен әрбір мәміле жасаушы, оны заңсыз деп танудан қорғанатын болады. Екіншіден, қандай да бір себептермен олар үшін пайдасыз болып шыққан мәмілені заңсыз деп тану үшін осы мүмкіндікті адал емес түрде пайдаланушы ерлі-зайыптылардың өздерінің тарапынан, оны теріс мақсатқа пайдаланушылыққа әкелуі мүмкін. Сондықтан да, ерлі-зайыптылардың екіншісінің оған келіспейтіндігін біле тұрып, мәміле жасау арқылы үшінші тұлға адал емес түрде әрекет еткен болса, осындай жағдайда ғана ерлі-зай-

ыптының біреуінің мүддесіне артықшылық беріледі. Олардың бірінің келісімімен, табыстар, оны есептеген кезден ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне айналады. Алайда бұл, еңбек және зейнеткерлік заңдарына сәйкес жалақыны, зейнетақыны немесе жәрдемақыны жұмыскердің, зейнеткердің немесе жәрдемақы алатын тұлғаның өзі ғана ие болу құқығы туралы ереже сәйкес келмейді. Кәсіпкерлік табыс табу кезінде де осындай ахуал қалыптасады. Уәкілетті тұлғаның ері немесе зайыбы осы кезеңде оған ерлі-зайыптылық үлесін беруді талап ету құқығына ие емес.

Екінші көзқарасқа сәйкес, оны отбасына әкелген кезден, табыс, жалпы бірлескен меншікке түседі. Бұл жағдаймен да келісу қиын. Біріншіден, мәселе осылай шешілген жағдайда, табыс алғаннан кейін тікелей сатып алған мүлік «үйге келместен» ортақ меншікке емес, жеке меншіктің қатарына жатқызылған болар еді, бұл да шындыққа сәйкес келмейді. Екіншіден, табыс (кіріс) «отбасын мүлде әкелінбей несие мекемесінде» ерлі-зайыптылардың бірінің есебіне қабылдануы мүмкін, мұндай жағдайда сондай-ақ осындай есепті (шотты) ерлі-зайыптылардың бірінің бөлек мүлкіне жатқызу көзделеді.

Соның негізінде уәкілетті ерлі-зайыптының бірінің оны алған кезінен, табыс ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне айналатын үшінші көзқарас қолдануға неғұрлым қолайлы болып көрінеді. Оны сатып алудағы олардың үлестерінің мөлшеріне қатыссыз түрде, ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен мүлікке құқығы тең болып саналады.

Ең алдымен, бұл норма, ерлі-зайыптылардың екеуінің бірлескен шешімі бойынша үй шаруашылығын жүргізіп, бала тәрбиелегендіктен некеде тұрған кезеңде кіріс алмаған ерлі-зайыптылардың бірінің мүдделерін қорғауға бағытталған норма.

Алайда, ерлі-зайыптылардың бірінің кіріс алмағаны үшін орынды себеп болып танылатын мән-жайлардың тізбесі жоқ. Ерлі-зайыптылардың бірінің ауырып қалуы немесе оқуы, жұмыс табудың мүмкін еместігі және өзге де себептер осындай мән-жайларға жатады.

Бірлескен меншіктің барлық түрлеріне тән белгілер ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігіне жатады. Олардың өмір сүру кезеңінде ортақ меншіктегі ерлі-зайыптылардың әрбіреуінің үлесі анықталмайды, бір мезгілде бірлескен меншікті тоқтатуға әкелетін, бірлескен меншікті бөлу кезінде ғана меншік үлесін анықтау мүмкін болады¹⁰.

Шаруа қожалығының меншігі болып саналатын ерлі-зайыптылардың меншігі АҚ-ның 224 және 25-баптарымен айқындалады. Аталған жағдайда сөз, шаруа фермер қожалығының мүлкін құрайтын, объектілерді иелену,

¹⁰ Антокольская В. М. Көрсет. еңбек.

пайдалану және билік ету ерекшелігі туралы болып отыр. Ерлі-зайыптылардың мүлкі бұл объектілердің қатарына кірмейді.

Азаматтық заңнамада жоғарыда келтірілген ережелердегі ерекшеліктер жоқ. Алайда ҚР АҚ 220-бабының 4-тармағында, бірлескен меншіктің жеке-леген түрлері үшін Азаматтық кодексте немесе басқа заңдарда өзгеше көзделмесе, оның қолданылатындығы атап көрсетілген.

Өйткені отбасы үшін соншалықты түбегейлі маңызы бар мәмілелер болады, оларға қатысты жоғарыда қарастырылған ережелер жарамсыз, отбасы заңнамасы ҚР АҚ-де белгіленген ережелерден кейбір ерекшеліктерді қарастырады. Бірқатар жағдайларда мәміле жасауға қатыспайтын ерлі-зайыптылардың бірінің мүдделері қосымша қорғауды қажетсінеді. Сөз, қозғалмайтын мүліктер мен мәмілелерді басқару бойынша, нотариатпен растауды куәландыратын мәмілелер туралы болып отыр.

Қозғалмайтын мүлікпен жасалатын мәмілелер, ең алдымен ерлі-зайыптылардың ортақ тұрған жайын басқару жөніндегі мәмілелер. Ерлі-зайыптылардың екіншісінің келісуінсіз осындай мәміле жасау арқылы отбасына келтірген шығынды бағалау өте қиын.

Бұл нотариалдық куәландыру немесе тіркеуді талап ететін, сондай-ақ негізінен отбасы үшін зор маңызы бар объектілермен жасалатын мәмілелер. Осындай мәмілелер жасау үшін ерлі-зайыптылардың бірі екіншісінің нотариатпен куәландырылған келісімін тапсыруы қажет. Егер мұндай келісім алынбаған болса, онда зардап шеккен ерлі-зайыптылардың бірі, мәміле жасау туралы білген немесе білуге тиіс болған кезден бастап бір жыл ішінде, сот тәртібімен мәмілені заңсыз деп тануды талап етуге құқылы.

Ресейде қолданылатын ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігінің тәртібі шектелген ортақ қауымдық тәртібі немесе ортақ сатып алу тәртібі деп аталуы мүмкін, өйткені некеде тұрған кезеңде ерлі-зайыптылардың сатып алған мүлкі ғана ортақ болады. Бірлескен мүліктен өзге ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігін құрайтын мүлік ерлі-зайыптылардың меншігіне жатады.

Бұл санатқа ең алдымен, некеге тұрғанға дейін ерлі-зайыптылардың біріне жатқан мүлік, сондай-ақ некеде тұру кезеңінде сатып алынған мүлік, сыйға беру шарты немесе өзге ақылы емес мәмілелер бойынша, мұрагерлікке қалдыру тәртібінде мүлік соған жатады. Некеде тұрған кезеңде сатып алынған, бірақта бөлек мүлік болып саналатын немесе бөлек мүлікті сатудан түскен қаражаттан сатып алынған мүлік, бөлек мүлік болып есептелінеді.

Мысалы, некеге дейін ерлі-зайыптылардың біріне тиесілі пәтерді сатудан алынған ақшаға сатып алынған үй.

Жаңа заңнама, ерлі-зайыптылардың бөлек мүлікке сыйға беру немесе мұрагерлік бойынша алынған мүлікті ғана емес, сонымен бірге «Неке және

отбасы туралы» Заңындағы 34-бабының 2-тармағы бойынша өзге өтелмелі емес мәмілелер бойынша алынған мүлікті де ерлі-зайыптылардың бөлек мүлкіне жатқызады. Мүлікті сатып алудың осы түріне ең алдымен, өтеусіз (тегін) жекешелендіру тәртібінде алынған мүлікті жатқызу көзделеді, мысалы, ерлі-зайыптылардың бірінің пәтерді тегін жекешелендіруі кезінде. Тегін алынған, алайда мәмілелер бойынша емес, өзге негіздер бойынша алынған мүлікті осыған жатқызуға болады, мысалы, еңбекақы төлеу жүйесіне кірмейтін сыйлықтар түрінде және наградалар ретінде.

Сондай-ақ некеде тұру уақытында ортақ қаражат есебінен сатып алынған, жеке пайдаланатын заттар (киім, аяқ киім, күнделікті тұрмыста пайдаланатын заттар) ерлі-зайыптылардың әрбірінің мүлкі болып табылады. Қымбат тұратын сән-салтанат заттары, қымбат тері бұйымдары болып саналатын жеке пайдалану заттары ерекшелікті құрайды. Алайда, тәжірибеде сол отбасы үшін сән-салтанат заты деп тану, барынша қиынға түседі. Ең алдымен бұл нақты ерлі-зайыпты жұптардың кірістерінің деңгейіне қатысты болады. Бір жағдайда құндыз шуба (ішік) әдеттегі күнделікті зат қана болуы мүмкін, ал екінші бір жағдайда сән-салтанат заты болып саналады. Осы жайлар өзге қымбат киім түрлеріне де қатысты.

Кәсіби қызмет заттары, мысалы, некеде тұрған уақытта ортақ қаржыдан сатып алынған және ерлі-зайыптылардың бірі пайдаланатын музыкалық аспаптар, компьютер, олардың әрбірінің мүлкі болып танылмайды. Бұл мынадай жағдайлармен байланысты: оны сатып алуға жиі түрде отбасының маңызды қаражаты жұмсалады, ал оны бөлек мүлікке жатқызу ерлі-зайыптының екіншісінің мүдделерін түбегейлі бұзуы мүмкін.

«Неке және отбасы туралы» Заңның 34-бабы 2-тармағына сәйкес, сот неке қатынасын нақты тоқтатқаннан кейін, бірақ некені бұзғанға дейін, ерлі-зайыптылардың бірі жинаған мүлікті бөлек мүлік деп тануға құқылы. Мұндай ерекшелік келесі жағдайлармен байланысты, некелік қатынасты нақты тоқтату мен оны ресми бұзу арасында елеулі түрде көп уақыт өтуі мүмкін. Кейбір жағдайларда бұл ерлі-зайыптылардың немесе олардың біреуінің еркіне қатыссыз түрдегі мән-жайлар бойынша болуы мүмкін, мысалы, ері әйелінің (жүктілік) кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде зайыбының келісімінсіз некені бұзуға құқылы емес. Бұл уақытта ерлі-зайыптылардың әрбірі елеулі түрде көп мүлік сатып алуы мүмкін, сондықтан да оны ортақ меншік санатына жатқызу дұрыс емес және әділетсіз болған болар еді.

Мүлікті ерлі-зайыптылардың бөлек мүлкі деп тану үшін ерлі-зайыптылардың бір ғана бөлек тұруы жеткіліксіз. Ерлі-зайыптылар бөлек тұру құқығына ие, алайда осы факті олардың мүліктік құқықтарына өздігінен әсерін тигізбейді. Бөлек тұру некені тоқтату үшін қажет.

Алайда, ерлі-зайыптылар неке қатынасын нақты қай кезден бастап тоқтатынын анықтау қиынға соғады. Ерлі-зайыптылардың бірінде ғана некені бұзу ниеті болса, мұны анықтау өте қиынға соғады. Осы мәселелерді шешу әрбір нақты жағдайда соттың қарауы бойынша жүзеге асырылады.

Белгілі бір жағдайларда, бастапқы бетте бөлек болған мүлік, кейіннен ортақ мүлікке айналуы мүмкін. «Неке және отбасы туралы» Заңның 34-бабына сәйкес, ерлі-зайыптылардың әрбірінің мүлкі, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың бірінің еңбегі есебінен түбегейлі түрде көбейсе, олардың ортақ бірлескен меншігі болып танылуы мүмкін. Ортақ қаражат немесе ерлі-зайыптының бірінің қаражаты, екіншісінің мүлкін күрделі жөндеуге, қайта жабдықтауға, қайта жаңартуға немесе оны жақсартуға жұмсалған кезде осындай күрделі ахуал қалыптасады.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікті бөлуі. Ерлі-зайыптылар некеде тұрған уақыттың кез келген сәтінде, сондай-ақ некені бұзғаннан кейін де бірлескен мүлікті бөлу құқығына ие. Бірлескен мүлікті бөлу туралы талапты сондай-ақ ерлі-зайыптылардың бірінің кредиторлары, ортақ мүліктегі оның үлесіне өндіруге тілек білдіру арқылы мәлімдемеуі мүмкін.

Ерлі-зайыптылар арасында дау болмаған жағдайда мүлікті бөлу ерікті түрде жүргізілуі мүмкін. Мұндай жағдайда ерлі-зайыптылар мүлікті бөлу туралы келісім жасайды. Осындай келісімге белгілі бір нысан беру шынайылық талаптар болып саналмайды. Ерлі-зайыптылар мұндай келісімді өз тілектері бойынша нотариатпен куәландыруы мүмкін, өйткені нотариаттық үлгі үшінші тұлғалармен үлкен құқықтық айқындықты білдіреді. Келісімнің болуы жағдайдында, мүлік осы келісімге сәйкес бөлінеді. Ерлі-зайыптылар мүлікті теңдей үлестерде емес, басқаша пропорцияларды бөлуі мүмкін. Алайда үлестердің теңдігінен бас тарту үшінші тұлғалардың мүддесін бұзбауы тиіс. Атап айтқанда, егер мүлікті бөлу оның кредиторлары арқылы, ерлі-зайыптылардың бірінің мүлкіне өндіру мақсатын болдырмау мақсатында жүргізілсе, соңғы мүлікті бөлу туралы мұндай келісіммен таласуға құқылы. Келісімге келмеген жағдайда, ерлі-зайыптылардың бірлескен мүлкі сот тәртібінде бөлінеді. Некені бұзғаннан кейін бұрынғы ерлі-зайыптылар үш жылдық талап қою мерзімі шегінде ғана мүлікті бөлу туралы талап білдіруге құқылы.

Осы мерзімнің өтуі қай кезден басталатындығы туралы, салыстырмалы түрде, әртүрлі көзқарастар өмір сүрді.

Бір авторлар, талап мерзімінің өтуі некені бұзған кезден өте бастайды десе, екінші бір авторлар — талапкер ерлі-зайыптылардың бірі өз құқығының бұзылғандығы туралы білген немесе білуге тиіс болған кезден талап мерзімі өте бастайды деп санайды. Сондай-ақ талап мерзімі некені бұзғанға дейін ерлі-зайыптылық қатынасты нақты тоқтату кезінен өте бастайды деп

жорамалдауға болады, өйткені осы кезден сот ерлі-зайыптылардың мүлкін бөлек деп санауға құқылы¹¹.

Жоғарыда келтірілгендердің әрбірінің өз артықшылықтары бар. Некені бұзған кезден талап мерзімінің есептелуі үлкен құқықтық айқындық береді, бұл осы құқықтық институт мақсатының өзіне сәйкес келеді. Мүлкін бөлуді талап етуші ерлі-зайыптылардың бірінің некені бұзғаннан кейінгі үш жыл ішінде талап білдірмеуі мүлікті бөлу туралы талапты қанағаттандыру бойынша оны құқығынан айырады. Бұл оның үш жыл мерзім ішінде талап білдіру ынтасын оятады.

Екінші жағынан, ерлі-зайыптының екінші бірі, сондай-ақ мүлікті бөлуге мүдделі барлық тұлғалар, үш жыл мерзім өткеннен кейін мүлікті бөлу туралы қауіптен құтылатынын біледі. Осы көзқарас тұрғысынан талап мерзімі өзінің басталуы туралы мәселенің осылай шешілуі артықшылық болып көрінеді.

Отбасы қатынастарына талап мерзімін қолданудың жалпы принциптерін реттейтін «Неке және отбасы туралы» Заңның 8-бабы, азаматтық заңнама нормаларына сілтеме жасайды. ҚР АҚ 180-бабының 1-тармағында талап мерзімінің өтуі, өз құқығының бұзылғандығы туралы тұлға білген немесе білуге тиіс болған күннен басталатыны айқындалған.

Заңнаманы талдау бір мүмкіндікті ғана қалдырады, ол ерлі-зайыптылардың мүлкін бөлу туралы талап бойынша талап мерзімінің өтуін ҚР АҚ 180-бабының 1-тармағында көрсетілген кезден басталады деп санауға болады.

Мәселенің бұлай шешілуін, оңтайлы дам тану қиындау. Отбасылық қатынастардың өзіндік ерекшелігі жиі түрде келесі жағдайларға әкеледі. Қандай да бір себептермен бұрынғы ерлі-зайыптылардың бірі талап білдірмеуімен қатар, ұзақ уақыт бойы бұрынғы зайыбына мүлікті бөлу туралы талап білдірмейді. Осы кезеңнің барлығында ол өз құқығының бұзылғандығы туралы білмейді және біле алмайды, өйткені бұл үшін ең болмағанда қандай да бір затты талап етіп, одан бас тартылған болуы қажет.

Талап мерзімінің өтуі ажырасқан кезден басталады дейтін көзқарастың жақтастары, ерлі-зайыптылардың бірге тұруларын тоқтату фактісінің оның бірі мүлікті пайдалану, билік ету жөніндегі өз құқықтарын жүзеге асыра алмауға әкеледі, сондықтан да оның меншік құқығы бұзылғанын осы кезден бастап есептеу керек деп санайды.

Ал шын мәнінде ол бұндай емес. Меншік иесі өзінің меншік құқығын жүзеге асырмау құқығына ие. Ерлі-зайыптылардың бірінің оның меншік құқығын жүзеге асыруға кедергі келтіргенін ол білгенге дейін, оның меншік құқығы бұзылды деп санауға болмайды. Осының нәтижесінде, қанша

¹¹ Ерлі-зайыптылардың бірінің оның меншік құқығын жүзеге асыруға кедергі келтіргенін ол білгенге дейін, оның меншік құқығы бұзылды деп санауға болмайды. Осының нәтижесінде, қанша

уақытқа болсын созылуы мүмкін, құқықтық белгісіздік пайда болады. Бұрынғы ерлі-зайыптылардың бірі мүлікке қатысты, мысалы, 10 жылдан кейін, екіншісіне талап қоюы мүмкін. Бас тартылғаннан кейін ол, өзінің құқығы бұзылғандығын біледі және талап білдіру үшін тағы да үш жылы бар. Осы 13 жыл бойы ерлі-зайыптының екіншісі мүлікті бөлу қатерімен өмір сүретін болады.

Мүлікті бөлу кезінде, ерлі-зайыптылардың әрбіріне тиесілі үлестері анықталады. «Неке және отбасы туралы» Заңның 37-бабына сәйкес, егер олардың арасындағы шартта басқаша көзделмесе, ерлі-зайыптылардың үлестері тең болып танылады. Бұрын атап өткендей, үлестердің тең болуына ортақ мүлік сатып алуға ерлі-зайыптылардың әрбірінің салған жұмсаған қаражаттарының мөлшері әсерін тигізбейді. Алайда, белгілі бір жағдайларда, сот үлестердің теңдік қағидаларын бұзуға құқығы бар.

Егер кәмелет жасқа толмаған балалардың мүдделері осыны талап ететін болса, ондай ерекше талаптар орындалуы тиіс. Көп жағдайда мұндай қажеттілік үйді немесе пәтерді бөлу кезінде туындайды. Балалардың мүдделері үшін сот, жиһаздарды немесе өзге үй тұрмысындағы заттарды бөлу кезінде теңдік қағидасынан ауытқуы мүмкін. Ерекше түрде балаларға арналған мүлік (балалар киімі, мектеп, спорт керек-жарақтары, кітаптар және балалардың өзге де заттары) бөлуге жататын мүлік құрамынан мүлде шығарылып тасталады және қандай да бір орын толтырусыз кәмелет жасқа толмаған балалармен бірге тұруға қалған жұбайына (еріне) беріледі («Неке және отбасы туралы» Заңның 36-бабы 4-тармағы).

Бұл ортақ мүлік есебінен, олардың ортақ кәмелет жасқа толмаған балаларының атына ерлі-зайыптылар салған салымдарға да қатысты. Бұл мүліктің құқықтық мәртебесі айқындалмаған. Бір жағынан, балалар ата-аналарының мүлкіне құқығы жоқ деген ереже қолданылады. Осы көзқарас тұрғысынан балалар үшін заттар сатып алу немесе олардың атына салымдар салу өзіне өзі меншік құқығының ауысуы үшін негіз болып саналмайды. Балалардың атына салынған қаражаттарға қатысты Отбасы кодексінде, олар «осы балаларға жататын болып саналады» деп айтылған («Неке және отбасы туралы» Заңының 36-бабының 4-тармағы), яғни меншік құқығының балаларға ауысуын көрсетеді.

Құқықтық осындай ауысу негізі ретінде ата-аналардың кәмелеттік жасқа толмаған балаларын өздері асырауға тиіс екендігі және оларды асырау тәртібінде балаларға берілетін қаражаттар, олардың меншігіне айналатындығын қарастыруға болады. Балалар үшін мүлік сатып алу және олардың атына салымдар салуды балаларды асырау жөніндегі ата-аналардың өз міндеттерін орындауы ретінде қарастыруға болады. Кейбір жағдайларда сыйға бе-

ру шарты мүліктің балаларға ауысуы үшін негіз болуы мүмкін: аталған заттарды немесе ақшаны ата-аналар өз балаларына сыйлыққа бергенде.

Ерлі-зайыптылардың бірінің мүддесі осыны талап ететін болса, осындай жағдайларда үлестердің теңдік талаптарынан ауытқу болады. Осындай жағдайлардың тізбесі жаңа заңнама бойынша толық болып саналмайды. Ең алдымен бұл, егер ерлі-зайыптылардың бірі ұзақ уақыт ішінде орынсыз себептермен кіріс алмаған кезде жиналуы мүмкін.

Бұл ережені қолдану кезінде өте сақтық таныту керек. Біріншіден, еңбекке деген өз қабілетін еркін басқаруы әрбір азаматтық конституциялық құқығы болып саналады. Ешкімді де еңбекке күштеуге болмайды және еңбек етуден бас тартқаны үшін жазаланбауы тиіс. Осы мезгілде олардың ортақ мүлігіндегі ерлі-зайыптылардың үлестерін анықтау кезінде орынды себептерсіз кіріс алмауын ескермеу аса әділетсіздік болған болар еді. Бұл ретте осы фактіге ерлі-зайыптылардың өздерінің қатынасының үлкен маңызы бар, мысалы, егер де оның ері зайыбының жұмыс істемеуіне өзі ықпал еткен болса, тіпті олар неке шартын жасамаған болса да және ол туралы қосымша ескертілмесе де, мүлікті бөлу кезінде оның осы мән-жайға сүйенуіне құқығы бар.

Жұмыс табудың мүмкін еместігінен, ауырып қалу, оқу, балаларды күту себебі бойынша кіріс алмау, сөзсіз түрде, үлесті кеміту үшін негіз болып саналмайды.

Егер ол ортақ мүлікті отбасының мүддесіне шығын келтіре отырып жұмсаған болса, мысалы, ерлі-зайыптыларды бірі спирттік ішімдік ішкенде немесе есірткі заттарын тұтынғанда, ерлі-зайыптылардың бірінің үлесі кемуі мүмкін. Алайда, осындай шараларды қолдану басқа жағдайларда ысырапқорлыққа әкелуі мүмкін, мысалы, құмар ойындарға, лотереяларға мүлікті жұмсау (салып жіберу) кезінде. Ысырапқорлық, қаражат лайықты емес мақсаттарға жұмсалатын жерлерде ғана орын алмауы мүмкін. Спорттық қымбат түрімен айналысуға және т. б. ақша жұмсайтын жағдайлар кездеседі. Негізгі белгі қаржының неге жұмсалатыны болып саналмайды, негізгі белгі — осындай қаражат жұмсау отбасының мүліктік жағдайын нашарлататын факті болып саналады, сондықтан да бірінші кезекті заттар сатып алуға тиісті қаражат соған жұмсалады. Мысалы, қатты ауырып қалу немесе ерлі-зайыптылардың бірінің мүгедектігі, осымен байланысты, соттық үлестердің теңдігін сақтамауға құқылы, өзге себептердің бірі болып саналады.

Алғашқы бетте үлестерді анықтау құқылы үлестерде жүргізелді, содан соң ерлі-зайыптылардың қалауы бойынша мүлікті заттай бөлу жүзеге асырылады және ерлі-зайыптылардың қайсысына қандай заттар берілетіні анықталады.

Әрбір ерлі-зайыптыға қандай заттар берілетіндігі туралы негізгі мәселе, сот, ерлі-зайыптылардың өздерінің қалауы негізінде, мүліктерді бөледі. Егер ол келісімге келе алмаса, дауды сот шешеді. Бұл ретте кәсіби қызметімен, денсаулық жағдайымен, баланы күтумен байланысты ерлі-зайыптылардың қайсысына сот зат көп қажетсінеді, сот, соған байланысты үлесті анықтауға тырысады. Мысалы, үй немесе пәтер, кәмелетке жасы толмаған бала кімде қалады, соған беріледі. Ерлі-зайыптылардың бірі мүгедек болса, машина алу құқығында артықшылыққа сол ие болатын болады. Кәсіби қызмет заттары әрқашанда, кәсіби қызметімен байланысты қажетсінетін заттар соған беріледі.

Ерлі-зайыптыларға тиесілі үлестерге сәйкес мүліктерді бөлу мүмкін болмаған жағдайда сот, мүліктердің бірін оның үлесінен жоғары құн бойынша беруі мүмкін. Осы жағдайда ерлі-зайыптылардың екінші бірінің өзінің жұбайынан (ерінен) ақшалай немесе мүліктік өтемақы алуға құқығы бар.

Заттардың кейбір санаттарынан бөлу кезінде, мүліктердің барлық түрлері заттай бөлінбейтіндігімен байланысты проблемалар туындайды. Мысалы, егер өзідігінен (жеке) шығатын бөлек есігі болса немесе осылай етіп қайта жабдықтаса, тұрғын үйді заттай бөлуге болады деп танылады.

Егер меншік иелерінің әрбіріне жеке тұрғын жай (бөлме) ғана емес, сонымен бірге бөлек қосалқы бөлмелер (ас үй, ванна, санитарлық желілер) болғанда ғана, пәтерді заттай бөлуге болады. Оның үстіне, атап айтқанда осы объектілер, жиі түрде, ерлі-зайыптыларға жататын неғұрлым бағалы мүліктер болып саналады.

Егер оларды заттай бөлу мүмкін болмаса, оған берілген үлестерге сәйкес, ерлі-зайыптылардың әрбірі үйді немесе пәтерді иелену, пайдалану және билік ету құқығын иеленеді.

Сондай-ақ шаруа қожалықтары мен қоғамдардағы жарғылық капиталдағы үлестері ерлі-зайыптыларға жатуы мүмкін. Осындай үлестерді заттай бөлу әрқашанда мүмкін бола бермейді, өйткені бұл ерлі-зайыптының екіншісінің серіктестік немесе қоғамдар мүшесі қатарына қабылдануымен байланысты, бұл шаруашылық серіктестіктері немесе қоғамдар, сондай-ақ олардың құрылтайшы құжаттарына қайшы келуі мүмкін.

Мұндай жағдайларда мәселені екі тәсілмен: серіктестік немесе қоғамға мүше болып саналмайтын еріне (зайыбы) ақшалай өтемақы төлеу (орнын толтыру) жолымен немесе серіктестікке мүше ерінің (жұбайының) оның құрамынан шығуы арқылы және аталған заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына құқық беру және оның үлесі үшін алынған ерлі-зайыптылар арасындағы ақша қаражаттарын бөлу жолымен шешуге болады.

Заттардан тысқары, сондай-ақ ерлі-зайыптыларға жататын олардың ортақ борыштарын (қарыздарын) талап ету құқығы да бөлуге жатады.

Талап ету құқығы ерлі-зайыптыларға жататын бағалы қағаздармен (акциялар, облигациялар, векселдер) жүзеге асырылуы мүмкін. Талап ету құқығымүлік активінің құрамына кіреді және қалған мүліктерге қолданылатын ережелерге сәйкес бөлінеді. Борыштар (қарыздар) ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінің пассивін құрайды және ерлі-зайыптыларға тиесілі үлестер пропорционал түрде бөлінеді.

Егер бірлескен меншік некені бұзусыз бөлінетін болса, бөлінбеген ерлі-зайыптылардың мүлкі, сондай-ақ мүлікті бөлгеннен кейін ерлі-зайыптылар жинаған мүлік, ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігін құрайды. Неке шартынан мүлікті бөлу туралы келісімнің негізгі өзгешелігінің бірі осыдан тұрады. Мүлікті бөлу туралы келісім осыған дейін бар мүлікті бөледі, сол мезгілде неке шарты болашақ мүліктің тағдырын анықтайды.

Міндеттемелер бойынша ерлі-зайыптылардың жауапкершілігі. Активтен өзге, ерлі-зайыптылардың мүлкіне сондай-ақ ерлі-зайыптылар қарыз болып саналатын міндеттемелер бойынша талап пассиві кіреді. Ерлі-зайыптылардың мүлкі ортақ және жеке болуы мүмкін. Ерлі-зайыптылардың бірінің жеке басымен тығыз байланысты: оған зиян келтіруден туындайтын; алименттік міндеттемелерден туындайтын; еңбек құқықтық қатынастарынан туындайтын қарыздар жеке қарыздар деп аталады. Сондай-ақ некеге тұрғанға дейін ерлі-зайыптылардың бірі өзіне қабылданған міндеттемелерден туындайтын қарыздар; жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ерлі-зайыптының бірі оған қарыздар жеке қарыз (борыш) болып саналады.

Екеуі де қарыз болып саналғандағы ерлі-зайыптылардың қарыздары (борыштары) ортақ қарыз (борыш) болып танылады, мысалы, үйді немесе пәтерді сатып алғаны үшін несиені өтеу жөніндегі міндеттемелерді бірлесіп беретін міндеттемелер бойынша қарыздар (борыштар) ортақ борыштар (қарыздар) болып танылады; мысалы, пәтер ақы қарыздары, оларға бірге келтірілген зияннан туындайтын қарыздар. Егер бұл міндеттемелерді ерлі-зайыптылардың бірі отбасы мүддесі үшін қабылдаған болса және осы алынғандардың барлығы отбасының қажеттері үшін жұмсалса, ерлі-зайыптылардың бірі оның тарапы болып саналатын міндеттемелер бойынша қарыздар (борыштар) сондай-ақ ортақ қарыздар болып саналады. Ортақ баланы емдету қажеттегімен байланысты жасалған ерлі-зайыптылардың бірінің қарызы, осындай ахуалдың мысалы болып қызмет етуі мүмкін¹².

Ортақ мүлікке салмақ салатын (обременяющие) қарыздар ортақ қарыздар санатына жатады. Сондай-ақ олардың кәмелетке жасы толмаған бала-

¹² *Ершова Н. М.* Көрсет. еңбек.

лары келтірген зиянды өтеу жөніндегі ерлі-зайыптылардың міндеттемелері ортақ қарыздар болып саналады.

Егер ерлі-зайыптылар неке шартын жасаған болса, олар принципті түрде қандай қарыздар жеке қарыз санатына жатады, қандай қарыздар ортақ қарыздар санаттарына жататынын қосымша ескертуі керек.

Аталанған міндеттеменің субъектісі болып саналатын ерлі-зайыптылардың бірі жеке қарыздар бойынша жауапкершілік кетереді. Оның кредиторлары қарызды өндіруді алғашқы бетте оған жататын мүліктен алудан бастайды. Осы мүліктің жеткіліксіздігі жағдайында олар ерлі-зайыптылардың мүлкінен ерлі-зайыптының қарыз болған ерінің (жұбайының) үлесін бөліп беруді талап етуге құқылы. Үлесті бөлуді ерлі-зайыптылар ерікті түрде жүргізуі мүмкін. Алайда, егер бөлінген үлес жеткіліксіз болып шықса, онда үлестің әділ бөлінгендігіне кредиторлар күмән туғызады, олар оның әділдігіне сот тәртібінде таласуы мүмкін.

Ортақ қарыздар бойынша жауапкершілікті ерлі-зайыптылардың екеуі де көтереді. Мұндай жағдайда алдымен борыш олардың ортақ мүліктерінен өндіріледі, ал егер ол жеткіліксіз болса, ерлі-зайыптылар өздерінің әрқайсысына жататын мүліктен ынтымақты жауапкершілік көтереді. Бұл кредиторлардың олардың кез келгенінің мүлкінен және міндеттеме бойынша оған тиесілі қарыздың барлығын өндіруге құқылы дегенді білдіреді. Егер ерлі-зайыптылардың бірінің мүлкі оған жетпесе, кредитор екіншісінің мүлкінен өндіруге құқылы.

Егер қылмыстық іс бойынша сот шешімімен, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі ерлі-зайыптылардың бірінің қылмыстық жолмен алынған қаражаттары есебінен сатып алынған немесе көбейтілгенін дәлелдейтін болса, осы иеліктердің бірі немесе осы жолмен сатып алынған оның бөлігі өндірілуі мүмкін.

Қазақстан заңнамасында неке шарты институтының пайда болуы, шарт жасау, өзгерту немесе бұзу кезінде ерлі-зайыптылар кредиторларының мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін арнайы нормалар әзірлеуді талап етті. Неке шартының болу барлық жағдайларында кредиторлар, біріншіден, неке шартының бар, не жоқ екенін, екіншіден, оның мазмұны қандай екенін білуге мүдделі болады. Олар ерлі-зайыптылардың мүлкі қалай бөлінетіндігі туралы ақпараттарға ие болуы тиіс, өйткені олар өндіретін мүліктің көлемі соған қатысты болады.

Кредиторлардың үшінші тұлғалармен міндеттемелері туындаған жағдайда, егер ерлі-зайыптылар оны неке шартымен таныстырудан бас тартатын болса, онда ол олармен шарт жасаудан бас тартуға құқылы. Неке шарты өзгерген болса, ерлі-зайыптылар өзгерістің болғандығы туралы хабарлаудан бас тартса, мұндай жағдайда кредитор өз құқықтарын қорғай алмай-

ды. Демек, «Неке және отбасы туралы» Заңның 44-бабының ережесі: шарт жасау фактісі ғана емес, неке шартын бұзу және өзгерту және оның мазмұны туралы да хабарлау міндеттілігі туралы кеңірек түсіндіруді көздейді.

Егер ерлі-зайыптылар неке шартын жасау, өзгерту немесе тоқтату туралы өз кредиторларын хабардар етпесе, олар неке шартының мазмұнына қатыссыз түрде олардың алдында міндеттемелер бойынша жауап береді. Бұл неке шартын заңсыз деп тануды білдірмейді. Оның ережелерін қолдану жалғаса береді, алайда тек үшінші тұлғаға қатысты емес, ерлі-зайыптыларға ғана қатысты. Мысалы, ерлі-зайыптылар неке шартын мынадай түрде өзгертті делік: бұрын ортақ болған қарыздардың белгілі бір санаты, олардың бірінің жеке қарызы болып есептелетін болады және мұндай өзгерістер туралы кредиторлар хабарлаған жоқ. Мұндай жағдайда кредиторлар бұрынғысынша ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен қарызды өндіруі мүмкін, өйткені олар үшін мұндай өзгерістердің күші жоқ. Алайда, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі есебінен олардың талаптарын қанағаттандырып болғаннан кейін, неке шартына сәйкес жалғыз қарыздар болып саналатын ол, ерлі-зайыптының екіншісіне (еріне немесе жұбайына) оның үлесіне түскен қарызды өтеуі тиіс болады.

Егер неке шарты жасалған, өзгерген немесе бұзылған болса және осындай өзгерістер немесе некені бұзу кредиторлар үшін аса қолайсыз болса, олар ҚР АҚ 402, 403-баптарына сәйкес мән-жайлардың түбегейлі өзгеруімен байланысты, ерлі-зайыптылармен немесе олардың бірімен өз шартын өзгерту немесе бұзу туралы талаптарымен сотқа жүгінуге құқылы. Аталған жағдайда олар, неке шарты арқылы олардың борышқорының (қарыздырының) мүліктік жағдайына енгізілген өзгерістер аса маңызды екенін, егер олар оқиғаның осылай өріс алуын (дамуын) алдын-ала болжап білген болса, онда олардың мүлде шарт жасамауы мүмкін екендігін немесе олар елеулі түрде басқа жағдайларда жасаған болуы мүмкін екендігін дәлелдеулеріне тура келеді.

3.3. Ерлі-зайыптылар мүлкінің шарттық тәртібі (режимі)

ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңында, солардың негізінде ерлі-зайыптылардың неке шартының әзірленуіне мүмкіндік беретін нормалардан тұратын 2-бөлімнің 7-тарауы неке шартына арналған.

ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 38-бабы неке шартын некеге тұратын тұлғалардың келісімі немесе некеден ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары мен міндеттемелерін айқындайтын ерлі-зайыптылардың келісімі ретінде анықтайды. Неке шартының негізгі құқықтық мақсаты — ер-

лі-зайыптылар мүліктерінің құқықтық тәртібі мен алдағы уақыттағы олардың өзге мүліктік өзара қатынастарын айқындау.

Құқықтық табиғаты көзқарасы тұрғысынан неке шарты азаматтық-құқықтық шарт болып саналады. Неке шартының белгілі бір ерекшелігінің болуы, неке шартының азаматтық шарттардан жақсы екенін, отбасы құқығының ерекше шарты болып саналады дегенді білдірмейді. Біріншіден, жалпы түрде ол Азаматтық кодекс нормаларымен реттелген. Екіншіден, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне қатысты ерекше отбасы келісімі, ал ерлі-зайыптылардың бөлек мүлкіне қатысты әдеттегі азаматтық шарттар қолдануға тиіс екендігін түсіндіру мүмкін емес.

Неке шарты, біздің көзқарасымызша мүліктің құқықтық тәртібін белгілеуге немесе өзгертуге бағытталған біріктіруші шарттар, азаматтық шарттардың жеке түрі ретінде қарастырылуы тиіс. Егер шарттарды одан туындайтын құқықтық зардаптар бойынша жіктейтін болсақ, сондай-ақ ортақ меншікті бөлу туралы шарттарды және ортақ меншіктегі объектілерді пайдалану тәртібі туралы келісімді шарттың осы түріне жатқызуға болады. Оның кешенді сипаты, неке шартының ерекшелігі болып саналады, ол ерлі-зайыптылар мүлкінің құқықтық тәртібін жасау немесе оны өзгертуге бағытталған ғана емес, сонымен бірге бір-бірін асырауға ерлі-зайыптылардың қаражат беру мәселелерін реттеу ережелерінен тұруы тиіс.

Неке шарты некеге отырғанға дейін, сондай-ақ некеге отырғаннан кейін де жасалуы мүмкін. Егер шарт некені тіркегенге дейін жасалса, онда ол некені тіркегеннен кейін барып күшіне енеді («Неке және отбасы туралы» Заңның 39-бабының 1-тармағы). Егер неке шарты некені тіркегенге дейін жасалса, мұндай неке шарты — шартты мәміле болып саналады. Ол некеге отырған кезден бастап қана күшіне енеді. Бұл неке шартының, субъектілердің арнайы құрамын болжайтындығымен байланысты, ерлі-зайыптылар ғана арнайы құрам бола алады, егер некеге тұрмай қалса, арнайы субъектілік құрам туралы заңнама талаптары орындалмаған болады.

Өйткені ерлі-зайыптылар ғана неке шартының субъектілері болуы мүмкін, яғни неке шартын жасау қабілетін некеге тұру қабілетімен байланыстыру көзделеді. Егер тұлға неке жасына жетпесе, ол некені тіркеу кезіне дейін ата-аналарының немесе қорғаншыларының келісімінсіз неке шартын жасай алмайды. Некеге отырғаннан кейін кәмелетке жасы толмаған ерлі-зайыптылар толық көлемде әрекетке қабілеттілікке ие болады және өздігінен неке шартын жасауға құқылы.

ҚР АҚ 27-бабына сәйкес кәмелетке жасы толмағандардың теңдік алуы неке шартын өздігімен жасау құқығы деп тану көзделеді, өйткені теңдік алған кезден олар толық әрекетке қабілетті болып саналады.

Неке шартын орындауды ерлі-зайыптылар әрекетке қабілетілігіне қатыссыз түрде жүзеге асырмауы мүмкін. Алайда неке шартын жасау үшін ерлі-зайыптылар әрекетке қабілеттілікке ие болуы тиіс. Егер ерлі-зайыптылар бірі әрекетке қабілетсіз болса, неке шарты оның қорғаншыларының атынан жасалуы мүмкін. ҚР АҚ-ның 27-бабының тәртібінде әрекетке қабілеттілікті шектеу сондай-ақ неке шартын жасау қабілетіне әсерін тигізеді, өйткені әрекетке қабілеттілікті шектелген тұлға, ұсақ тұрмыстық мәмілелер жасауға ғана құқығы бар. Демек, неке шартын жасау үшін мұндай жағдайда қорғаншының келісімі қажет. Некені заңсыз деп тану неке шартын автоматты түрде заңсыз деп тануға әкеледі. Некеде болу, жоғарыда айтылғандай, неке шартының қажетті элементі болып табылады, сондықтан да, неке заңсыз деп танылатын болса, шарт жасаған кезден күшін жояды, неке шарты сондай-ақ неке шартын жасаған кезден бастап заңдық күшін жоғалтады. Адал ерлі-зайыптылардың мүдделері үшін ғана осы ережеде ерекшеліктер көзделді.

Неке шарты, оны жасаған тұлғаның тіркелген некеде тұратындығын жорамалдайды. Осымен байланысты осы шартты нақты ерлі-зайыптылар жасай ала ма деген мәселе туындайды. Сөзсіз, олардың келісімі осы сөздің қатаң мағынасында неке шарты бола алмайды, өйткені Қазақстан заңнамасы нақты некеге құқықтық маңыз бермейді. Алайда, азаматтық заңнамасында шарттардың толық тізбесі берілмеген, ал нақты ерлі-зайыптылар принципі тұрғысынан мүліктік қатынастарды реттеуге арналған келісім жасай алады. Егер мұндай келісім заң талаптарына сай келетін болса, олар заңды деп танылуы тиіс¹³.

Неке шарты жазбаша үлгіде жасалуы тиіс және нотариатпен куәландырылуы қажет («Неке және отбасы туралы» Заңның 39-бабы 2-тармағы). Заңмен талап етілген үлгілердің сақталмауы неке шартының заңсыздығына әкеледі. Үлгілерге мұндай талаптардың қойылуы ерлі-зайыптылар үшін де, сол сияқты үшінші тұлғалар үшін де неке шартының ерекше маңызы барлығымен байланысты. Бұл шарт, негізінен, ұзақ уақыт аралығында қолданылады және алдағы уақыттағы мүліктік құқық пен міндеттерді айқындайды. Сондықтан да осы құқықтарды бекіту үшін, оған нотариалдық формалар (үлгілер) беру арқылы қол жететін айқындық пен белгілілік қажет.

Ерлі-зайыптылар мүлкінің құқықтық тәртібін белгілеу неке шарты мазмұнының негізгі элементі болып саналады. Неке шартымен айқындалған мұндай тәртіп ерлі-зайыптылар мүлкінің шарттық тәртібі болып аталады. Шарттық тәртіп жасау кезінде ерлі-зайыптыларға неғұрлым кең құқықтар берілген. Олар оның негізі ретінде ерлі-зайыптылар мүлкінің тәртібін

¹³ Брачный договор//Юридическая газета. 1998. 24-маусым.

(оның тақырыптарын толықтыру арқылы немесе өзге ережелер негізінде) пайдалануы мүмкін. Мысалы, белгілі бір сомалардан жоғары барлық мәмілелерде ерлі-зайыптылардың әрбірі екіншісінің жазбаша келісімі арқылы ғана жасалатыны шартта көрсетуге болады.

Ортақ мүлік құрамынан мүліктердің кейбір түрлерін шығарып тастауға болады, мысалы, зейнетақылар немесе жәрдемақылар, кәсіби қызмет заттары, қосымша табыстар, қымбат асыл тастар, әуесқойлық үшін пайдаланынған заттар. Мұндай жағдайларда ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынасы бір мезгілде, олар неке шартымен және неке шарты ережелерімен өзгермеген бөлігіне қатысты ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды тәртібі туралы нормалармен реттелетін болады. «Неке және отбасы туралы» Заңында көзделген ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды ортақтығы тәртібінен осы тәртіптің өзгешелігі, шарттық ортақтық тәртібі деп аталатын болады.

Ерлі-зайыптылар сондай-ақ өзі үшін бөлек мүлік тәртібін белгілеуге құқылы. Мұндай жағдайда ортақ меншікке қатысты ерлі-зайыптылардың қатынасы неке шарты ережелерімен ғана реттелетін болады. Жалпы түрдегі бөлектік тәртібі, некеде тұрған кездегі ерлі-зайыптылардың әрбірінің сатып алған мүлкі осы ерлі-зайыптының біріне жататынын көздейді. Принципті тұрғыдан алғанда, бөлектік тәртібін қазіргі отбасы үшін неғұрлым әділетті деп атауға болады, яғни ерлі-зайыптының екеуі де үй-ішілік міндеттерін аз және көп деңгейде теңдей дәрежеде бөледі және екеуінің де дербес табыстары бар. Бөлектік тәртібі, ерінің табысымен салыстырғанда зайыбының табысы неғұрлым жоғары отбасылары үшін мұның артықшылықтары бар, егер ол бұл ретте үй шаруашылығын жүргізу мен балаларды тәрбиелеуін жалғастыратын болса. Мүліктің бөлектік тәртібі жағдайында ерлі-зайыптылардың әрбірі жалпы шаруашылықты жүргізуге, ортақ тұрғын жайды төлеуге және өзге жалпы шығындарды төлеуге қандай қаражат бөлетіндігін анықтау қажет. Бұл салымдар, ерлі-зайыптылардың әрбірінің кірісіне тең және пропорционал болуы тиіс. Отбасылық өмірде іс жүзінде ортақ мүлік, мысалы, жиһаздар, машиналар сатып алудан қашып құтылу мүмкін емес. Ерлі-зайыптылар мүліктерінің бөлектік тәртібі кезінде, ерекше тәртіпте бұл объектілер ортақ үлес немесе бірлескен меншік құқығында оларға жататын болады. Олар, сондай-ақ ортақ мүлікті пайдалану және ұстау тәртіптерін әзірлеуі, сондай-ақ бөлетін жағдайда оның тағдырын күні бұрын анықтауы мүмкін.

Бөлек немесе ортақтық шарт тәртіптері тәжірибеде таза түрінде сирек кездеседі. Көпшілік жағдайларда ерлі-зайыптылардың өздері үшін, мүліктің бөлек және ортақтық жекелеген элементтерін үйлестіретін аралас тәртіпке артықшылық береді. Атап айтқанда, олар өздерінің бірге тұратын тұрғын жайы бірлескен меншік болатынын, ал табыстар мен өзге мүлік — бө-

лек мүлік болып саналатынын көздеуі мүмкін. Кәсіпорынға салынған мүлік, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың бірінің меншігі болатынын, ал осы кәсіпорыннан алынған табыстар ортақ мүлікті құрайтынын белгілеуге болады. Ерлі-зайыптылардың еңбек қызметінен алған кірістері (табыстары) және солардың есебінен сатып алынатын мүлік ортақ болып саналатынын, ал қосымша кірістер (табыстар), соның ішінде кәсіпкерлік қызметтен алынған табыстар, оны алған ерлі-зайыптылардың біріне жататынын анықтау, жиі кездесетін өзге жағдай болып саналады.

Ерлі-зайыптылар өздері үшін мүліктің кез келген өзге тәртібін таңдауға құқылы, мысалы, олар бірқатар Скандинавия елдерінде қолданылатын үлгіні таңдап алуы мүмкін, соған сәйкес неке кезеңіндегі мүлік бөлек мүлік ретінде қарастырылады, алайда ол шартты тоқтатқан кезде, неке уақытында ерлі-зайыптылардың, әрбір сатып алған мүліктің жиыны қосылып, алынған сома олардың арасында теңдей бөлінеді.

Ерлі-зайыптылар өз мүлкінің бөлігіне қатысты ғана неке шартын қолдана алады. Аталған жағдайда осы мүлікке шарттың тәртіп күші қолданылатын болады, ал қалған мүлікке қатысты бірлескен меншіктің заңдық тәртібі қолданылады.

Егер ерлі-зайыптылардың екеуі де дербес табыстары бар болатын болса, онда неке шартында олардың бір-бірінің табысына қатысу тәсілдері анықталуы мүмкін. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі ғана табыс (кіріс) алатын болса, онда неке шартының көмегімен осы табысқа ерлі-зайыптының енді бірінің қатысу тәртібі белгіленген болуы мүмкін. Мысалы, шартта кәсіпкерлік қызметтен алынған табыстың 25 пайызы ерлі-зайыптылардың екіншісінің меншігіне түсетіні көрсетілетін болады.

Неке шартында ерлі-зайыптылардың бір-бірін асырау немесе ерлі-зайыптылардың бірінің екіншісін асырауы жөніндегі міндеттемелерді қарастыру құқығы бар. Егер де сөз қолданысындағы заңдарға сәйкес алимент алу құқығына ие ерлі-зайыптылардың бірін асырау туралы болып отырса, бұл ереже алимент келісімдері үшін белгіленген барлық шектеулерге бағынады. Атап айтқанда, әрекетке қабілетті емес, көмекті қажетсінуші ерлі-зайыптылардың бірінің құқығы бұзылмауы тиіс. Алайда, неке шартында, заң бойынша алимент алу құқығына ие емес, ерлі-зайыптылардың бірін асырау құқығын қарастыруға болады.

Ең алдымен, бұл уақытының көп бөлігін отбасына бөлу үшін ерлі-зайыптылардың екеуінің өзара қалаулары бойынша жұмысты немесе оқу оқуын қалдыратын ерін (жұбайына) қатысты болады. Мұндай ерлі-зайыптылар, сөзсіз түрде неке шартында ерлі-зайыптылардың екіншісіне (еріне) жұбайынан, некеде тұрған кезінде, сол сияқты некені бұзғаннан кейін де өзін асырау қаражат алу құқығының оның көрсетілуіне мүдделі болады. Ке-

рісінше жағдайда, отбасы үшін өзінің кәсіби қызметтік өсуін құрбан еткен ерлі-зайыптылардың бірі өте қиын жағдайда қалуы мүмкін, өйткені ол көп жылғы үзілістен кейін өзіне сәйкес жұмыс таба алмайды.

Заң бойынша осындай құқыққа ие емес ерінің (жұбайының) екіншісінен өзін асырауы үшін қаражат алу құқығын ерлі-зайыптылар неке шартына енгізуі мүмкін және ерлі-зайыптылар осылай жасауды қажетсінген өзге жағдайларда да мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың неке шартына мүлікті болуы мүмкін жағдайлардағы ережені енгізу құқығы бар. Олар, мысалы, қандайда бір заттар кімге беріледі және қандай мөлшерде орнын толтыратындығын күні бұрын анықтауы мүмкін. Осындай келісімдер, ерлі-зайыптылардың бірі оған көп үлесін қосқан мүліктің, оны бөлу кезінде екіншісіне қалатындығына байланысты қауіпті болдырмауына көмектеседі.

Егер неке шарты ерлі-зайыптылар біраз жыл некеде тұрып, белгілі бір мүліктер сатып алғаннан кейін жасалса, онда ол екеуі жиған мүліктің тағдырына қатысты болады. Неке шартында сондай-ақ осындай мүліктің құқықтық тәртібінің өзгеруін (алдағы уақытқа, сол сияқты некеге тұрған кезден кері күшімен) қарастыруға болады. Ерлі-зайыптылар неке шартының көмегімен, олардың әрібіріне жататын, оның ішінде некеге дейінгі мүлікті қайта бөлуге құқылы. Олар, мысалы, осы мүліктің барлығы олардың ортақ меншігі болып саналатынын белгілеуі мүмкін.

«Неке және отбасы туралы» Заңындағы 40-бабының 1-тармағында көрсетілген, ерлі-зайыптыларға берілген мүмкіндіктер, ерлі-зайыптылар неке шартына енгізуге құқылы ережелерді толықтай қамтымайды. Кез келген жағдай, егер олар ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарына қатысты болса, «Неке және отбасы туралы» Заңның 40-бабының 3-тармағымен шарттық құқықтың жалпы нормаларына қайшы келмейді және заңды болып саналады.

«Неке және отбасы туралы» Заңындағы 40-бабының 2-тармағына сәйкес, неке шартында көзделген құқықтар мен міндеттер белгілі бір мерзімдермен шектелуі мүмкін. Ерлі-зайыптылар, мысалы, некеге тұрған алғашқы жылда олардың мүлкі бөлек болатынын, ал осы мерзім өткеннен кейін мүліктің ортақ болатынын көрсетуі мүмкін.

Неке шартымен белгіленген ерлі-зайыптылардың құқықтар мен міндеттерін белгілі бір жағдайлардың болуына немесе болмауына тәуелді етіп қоюға болады. Бұл талап тоқтаусыз, сол сияқты күшін жоюға болатын болуы мүмкін. Мысалы, ерлі-зайыптылар шарттық тәртіп ретінде бөлек болу тәртібін таңдайды, алайда, бала туған жағдайда бұл режим ортақтық тәртіппен ауыстырылатынын көрсетеді. Немесе ерлі-зайыптылардың бірі, өз оқуын аяқтағанға дейін өзін асырау құқығына иеленеді. Осы шарттарға қойыла-

тын талап, әдетте шартты мәмілелерде қойылатын талаптар сияқты болады¹⁴.

Субъектілер әрекетке қабілетті болуы тиіс, өз еркін білдіруге сәйкес келуі тиіс және еркін қалыптасуы қажет, неке шартының мазмұны заңға қайшы келмеуі тиіс. «Неке және отбасы туралы» Заңның 40-бабының 3-тармағына сәйкес, неке шарты ерлі-зайыптылардың құқық қабілеттілігін және әрекет қабілеттілігін, өз құқықтарын қорғау үшін ерлі-зайыптылардың сот-қажүгіну құқығын шектей алмайды. Неке шарты ерлі-зайыптылардың балаларға қатысты құқықтарын реттей алмайды. Неке шарты балаларға қатысты талаптардан құралмайды, өйткені бұл ең алдымен, субъективтік құрамы бар келісім және оған ерлі-зайыптыларға қатысты ғана талаптар кіреді, ол үшінші тұлғалар, оның ішінде балалар үшін құқықтар мен міндеттерді туғызбайды. Өйткені балалар құқықтың дербес субъектілері болып саналады, тіпті ата-аналары оларды тәрбиелеу немесе бағумен (асыраумен) байланысты келісім жасауға құқылы болғанның өзінде немесе олар балалардың заңды өкілдері ретінде әрекет еткенде — алименттік құқықтық қатынастарда немесе балалар үшін белгілі бір құқықтық салдар туғызатын келісім жасайды. Сондықтан да балалардың құқықтарын қозғайтын барлық актілер жеке жасалуы тиіс, ал бірқатар жағдайларда белгілі бір жасқа толған балалардың пікірлерін ескере отырып жасалады.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың жеке мүліктік емес қатынастарын реттей алмайды. Бұл мынадай жағдайлармен байланысты: неке шартына, оны орындамаған жағдайда мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырылатын құқықтар мен міндеттер енгізілуі мүмкін.

Таза жеке сипатқа ие міндеттер, жоғарыда әлденеше рет атап өтілгендей, мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырылуы тиісті емес. Егер ерлі-зайыптылар неке шартына, жуынды шелекті кім шығаруы керек, баланы кім ұйықтатады, осыларды енгізу мүмкіндігін алатын болса, онда осы міндеттерді орындамағаны үшін олар ешқандай да санкциялар белгілей алмаған болар еді. Осындай мән-жайлар бойынша сот даудан көз алдына елестетудің өзі қиын.

Ерлі-зайыптылар жеке қатынасын келісімдер көмегімен реттеуі мүмкін, алайда бұл келісім құқықтық емес сипатқа ие болады. Неке шарты, сондай-ақ еңбекке қабілетсіз, көмек қажетсінуші ерлі-зайыптының бірінің алимент алу құқығын шектеуге бағытталған талаптардан тұра алмайды.

Сондай-ақ неке шарты ерлі-зайыптылардай бірін аса қолайсыз жағдайға қоймауы тиіс. Керісінше жағдайда, шарт талас туғызатын мәміле болып са-

¹⁴ *Одинцов А. В.* Особенности договорного регулирования семейных имуществен-

налады және құқығы бұзылған ерлі-зайыптылардың бірінің талап қоюы бойынша заңсыз деп танылуы мүмкін. Мұндай арнайы негіздердің қажеттігі, неке шартының тараптарының жеке қатынастарымен тығыз байланысты екендігінен туындайды. Осылардың нәтижесінде адамгершілік қасиеттерін теріс пайдалану жайлары болуы мүмкін, яғни осылардың нәтижесінде шартқа қол қойып, алдағы уақытта оның құқықтарының түбегейлі бұзылуына әкеледі.

Соған сәйкес ерлі-зайыптылардың бірі некеде тұрғанда жинаған мүлікті иелену құқығынан толық бас тартатын, некеге тұрғанға дейінгі өз мүлкін еріне (жұбайына) беретін шарттарда немесе осыған ұқсас шарттарда, олардың біреуін аса қолайсыз жағдайға қоятын келісімдер ретінде қарастыру көзделеді. Бұл талаптар, қағида бойынша неке шартына қолдануға болатын болса, өзі үшін аса тиімсіз жағдайларда, ауыр мән-жайлардың болу әсерімен, тұлға жасаған азаматтық-құқықтық мәмілелерді заңсыз деп тану мүмкіндігін қарайтын ережелерге ұқсас емес. Аталған жағдайда ауыр мән-жайлардың болғандығын дәлелдеп жатудың қажеттігі жоқ, ерлі-зайыптылардың бірінің екіншісін аса қолайсыз жағдайға қою фактісінің өзі жеткілікті болып саналады.

Неке шарты отбасы заңнамасының негізгі ережелеріне қайшы келмеуі тиіс. Мемлекеттің отбасын, отбасындағы ерлі-зайыптылардың теңдігін қорғау, отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелерінің мүдделерін қорғау басымдығын қамтамасыз ету, «Неке және отбасы туралы» Заңының 2-бабына сәйкес, аталмыш жағдайда қолданылуы мүмкін отбасы заңнамасының негізгі бастаулары (ережелері) болып саналады. Осы бастаулардың кез келген біреуінің бұзылуы жағдайында неке шартына мүдделі ерлі-зайыптылардың бірі оған қарсылық білдіре алады.

Мемлекеттік отбасын қорғау принципін бұзуы кезінде, некені бұзуға қолдау көрсететін неке шартының талабы заңсыз деп танылуы мүмкін, мысалы, ажырасу үшін ерлі-зайыптылардың бірінің мүлікке мүдделілігін туғызуын айтуға болады. Ерлі-зайыптылардың теңдік принципі, олардың біреуін аса қолайсыз жағдайға қою жағдайлармен бұзылуы мүмкін.

Неке шартын өзгерту немесе тоқтатуды ерлі-зайыптылардың келісімі бойынша кез келген уақытта жүзеге асыруға болады. Мұндай өзгерту немесе тоқтату туралы келісім жазбаша түрде жасалып, нотариатпен куәландырылуы тиіс. Неке шартын орындаудан біржақты бас тартуға рұқсат етілмейді. Алайда, тараптар неке шартын өзгерту немесе бұзу туралы келісімге қолжетпеген жағдайда осындай ахуалдар туындауы мүмкін. Мұндай жағдайларда шарт, мүдделі ерлі-зайыптылардың бірінің талап қоюы бойынша, сот арқылы бұзылуы немесе өзгертілуі мүмкін.

Осы жағдайларды талдаудан мынандай қорытынды жасауға әкеледі: олар басты түрде коммерциялық шарттарды реттеуге арналған.

Неке шарты, ең алдымен ұзаққа созылу сипатымен байланысты, соттың жиі түрде өзгертуін жеке тоқтатуын талап етуі мүмкін (ҚР АҚ 402-бабында көздеген барлық талаптар болмаған жағдайда). Неке шартын қолдану уақытында ерлі-зайыптылардың бірі еңбекке қабілетсіз болып, жұмысын жоғалтып, ерлі-зайыптылар кірісінің ара қатынасы, неке шарты олардың бірі үшін аса қолайсыз жағдай туғызатындай түрде өзгеруі мүмкін. Мысалы, табыс деңгейі төмен ерлі-зайыптылардың бірі, өзіне жақсы қамтамасыз етілген, еріне (жұбайына) еріксіз асырайтын болады.

Егер неке шарты бұзылмаған болса, ол неке шартын тоқтатқанға дейін қолданылады. «Неке және отбасы туралы» Заңының 41-бабының 3-тармағында, неке шартының қолданылуы, некені тоқтатқаннан кейінгі неке шартында көзделген міндеттемелерді қоспағанда, некені бұзумен неке шартының тоқтатылатынын көрсетеді. Бұл мынандай жағдаймен байланысты, неке шарты, некені тоқтатқаннан кейін өмір сүретін құқықтар мен міндеттерді белгілеуі мүмкін, ең алдымен бұл некені тоқтатқаннан кейін ерлі-зайыптылардың бірін асырау жөніндегі міндеттемелерге қатысты.

Егер, неке шартында мүлікті бөлу жөніндегі ерлі-зайыптылар қатынасын реттейтін ереже көзделген болса, олар сондай-ақ некені тоқтатқаннан кейін де қолданылады. Неке шартымен, некені бұзғаннан кейінгі мүлікті пайдалану тәртібін анықтауға болады. Некені тоқтатумен мүліктің шарттық тәртібінің қолданылуы да тоқтайды. Осы кезден бастап сатып алынған барлық мүлік, оны сатып алған ерлі-зайыптылардың біріне жатады. Бұл келесі жағдайлармен түсіндіріледі: өзі үшін мүліктің шарттық тәртібін белгілеу құқығына ерлі-зайыптылар ғана ие болады, ал ажырасқан уақыттан бастап ондай құқықтары болмайды.

Неке шарты кез келген өзге мәмілелер сияқты, сот тәртібімен заңсыз болып танылуы мүмкін. Мәмілені заңсыз деп тану азаматтық заңнамада көзделген негіздер бойынша және тәртіпте ғана мүмкін болады. Неке шарты, егер оның мазмұны заңға қайшы келетін болса, маңызсыз болып саналады. Егер отбасы немесе азаматтық заңнама нормаларын бұзатын болса, неке шартының мазмұны заңға қайшы болып танылады.

Құқық тәртібі мен адамгершілік негіздеріне қайшы келетін мақсатта неке шартын жасау аса сирек кездеседі. Мысалы, некені тіркеп, неке шартын тіркеуде құқық қорғау органдарын шатастыру мақсатында, жеңгетай мен жезөкше арасында шарт жасалғанда, осындай жағдай болуы мүмкін.

Неке шарты, құқықтық салдар туғызу мақсатынсыз жасалғанда, алдамшы мәміле болып саналады, мысалы, қандайда бір мүліктен үлесін өндіру

ерекше мақсатын қойғанда, мұрагерлердің құқығын төмендеткенде, жалған некеге отыру кезінде некеге отырғандық түр көрсету.

Неке шарты, егер тараптар нақты жасаған өзге мәмілені бүркемелесе, өтірік мәміле болып саналуы мүмкін. Мысал ретінде, ерлі-зайыптылардың мүлкін сатып алу, сату салық төлеуді болдырмау мақсатында неке шарты формасын иеленеді.

Отбасы заңдары сондай-ақ неке шартының маңызсыздығын тану үшін арнайы негізді көздейді.

Неке шарты, егер түбегейлі шатастыру немесе алдау жолымен жасалса, талас тудыарлық мәміле болып саналады. Шатастыру немесе алдау осындай шартты заңсыз деп тану үшін жеткілікті түрде негіз болып қызмет етеді, егер соның нәтижесінде ерлі-зайыптылардың бірінің неке шартының табиғаты туралы немесе оның түбегейлі талаптары туралы дұрыс емес түсінік пайда болады.

Егер ерлі-зайыптылардың бірінде заңдық сауаты болмауынан немесе өзге себептер бойынша, неке шарты ретінде ол өзі үшін ерлі-зайыптылар мүлкінің басқа тәртібін белгілеп, оны түсіну жағдайында болмаса, салыстырмалы түрде неке шартының табиғатын шатастыру болуы мүмкін. Бұл сөз осыған дейін жинаған мүлікті бөлу жайында болып отыр немесе шарттық сипаты туралы өзге бұрмаланған түсініктер туралы болып отыр деп жорамалдауы мүмкін. Ерлі-зайыптылардың неке шартын жасау кезінде оны шешуге түбегейлі әсерін тигізетін мән-жайлар туралы түсініктері дұрыс емес болуы мүмкін. Мысалы, ол ерлі-зайыптылардың бірінің, салыстырмалы түрде денсаулық жағдайына, еңбекке қабілеттілігіне, мүліктік жағдайына, олардың балаларының бар екендігі туралы шатастыру үшін енгізілуі мүмкін.

Неке шартын жасау себептері бойынша шатастыру, белгілі бір жағдайларда олар, неке шартының жеке сипатын ескере отырып, шешуші рөл атқаруы мүмкін болса да, түбегейлі маңызға не деп танылмайды. Мысалы, ерлі-зайыптылардың бірі, екіншісінің сүйіспеншілігін басшылыққа ала отырып, ол да осындай сүйіспеншілікпен жауап береді деген жорамалмен, өзге еңбекке қабілетті ерлі-зайыптылардың бірінің мазмұнын көздейтін неке шартын жасайды, содан кейін, ерлі-зайыптылардың екіншісінің тарапынан некеге отыру есеппен жасалғанын біледі, мұндай жағдайда сот бұны назар аударусыз қалдырмайды.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың бірінің немесе үшінші тұлғалардың құқығын бұзатын жағдайларға, осындай шарт жасаудың белгілі бір тәжірибесі қалай қалыптасатындығына қарай, сөзсіз түрде, барған сайын азая түседі. Неке шарты, оны жасағысы келетін ерлі-зайыптылардың әрбір жұбына өзі үшін мүліктің оңтайлы құқықтық тәртібін таңдауға мүмкіндік береді.

4-ТАҚЫРЫП. АТА-АНАЛАР МЕН БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ЖӘНЕ МҮЛІКТІК ҚАТЫНАСТАР

4.1. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттерінің пайда болу негіздері

Ата-ана мен баланың арасындағы құқықтық қатынастың пайда болуының заңдық негізі — баланың ата-анадан шығу тегі болып табылады. Әлемде ата-аналар қарым-қатынасы тек қана биологиялық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылатын теория қалыптасқан және де әлеуметтік әкелік немесе ана болу концепциялары пайда болған.

Ата-аналардың құқықтық қатынастарының пайда болуы ҚР «Неке және отбасы туралы» заңының 45-бабы бойынша балалардың заңмен белгіленген тәртіппен куәландырылған тегіне негізделеді.

Әкелікті анықтауды тіркеу АХАЖ органдарында жүргізіледі. Бір-бірімен некеде тұратын ата-аналардың баласының шығу тегі ата-аналардың некесі туралы жазумен куәландырылады.

ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 46-бабының 4-тармағы бойынша баланың анасымен некеде тұрмайтын адамның әке болуы баланың әкесі мен анасының АХАЖ органына бірлесіп арыз беру жолымен жүргізіледі.

ҚР «Неке және отбасы туралы» заңының 47-бабы бойынша бір-бірімен некеде тұрмайтын ата-аналардан бала туған жағдайда және ата-ананың бірлескен арызы немесе бала әкесінің арызы болмаған кезде баланың нақты адамнан туу тегі ата-аналарының біреуінің, бала қорғаншысының (қамқоршысының) арызы бойынша немесе баланы асырап отырған адамның арызы бойынша, сондай-ақ баланың кәмелетке толғаннан кейінгі өз арызы бойынша сот тәртібімен белгіленеді.

ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 178-бабы бойынша әке болуды анықтауды тіркеу ата-ананың біреуі тұратын жер бойынша АХАЖ органдарында, ал сот шешімі бойынша әкелікті анықтау барысында сол шешім шығарған жердегі АХАЖ органдарында жүргізіледі.

Кәмелет жасқа толған адамдарға қатысты әкелікті анықтауды тіркеу туралы өтініш, оның келісімімен ғана рұқсат етіледі, ал егер ол әрекет қабілетсіз болса, оның қорғаншысының немесе қамқоршысының келісімімен жол беріледі. Мұндай жағдайларда ата-аналардың өтініштеріне міндетті түрде кәмелетке толған адамның немесе оның қорғаншысының жазбаша келісімі қосылуы қажет.

Әкелікті анықтауды тіркеу туралы өтініш ҚР Әділет министрлігінің бекіткен нысанына сай болу керек. Мұндай нысан болмаған жағдайда өтініште осы нысанда көрсетілген барлық мәліметтер болуы тиіс.

Өтініш түскен күні өтініштерді тіркейтін арнайы журналда тіркелуі қажет.

Әкелікті анықтауды тіркеу, баланың әкесінің некеде болуына байланысты емес. Сондықтан ерінің келісімі әкелікті анықтауды тіркеуге қажет емес.

АХАЖ органдары, егер баланың туу туралы актісінде әкесі көрсетілген болатын болса, мұндай өтінішті қабылдай алмайды. Мұндай жағдайда әкелікті анықтауды тіркеу туралы өтініш түскен болса, АХАЖ органдары баланың тууы туралы актілерді, яғни әкесі туралы мәліметтерді тексеруге міндетті.

Мұндай тексеріс мынадай жағдайларда міндетті түрде жүргізіледі:

- а) егер әкелікті анықталушы баланың шешесі тіркелген некеде тұратын болса;
- ә) егер баланың анасы тіркелген некеде тұрмаса, ал баланың тууы туралы куәлігінде анасының тегіне сәйкес келмейтін әкесінің тегі көрсетілген жағдайда.

Егер туу туралы басқа АХАЖ органдарында тіркелсе, оның көшірмесі АХАЖ органымен бір айдың ішінде сұратылуы тиіс. Мұндай жағдайда өтініш журналда түскен күні әдеттегі тәртіппен тіркеледі, ал әкелікті анықтау тууы туралы жазу актісінің көшірмесін алған уақыттан басталады. Сонымен қатар тууы туралы жазба актісінің көшірмесін сұратқандығы жөнінде өтініш берушілерді хабарландырады және оны белгілі бір алу уақытын есептей отырып, әкелікті анықтауды тіркеу күнін белгілейді.

Егер баланың тууы туралы жазба актілерінде баланың әкесі ретінде өтініш берушінің жұбайы немесе басқа адам көрсетілсе (ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 49-бап 3-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда), әкелікті анықтауды тіркеуден, баланың тууы туралы жазба актілерінен әкелік туралы мәліметтерді алып тастау бойынша соттың шешімінсіз бас тартылады.

Сот шешімімен психикалық ауруы немесе ақыл-ес кемістігі бойынша әрекет қабілетсіз деп танылған адамның, сонымен қатар оның қорғаншысының өтініші бойынша әкелікті анықтауға жол берілмейді.

Тууды және әкелікті анықтауды бір мезгілде тіркеу кезінде міндетті түрде тууы туралы және әкелікті анықтау туралы жазба актісінде қалыптасады. Сонымен бірге тууы туралы жазба актісінде баланың тегі анасының тегі бойынша көрсетіледі, ал оның әкесінің аты және әкесі туралы мәліметтер ата-аналардың әкелікті анықтау туралы бірлескен өтініші бойынша жазыла-

ды. Егер де ата-аналар (әкесі) балаға әкесінің тегін бергісі келетін болса, бұл әкелікті анықтау туралы актінің негізінде өзгертіледі.

4.2. Ата-аналардың және балалардың құқықтары мен міндеттері

Баланың дүниеге келуі ата-аналар мен оның арасында құқықтық қатынастардың пайда болуына әкеліп соқтырады. «Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері» деген жалпы түсінік ата-аналарға отбасы қатынастарының субъектісі ретінде тиесілі болатын белгілі бір мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттердің топтарын біріктіреді.

В. А. Рясенцевтің пікірі бойынша ата-аналар құқықтарының арнайы белгілері бар:

біріншіден, олар қысқа мерзімді сипатта болады, өйткені ата-аналарға тек қана балалар кәмелетке толғанға дейін тиісті болады;

- екіншіден, бұл құқықтық қарым-қатынастарда ата-аналар мен балалардың мүдделері бірігеді. Балалар заңмен қорғалуға ие болады.

Заң бойынша ата-аналар өздерінің балаларына қатысты тең құқықтарға ие болып, тең міндеттер атқарады. Бұл құқықтардың көлемі балалардың заңды некеде туылғанына немесе туылмағанына, әкелігі ерікті немесе сот тәртібімен анықталғанына байланысты емес. Сонымен қатар ата-аналардың баламен бірге тұруына немесе тұрмауына байланысты болмайды. Егер ата-аналар бөлек тұратын болса, баланың кіммен тұратыны олардың арасындағы келісім бойынша анықталады.

Егер ата-аналар өзара келісімге келе алмаса, онда кәмелетке толмаған балалардың кіммен тұратыны сотпен анықталады.

Сот мұндай жағдайда баланың пікірін ескереді. Қажеттілік туындаған жағдайда қорғаншы және қамқоршы органдар ата-аналардың әрқайсысының өмір сүру жағдайларын тексереді. Материалдық жағдайларымен қатар, баланың ата-аналарының әрқайсысымен арасындағы қарым-қатынасы, баланың ата-аналарымен, ағаларымен және апаларымен, атасы мен әжесіне бауыр басқандығы ескеріледі. Ата-аналардың әрқайсысының жеке және моральдық қасиеттеріне де көп көңіл бөлінеді. Ата-ананың табысының көлемі анықтаушы болып табылмайды, өйткені баланың екінші ата-анадан өтемақы алу құқығы сақталады. Сонымен қатар ата-аналардың отбасы жағдайы да шешуші фактор болып табылуы мүмкін.

Баланы ата-аналардың біреуіне беру кезіндегі мәселелерді шешу барысында заң бойынша олардың бір-бірінен басымдығы болмайды.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларға талдау жасағаннан кейін сот баланы ата-аналардың біреуіне беру туралы шешім шығарады. Бірақ екінші ата-ана өзінің құқықтарын сақтап қалады. Баладан бөлек тұратын ата-ананың баламен араласуына, оның тәрбиесіне қатысуға және баланын білім алуы бойынша мәселелерді шешуге араласу құқығы бар.

Ал өз кезегінде бала қолында тұрып жатқан ата-ана мұндай баланың физикалық немесе психикалық денсаулығына, тәрбиесіне кері әсерін тигізбеген болса, екінші ата-анаға бөгет жасауға болмайды. Әрине баладан бөлек тұратын ата-ана өзінің құқықтарын толық көлемде жүзеге асыра алмайды.

Егер ата-ана бала тәрбиесі туралы өзара шешімге келе алмаған жағдайда, дау қорғаншы және қамқоршы органның қатысуымен сотта шешіледі.

Баладан бөлек тұратын ата-ананың өзінің баласы туралы тәрбие беру, емдеу және басқа мекемелерден ақпарат алуға құқығы бар. Ақпаратты беруден ата-ана тарапынан баланың өмірі мен денсаулығына қауіп болған жағдайда бас тартуы мүмкін. Тағы мұндай жағдайда дау сот арқылы шешіледі.

Кәмелетке толмаған ата-аналардың баламен бірге тұруға және оған тәрбие беру ісіне қатысуға құқығы бар. Егер бала 16 жасқа толмаған азаматтардан туған болса, онда балаға қорғаншы тағайындалады да, ол баланың тәрбиесін кәмелетке толмаған ата-аналар мен баланын қорғаншысы арасындағы қайшылықтар қорғаншы және қамқоршы органдар арқылы шешіледі. Кәмелетке толмаған ата-аналар өздерінің құқықтарын 16 жасқа толғаннан кейін жеке жүзеге асыра алады.

Кәмелетке толмаған ата-аналарға, жасына қарамастан, жалпы негіздер бойынша аналығын немесе әкелігін даулауға немесе тануға құқық беріледі, ал 14 жасқа толғаннан кейін өздерінің балаларына қатысты әкелегін анықтауды сот тәртібімен талап етуге құқылы.

Ата-аналардың құқықтары мен міндеттерінің мазмұны. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттерінің арасындағы ең маңыздысы — ата-аналардың балаларды тәрбиелеу құқығы болып табылады.

Бұл құқықтарды жүзеге асыру ата-аналарға міндеттер жүктейді.

Тәрбие — бұл балаларға әсер ететін ұзақ үрдіс. Тәрбие берудің мазмұны заңмен анықталмаған, өйткені заң тәрбие процесін толығымен қамти алмайды. Тәрбиелеуге деген құқық — ата-аналардың өз балаларының денсаулығын жақсарту, физикалық, психикалық, рухани және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған міндеттері. Бірақ тәрбие жұмыстарын жүргізудің түрін, әдістерін, жолдарын ата-аналар өздері анықтайды. Сонымен қатар «Неке және отбасы туралы» Заңының 64-бабы бойынша ата-аналарға шектеулер де қойылған.

Ата-аналар басқа адамдармен салыстырғанда өз балаларын тәрбиелеуде басымдықтарға ие болады. Бұл олардың бала тәрбиесіне үшінші жақтарды қатыстырмауға құқығын білдіреді.

Тәрбиелеуге құқық сонымен бірге өз балаларымен бірге тұру құқығын қосып қарастырады.

Ата-аналар өз балаларын заңсыз немесе сот шешімінсіз ұстап отырған адамдардан оларды қайтаруды талап етуге құқылы. Ал дау туған жағдайда өздерінің құқықтарын қорғау туралы сотқа шағымдануға құқықтары бар.

Баланың тәрбие алуға деген құқығының маңызды бір бөлігі оның білім алу құқығы болып табылады. Ата-аналар балаларына орта білім алуды қамтамасыз етуге міндетті. Ата-аналардың білім алудың нысанын және білім беру мекемесін тандауға құқылары бар, бірақ баланың ержетуіне қарай оның пікірін де ескеруге міндетті.

Ата-аналарға өз балаларының мүдделерін білдіру мен қорғау құқықтары да берілген. Бұл құқықтарды жүзеге асыруда ата-аналар арнайы өкілеттіліктерді қажет етпейді. Олар өз балаларының барлық жеке және заңды тұлғалармен қарым-қатынасында, сонымен бірге сотта өкілі бола алады. Мұндай жағдайларда ата-аналар өз балаларының заңды өкілі ретінде әрекет етеді.

Егер қорғаншы және қамқоршы органмен ата-ана мен баланың мүдделерінің арасында қайшылықтар анықталған болса, ата-аналардың өз балаларының мүдделерін білдіруге құқықтары жоқ. Мұндай жағдайда қорғаншы және қамқоршы органдар балаға тәуелсіз өкіл тағайындайды.

Ата-аналар құқықтары мен міндеттерін тиісінше орындамау немесе орындаудан бас тарту мемлекеттің тарапынан санкция қолдануға әкеліп соғады.

4.3. Ата-аналарды құқықтарынан айыру немесе олардың құқықтарын шектеу. Ата-ана құқықтарына

рөлі

Ата-аналарды құқықтарынан айыру. Ата-аналарға қатысты қолданылатын тиімді шара болып ата-аналарды (немесе біреуін) құқықтарынан айыру болып табылады.

Ата-аналардың (немесе біреуінің) ата-аналық құқықтарынан айырудың негіздері «Неке және отбасы туралы» Заңының 67-бабында көрсетілген. Жоғарыда атап өтілген тізім ата-аналардың құқықтарынан айыруға бұлтартпайтын негіз болып табылады. Бұл негіздерге мыналар жатады: ата-аналардың міндеттерін орындаудан бас тарту, оның ішінде алимент төлеу-

ден қасақана жалтару; нәрестелер үйінен өзінің баласын алудан дәлелді себептерсіз бас тарту; сонымен қатар өз баласын тәрбиелеу, емдеу және т. б. мекемелерден алудан бас тартқан жағдайларда; ата-аналар құқықтарын шектен асыра пайдалану; балаларды қатаң ұстау; оның ішінде балаларға физикалық немесе психикалық күш көрсету олардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қастандық жасау; заңмен көрсетілген тәртіпте ата-аналар ішімдікке салынушылықпен, нашакорлықпен ауруға шалдыққанда; өзінің балаларының немесе жұбайының өмірі мен денсаулығына қарсы қасақана қылмыс жасаған жағдайларда.

Ата-аналардың құқықтарынан айыру егер сот баланың мүддесін қорғау басқа шаралармен қамтамасыз етілмейді деп санаған жағдайда қолданылады.

Ата-аналардың құқықтарынан айыру туралы талап ету құқығына екінші ата-ана, оның қорғаншысы және кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттер жүктелген немесе ұйымдар ие.

Ата-аналар құқықтарынан айыру сот тәртібімен жүргізіледі. Сонымен қатар ата-ана құқығынан айыру туралы ішкі істер прокурор мен қорғаншы және қамқоршы органның қатысуымен қаралады. Сот ата-ана құқығынан айыру туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күннің ішінде бұл шешімнің көшірмесін баланың тууын мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы мен қорғаншы және қамқоршы органға жолдауға міндетті.

Ата-ана құқықтарын айыру балалар мен туыстық фактісіне негізделген барлық құқықтардан, оның ішінде одан асырауға қаражат алу, сондай-ақ балалары бар азаматтар үшін белгіленген жеңілдіктер мен мемлекеттік жәрдемақылар алу құқықтарынан айыруға әкеп соғады.

Сонымен қатар ата-ана құқықтарынан айыру ата-аналарды өз баласын асырау міндетінен босатпайды. Бұл міндет баланы асырап алған кезде ғана тоқтатылады.

Ата-ана құқықтарынан айыру, баланы ата-анасынан алып қоюмен ұласады, өйткені бұл шараның мақсаты — баланы оның дамуына қолайлы ортаға ауыстыру. Баланы басқа ата-анаға беру мүмкін болмаған ретте немесе баланың екі ата-анасының да ата-ана құқықтарынан айырған жағдайда бала қорғаншы және қамқоршы органның қамқорлығына беріледі. Адамгершілік қағидасын негізге ала отырып заң ата-аналарға, қорғаншы және қамқоршы органның рұқсатымен кездесуге мүмкіндік береді.

Өзіне қатысты ата-ана құқықтарынан айырылған баланың тұрғын үйге деген меншік құқығы немесе оны пайдалану құқығы, сонымен қатар ата-аналармен және басқа негізделген мүліктік құқықтар, оның ішінде мұра алу құқығы да сақталып қалады.

Ата-ана құқықтарынан айырған жағдайда бұл баланы соттын шешімі шыққан күннен бастап алты ай өткенге дейін асырауға беруге болмайды.

Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру. Ата-ана құқықтарынан айыру өзгеріссіз қалатын акт емес. Ата-аналар өздерінің іс-әрекетін, өмір салтын және бала тәрбиесіне деген көзқарасын өзгерткен жағдайда олардың құқықтары қалпына келтірілуі мүмкін.

Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру, ата-ана құқығынан айырылған ата-ананың арызы бойынша сотта қаралады. Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы істер қамқоршы және қорғаншы органның және прокурордың қатысуымен қарастырылады.

Қамқоршы және қорғанушы органы ата-аналардың өздері туралы берген мәліметтердің шынайылығын тексереді.

Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру және баланы ата-анаға қайтару, бұл баланың мүддесіне қайшы келмейтін болған жағдайда жүзеге асырылады. Ал он жасқа толған балаға қатысты ата-ана құқықтарын қалпына келтіру оның келісімімен жүзеге асырылады. Баланың асырап алынғаны туралы шешімнің күші жойылмай, ата-ана құқықтары қалпына келтірілмейді.

Ата-ана құқықтарын қалпына келтірген жағдайда бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынастар толық көлемде қалыптастырылады.

Ата-ана құқықтарын шектеу. Неке отбасы заңдары ата-ана құқықтарынан айырумен қатар ата-ана құқықтарын шектеуді де қарастырады. Ата-ана құқықтарын шектеу баланы ата-анасынан оларды құқықтарынан айырмай алып қоюды білдіреді.

Балаларға ата-аналарына бағынышты емес жағдайлар бойынша қауіп төнетін болса, оларды ата-аналарынан алып қоюға болады. Мысалы, ата-аналардың біреуі психикалық аурумен ауыратын немесе басқа да созылмалы аурумен ауыру нәтижесінде баланы тәрбиелей алмайтын болса. Ата-аналардың құқыққа қарсы іс-әрекеттері немесе ата-аналардың кінәлі іс-әрекеттері олардың құқықтарын шектеуге, сонымен қатар ата-аналық құқықтарынан айыруға негіз болып табылады. Бірақ бұл негіздер жеткіліксіз болып табылуы мүмкін.

Ата-ана құқықтарын шектеу туралы талапты, баланың жақын туыстары, прокурор және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша міндеттер жүктелген органдар қоя алады. Ата-ана құқықтарын шектеу прокурордың және қорғаншы және қамқоршы органның қатысуына сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Баланы ата-ана құқығынан айырмай алып қоюдың құқықтық салдары ата-ана құқығынан айыру салдарынан мүлдем басқаша. Басты айырмашылығы — бірінші жағдай бойынша тек қана ата-ана құқықтары мен міндеттері шектеледі.

Сот тәртібімен ата-аналар құқықтарын шектеуді тоқтатуға болады. Бұл туралы талапты құқығы шектелген ата-ана қоя алады. Сот ата-ана құқықтарын шектеуге негіз болған жағдайлар жойылған кезде баланы ата-анасына қайтару туралы шешім шығарады. Сот баланың мүдделерін ескере отырып талапты қанағаттандырудан бас тартуы мүмкін.

Ата-ана құқықтарын шектеудің күші жойылған жағдайда олардың барлық құқықтары қалпына келтіріледі.

Баланы оның өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда ата-анасынан алып қою. Ата-ана құқықтарын айыру немесе шектеу созылмалы уақытты талап ететін процедура, сондықтан баланың мүддесін жылдам қорғау мүмкін емес.

Сондықтан «Неке және отбасы туралы» Заңның 74-бабының нормалары баланың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндірген қорғаншы ата-ана мен басқа да тұлғалардан дереу алып қоюға мүмкіндік береді. Бұндай алып қою жергілікті атқару органының сәйкес актісінің негізінде қамқоршы және қорғаншы органдармен жүзеге асырылады. Баланы алып қойғаннан кейін қамқоршы және қорғаншы орган шұғыл түрде прокурорға мәлімдеуі тиіс. Бала туыстарына беріледі немесе балалар мекемесіне уақытша орналастырылады. Баланы алып қою актісін шығарғаннан кейінгі жеті күннің ішінде қамқоршы және қорғаншы орган, мән-жайларды ескере отырып, сотқа баланың ата-анасын ата-аналық құқықтарын шектеуге немесе айыруға байланысты талап қоя алады.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің ата-аналық құқықтарын асыра пайдалатын тұлғаларды анықтаудағы рөлі — учаскелік полицейлердің тікелей кәмілетке толмағандардың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауын айтамыз.

5-ТАҚЫРЫП. БАЛА АСЫРАП АЛУ. ҚОРҒАНШЫЛЫҚ ПЕН ҚАМҚОРШЫЛЫҚ. ПАТРОНАТ

5.1. Ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру. Қорғаншылық және қамқоршылық ұғымы

Қорғаншылық пен қамқоршылық кең мағынада кәмелетке толмаған және әрекет қабілеттілігі жоқ тұлғалардың әрекет қабілеттілігін толықтыру және құқылары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Ал нақты мағынада ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған балалардың әрекетке қабілеттілігін толықтыру, құқылары мен заңды мүдделерін қорғау және тәрбиелеу әдісі болып қарастырылады.

Қорғаншылық пен қамқоршылықтың тағайындалу негіздері:

- кәмелетке толмаған баланың ата-анасының қайтыс болуы; ата-анасының ата-ана құқықтарынан айрылуы; ата-анасының ата-ана құқықтарының шектелуі; ата-анасының әрекетке қабілетсіз деп танылуы; ата-анасының сырқаттылығы; ата-аналарының ұзақ уақыт болмауы;
- ата-аналардың балаларын тәрбиелеуден немесе олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруы, соның ішінде ата-аналардың тәрбиелеу, емдеу және басқа да осыған ұқсас мекемелерден өз балаларын алудан бас тартуы;
- сондай-ақ ата-аналардың қамқорлығы болмаған өзге де жағдайларда.

Қорғаншы және қамқоршы органдар ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтап оларды есепке алады. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар анықталған жағдайда қорғаншылықты немесе қамшылықты уақытша қорғаншылық немесе қамқоршылықты қорғаншылық органдары жүзеге асырады. Кейіннен қорғаншылық және қамқоршылық органдары бір ай ішінде балаға қорғаншыны немесе қамқоршыны белгілеуі қажет немесе баланы орналастырудың басқа нысандарын анықтауы қажет. Қамқорлыққа алынған балалардың орналасу нысандары тандалады. Оларға тәрбиелеу мен білім беру мәселесінің қалай жүзеге асырылып жатқандығына бақылау жасап отырады.

Жеткіліксіз әрекет қабілеттіліктері олардың қамқоршылары және қорғаушыларымен жүзеге асырылады. Қамқоршылық пен қорғаншылық ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған балаларға тағайындалады.

Қорғаншылық және қамқоршылық ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, оларды асырау, тәрбиелеу және білім беру мақсатында, сондай-ақ олардың мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін белгіленеді.

Қорғаншылық және қамқоршылық әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін де белгіленеді.

Қорғаншылық 14 жасқа толмаған, сонымен бірге психикалық аурудың салдарынан немесе ақыл-есінің кемдігінен сот шешімімен әрекетке қабілетсіз деп танылған балаларға, ал қамқоршылық 14 жастан 18 жасқа толмаған балаларға, сондай-ақ спирттік ішімдіктерге немесе есірткі заттарға салынуы салдарынан соттың шешімімен әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдарға белгіленеді.

Қорғаншы және қамқоршы органдар ретінде жергілікті атқарушы органдар болып табылады.

Аудандық және қалалық атқарушы органдар қорғаншылық пен қамқоршылық бойынша өз функцияларын құзіретті білім беру, халықты әлеуметтік қорғау және емдеу, кенттік, селолық, ауылдық атқарушы органдар арқылы дербес жүзеге асырады.

Аталмыш органдар баланың және оны тәрбиелеуге үміткер адамның тұрмыс жағдайларына зерттеу жүргізуге және зерттеу актісін сотқа табыс етуге міндетті.

Қорғаншылықты тағайындау қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен жүзеге асырылады. Қорғаншылық функцияларын азаматтар, тәрбиелік, емдеу, білім беру және де басқада балалар мекемелерімен, сонымен бірге қорғаншы және қамқоршы органдар жүзеге асыра алады.

Қорғаншы мен қамқоршы ретінде кәмелетке толған адамдар бола алады. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтер бар мекемелердің лауазымды адамдарды және өзге де азаматтар олар туралы қорғаншы және қамқоршы органдарға балалардың нақты тұрған жерін хабарлауға міндетті.

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыруды қорғаншы мен қамқоршы органдардан басқа заңды және жеке тұлғалар жүзеге асыра алмайды.

Қорғаншы және қамқоршы орган осындай мәліметтер алған күннен бастап үш күн ішінде баланың тұрмыс жағдайына зерттеу жүргізуге және ата-аналарының немесе оның туыстарының қамқорлығы жоқ екендігі фактісі анықталған кезде баланы орналастыру туралы мәселе шешілгенге дейін оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар тұратын тәрбие, емдеу және басқа да мекемелердің басшылары, баланы отбасы тәрбиесіне беру мүмкін екендігі болған күннен бастап жеті күн ішінде бұл туралы осы мекеменің тұрған жері бойынша қорғаншы және қамқоршы органға хабарлауы міндетті.

Егерде баланы отбасына тәрбиелеуге беруге мүмкіндігі болмаған кезде орталықтандырылған есепке алу үшін және кейіннен баланы Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматының отбасына тәрбиелеуге орналастыруға бөліністің білім беру басқармасының органына жібереді.

Балаларды орталықтандырған есепке алуды ұйымдастыру тәртібін Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілейді.

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар асырап алынып, отбасында тәрбиеленуге, қорғаншылыққа немесе патронат шарты бойынша, ал мұндай мүмкіндік болмаған кезде, жетім балаларға немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған барлық үлгідегі мекемелерге берілуге тиіс.

Баланың мүддесіне сай оны орналастыру кезінде оның этникалық шығу тегі, белгілі бір дінге және мәдениетке жататындығы, ана тілі, тәрбие мен білім берудегі сабақтастықты қамтамасыз ету мүмкіндігі ескерілуі мүмкін.

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеуге орналастырылғанға дейін балаларға қорғаншылық міндеттерін атқару қорғаншы және қамқоршы органдарға уақытша жүктеледі.

Қорғаншы мен қамқоршылардың келісімімен олар тағайындалады. Осындай тағайындалуда баланың келісімі ескеріледі. Ата-аналардың келісімімен олардың қайтып келуіне дейінгі белгілі бір мерзімге қорғаншылық тағайындалады.

Қорғаншы мен қамқоршылар міндетті түрде баламен бірге тұруы қажет. Бұл ереже 16 жасқа толған балалар үшін қолданылмауы мүмкін. Қорғаншы мен қамқоршы органдар балаға бөлек тұруға рұқсат береді. Қамқоршының және кәмелетке толмаған баланың бөлек тұруы соңғысының тәрбиелеу процесіне қатты әсер бермеуі тиіс. Қамқоршылар тиісті органдардың келісімімен баланы балалар мекемесіне орналастырулары мүмкін.

Қорғаншы мен қамқоршы ретінде бола алмайтын тұлғалар:

- сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдар;
- сот бойынша ата-ана құқықтарынан айырылған немесе ата-ана құқықтарын сот шектеген адамдар;
- өзіне заңмен жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншылық міндеттерден шеттетілген адамдар;

- соттың шешімімен бала асырап алудың күші жойылған адамдар;
- денсаулығына байланысты баланы тәрбиелеуге өз міндеттерін атқара алмайтын адамдар.

5.2. Қорғаншылардың (қамқоршылардың) және қамқоршылыққа алғандардың құқықтық жағдайы

Қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа алынған тұлғалар мыналарға құқылы:

- өздерінің адамдық қадір-қасиеттерінің құрметтелуіне;
- қорғаншы немесе қамқоршы тарапынан көмек көруге;
- қорғаншы немесе қамқоршымен бірге тұруға (112-бабының 4-тармағында көзделген жағдайлардан басқасында);
- өздеріне тиісті алименттерді, зейнетақыларын, жәрдемақыларын және өзге де әлеуметтік төлемдерді алуға;
- тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын сақтауға;
- қорғаншы қамқоршы тарапынан қиянат етушіліктен қорғануға.

Қорғаншылыққа алынған балалар жоғарыда көрсетілген құқықтардан басқа мынадай құқықтарға ие:

- қорғаншының отбасында тәрбиеленуге;
- оларды асырап-бағу, тәрбиелеу, білім беру және жан-жақты дамыту үшін жағдайлармен қамтамасыз етілуіне;
- тұрғын үйі болмаған сәтте тұрғын үй заңдарына сәйкес оны алуға;
- отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге;
- ата-анасының және басқа да туыстарымен қарым-қатынас жасауға;
- өз пікірін білдіруге;
- ат алуға, әкесінің атын және тегін алуға;
- қорғау алуға.

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және тәрбие, емдеу және басқа да мекемелердегі балалар мынадай құқықтарға иемденеді:

- асырап-бағылуға, тәрбиеленуге, білім алуға, жан-жақты дамуға, өздерінің адамгершілік қадір-қасиеттерінің құрметтелуіне, өз мүдделерінің қамтамасыз етілуіне;
- өздеріне тиісті алименттерді, зейнетақыларын, жәрдемақыларын және өзге де әлеуметтік төлемдерді алуға;
- тұрғын үй-жайға меншік құқығын немесе тұрғын үй-жайды пайдалану құқығын сақтауға, ал тұрғын үй-жайы болмаған сәтте тұрғын үй-заңдарына сәйкес тұрғын үй-жай алуға;

- аталған мекемелерде тұруы аяқталған соң еңбек туралы заңдарда көзделген жұмысқа орналасу кезіндегі жеңілдіктерге ие болуға.

Қорғаншы және қамқоршы органдар балаларға тиісті жағдайлар жасалынуына бақылауды жүзеге асырады. Осы мекемелерді бітіріп шыққан тұлғалардың құқықтарын қорғау осы органдарға жүктеледі.

Қорғаншылар өз қарамағына алған балалардың заңды өкілдері болып есептеледі және олардың атынан және олардың қызығушылықтарын сақтай отыра қажетті мәмілелерді жасауға құқылары бар.

Қамқоршылар өз қамқорындағы адамдарға өз бетінше жасауға құқығы жоқ мәмілелерді жасауға келісім береді. Сонымен қатар, олардың өз құқықтарын жүзеге асыруға және міндеттерін атқаруға көмек көрсетулері тиіс,

Қорғаншылық және қамқоршылық тегін атқарылуы тиіс, егер заңда басқасы көзделмесе.

Қорғаншы немесе қамқоршы өз есебінен қамқоршылыққа алынған балаларды асырап-бағу міндетті емес. Бұл олардың жалақысынан, алиментінен, зейнетақысынан және басқа әлеуметтік төлемдерінен жүзеге асырылады.

Ал егерде қамқоршылыққа алынған тұлғаның қаражаты жеткіліксіз болса, онда жәрдемақыны қорғаншы және қамқоршы органдар тағайындайды.

Қорғаншы мен қамқоршылар заң бойынша мынандай құқылары бар:

- 1) қорғаншыларды және қамқоршыларды тағайындауға;
- 2) қамқоршылыққа алынған баланың он алты жасқа толуымен қамқоршыдан бөлек тұруға рұқсат беруге, егер қамқоршылықтағы баланың құқылары мен мүдделеріне нұқсан келмесе;
- 3) сыртқаттануына байланысты қорғаншыны (қамқоршыны) олардың өтініші бойынша өз міндеттерін орындаудан босатуға;
- 4) «Неке және отбасы туралы» заңға сәйкес баланы асырауға келісім беріледі;
- 5) асырап алуды тоқтатылуы талап етуге, егер асырап алушы баланы асырап-бағудағы өз міндеттерін жөнді орындамаған болса немесе баланың қызығушылығы бұзылатын болса;
- 6) асырап алуды жарамсыз деп тануды;
- 7) ата-аналық құқыларынан айырылған ата-аналарымен қарым-қатынасқа рұқсат беруге, егер бұл балаға кері әсер бермесе;
- 8) ата-аналық құқылары шектелген ата-аналарымен қарым-қатынасқа рұқсат беруге, егер бұл балаға кері әсер бермесе;
- 9) балаға тәрбие беру мақсатындағы ата-аналар арасындағы қарама-қайшылықтарды шешуге;
- 10) қорғаншыға (қамқоршыға) мүлікті иеленуден босату бойынша мәмілелерді жасауға рұқсат беруге, соның ішінде мүлікті айырбастауға немесе сыйға беруге, сенімгерлік шартының негізінде мүлікті жал-

дауға беруге, ақысыз пайдалануға беруге немесе кепілдікке беруге, сонымен бірге қамқоршылыққа алынған тұлғаның мүлкінің кемуіне соқтыратын басқа да мәмілелерге;

- 11) жоғарыда көрсетілген мәмілелерден алынған табысты қалай бөлуді анықтауға;
- 12) қорғаншының (қамқоршының), оның жұбайына немесе туыстарына өзінің қорғаншы ретінде танылғанға дейін пайда болған қамқоршылығындағы тұлғаның қарыздарын өтеуге рұқсат беруге;
- 13) белгіленген тәртіп бойынша өлді деп танылған немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылған тұлғаның мүлкін басқаруға қорғаншыны белгілеуге;
- 14) асырап алуды жарамсыз деп тануға;
- 15) асырап алуды тоқтатуға;
- 16) ата-аналардың ата-аналық құқықтарын айыру немесе олардың біреуінің ата-аналық құқықтарын айыру туралы істерді қозғауға;
- 17) қорғаншы мен қамқоршылардың әрекеттері бойынша берілген арыздарды қарастыруға.

Қорғаншы және қамқоршы органдар қорғаншылар мен қамқоршылардың қызметіне бақылау жасауы тиіс. Жылына екі рет олардың өз міндеттерін қалай орындап жатқандығын тексеріп отырады. Сонымен бірге, жыл сайын қорғаншылар мен қамқоршылардың қамқоршылығындағылардың денсаулығы туралы, оларды тәрбиелеу бойынша жүргізілетін жұмыстар туралы есептерді қорғаншы мен қамқоршыдан талап етеді.

Қорғаншы және қамқоршы органдар ата-аналық құқықтарынан айыру немесе шектеумен, ата-аналық құқықтарын қайта қалпына келтірумен, асырап алуды тоқтату немесе жарамсыз деп танумен, кәмелетке толмаған тұлғалармен жасалған некені жарамсыз деп танумен байланысты қарастырылып жатқан істер бойынша сотқа қатысуға міндетті. Сонымен бірге, асырап алушының және баланың өмір жағдайын зерттеп қарастырулары қажет.

Он жасқа толған баланың асырап алуға келісімі алынады және асырап алудың қажеттілігі түсіндіріледі.

Қорғаншы мен қамқоршылардың қамқорлыққа алынған тұлғаға қатысты келесідей міндеттер жүктеледі:

- асырап-бағуға;
- бағып-күту мен емдеуді қамтамасыз етуге;
- құқықтары мен мүдделерін қорғауға қамқорлық жасауға.

Бұл міндеттер сот әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған кәмелетке толған адамдардың қамқоршылығына жүктеледі.

Спирттік ішімдіктерге немесе есірткі заттарға салынуы салдарынан әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адам жөнін-

дегі негіздер жойылса, қорғаншы немесе қамқоршы қамқорлыққа алынушыны әрекетке қабілетті деп тану туралы және одан қорғаншылық пен қамқоршылықты алып тастау туралы сотқа өтініш беруге міндетті.

Баланың қорғаншысы қорғаншылығындағы баланы тәрбиелеуге, оның денсаулығына, дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуына қамқорлық жасауға құқылы әрі міндетті.

Тәрбиелеу жолдарын белгілеуде қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы баланың пікірі және қорғаншысының және қамқоршысының пікірі ескерілуі тиіс.

Баланың пікірі ескеріле отыра қорғаншы және қамқоршы орта білім беретін оқу орнын және нысанын таңдауға құқылы.

Қорғаншы және қамқоршы органдар балаға өз ата-аналарымен, туыстарымен қарым-қатынас жасауына бөгет жасамауы қажет.

Белгілі бір себептермен қорғаншылар және қамқоршылар өздерінің тұрғылықты жерлерін өзгертетін болса, онда қорғаншы және қамқоршы органдарға осы туралы мәлімет берулері тиіс.

Денсаулығына орай, кәметке толған әрекетке қабілетті адамға өтініші бойынша қамқоршылық белгіленуі мүмкін.

Кәметке толған әрекетке қабілетті қамқоршылыққа алынушыға тиесілі мүлікке билік етуді қамқоршылыққа алынушымен жасалған тапсыру шарты немесе мүлікті сенімді басқару негізінде қамқоршы жүзеге асырады.

Қамқоршысын қорғаншы және қамқоршы орган кәметке толған әрекетке қабілетсіз адамның келісімі бойынша ғана белгілей алады.

Қамқоршылыққа алынған кәметке толмаған баланың ата-анасы қайтып оралған немесе ол асырап алушыға қайтарылған жағдайларда қорғаншы мен қамқоршы өз міндеттерін атқарудан босатылады.

Кәметке толған әрекетке қабілетті адамды қамқорлыққа алу осы адамның талабы бойынша тоқтатылуы мүмкін.

Қамқоршылыққа алынған адамның кірістерін, соның ішінде оның мүлкін басқарудан түсетін кірістерін, қамқоршылыққа алынушының өзі дербес билік етуге құқығы бар кірістерін қоспағанда, тек қана қамқоршылыққа алынушының мүдделеріне сай және қорғаншы мен қамқоршы органның алдын-ала рұқсатымен қорғаншы немесе қамқоршы жұмсайды.

Қорғаншы мен қамқоршы органдардың рұқсатынсыз қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа алынған тұлғаның тиісті сомасы есебінен оны асырап-бағу үшін қорғаншы мен қамқоршы кішігірім шығыстар жасауға құқылары бар.

Қорғаншы мен қамқоршы органдардың алдын-ала берген рұқсатынсыз қорғаншы мен қамқоршы қамқоршылықтағы тұлғаның мүлкін иеліктен алу туралы мәмілелерді жасауға құқылары жоқ.

Қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленген тұлғаның мүлкі басқа жерде орналасқан болса, онда басқару мақсатында осы мүлік орналасқан жердегі қорғаншы мен қамқоршы органдар қорғаншыны белгілейді.

Кәмелетке толмаған, әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі кәмелетке толған тұлғалардың, өлген немесе соттың шешімімен өлді немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылған тұлғаның мүлкіне қорғаншы тағайындалады.

Қорғаншы мен қамқоршы, олардың жұбайлары және жақын туыстары қамқоршылыққа алынған тұлғамен мәмілелер жасауға құқығы жоқ. Бұл ереже тек сый ретінде немесе тегін түрде пайдалануға беруге қатысты емес. Қорғаншы және қамқоршы орган кәмелетке толмаған қамқоршылыққа алынған баланың өз ата-анасы қайтып оралған немесе ол асырап алушыға қайтарылған жағдайларда, қорғаншы немесе қамқоршы өз міндеттерін атқарудан босатылады.

Қамқоршылыққа алынушыны тәрбие, емдеу мекемесіне, халықты әлеуметтік қорғау мекемесіне немесе басқа да мекемеге орналастыру кезінде, егер бұл қамқоршылыққа алынушының мүдделеріне қайшы келмесе, қорғаншы және қамқоршы орган бұрын тағайындалған қорғаншыны немесе қамқоршыны олардың өз міндеттерін атқарудан босатады.

Қорғаншының және қамқоршының өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан босатылу үшін дәлелді себептері болуы керек. Осы дәлелді себептерге мыналарды жатқызуға болады: сырқаттану, мүліктік жағдайдың өзгеруі, қамқорлыққа алынушының өзара түсініспеушілік және т. с. с.

Қорғаншылыққа алынған бала 14 жасқа толған сәтте қорғаншылық тоқтатылады, қорғаншы болып келген адам оның қамқоршысы болып есептеледі. Бұл үшін қосымша шешім қажететілмейді.

Қамқоршылыққа алынушының әрекетке қабілетті деп тану немесе қорғаншының, қамқоршының немесе қорғаншы және қамқоршы органның арызы бойынша оның әрекет қабілеттілігі шектеулілігінің күшін жою туралы сот шешімі шығарған жағдайларда кәмелетке толған адамдарға қорғаншылық және қамқоршылық тоқтатылады.

18 жасқа толуымен немесе некеге тұруымен қамқоршылық тоқтатылады. Бұл үшін қосымша шешім талап етілмейді.

5.3. Патронат ұғымы. Баланы патронат тәрбиешіге беру құқығы

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңына сәйкес қорғаншылық және қамқоршылық нысанындағы патронат ата-анасының

қамқорлығынсыз қалған, соның ішінде тәрбиелеу, емдеу немесе осы тәрізді басқа да мекемелердегі кәмелетке толмаған балаларға белгіленеді.

Патронат дегеніміз — бұл, тәрбиелеуге ынта танытқан тұлға мен қорғаншы және қамқоршылық орган арасында жасалған шарт бойынша, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды азаматтардың отбасына беруден тұратын тәрбие нысаны. Патронаттың туындауының негізі болып патронат тәрбиеші мен қорғаншы және қамқоршы орган арасында баланы тәрбиелеуге беру туралы шарттың жасалуы табылады. Осы шартта мына мәселелерді міндетті түрде қамтуы керек:

- баланы асырап-бағу, тәрбиелеу және білім беру;
- патронат тәрбиешінің құқықтары мен міндеттері;
- патронат тәрбиешіге қатысты қорғаншы және қамқоршы органдардың міндеттері;
- шарттың тоқтатуға негіздері және салдары;
- патронаттық тәрбиешіге бала қанша мерзімге берілетіндігі.

Патронаттық тәрбиешілерге жалақы заңнамаға сәйкес мемлекеттік білім беру мекемелерінде жұмыс атқаратын жұмыскерлердің жалақыларымен теңестіріледі.

Баланы тәрбиелеуге беру туралы шартты.

Дәлелді себептері (сырқаттану, отбасылық немесе материалдық жағдайдың өзгеруі, баламен өзара түсіністіктің болмауы, балалар арасындағы жанжалдар және басқалар) болған кезде патронат тәрбиешілердің бастамасы бойынша.

Баланы асырап-бағу, тәрбиелеу, білім беру үшін қолайсыз жағдайлар болған кезде қорғаншы және қамқоршы органдардың бастамасы бойынша.

Бала ата-анасына қайтарылып берілген немесе бала асырап алынған жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

Баланы патронаттың тәрбиешілерге белгілеуде қорғаншы және қамқоршы органдар оның этникалық тегін, белгілі бір дінін және мәдениетін, ата-тілін ескерулері тиіс.

Баланы шарт бойынша патронаттық тәрбиешіге беру үшін алдын ала тандауды қорғаншы және қамқоршы органдардың келісімімен баланы отбасына қабылдауға ынта танытқан тұлғалар жүзеге асырады.

Ағалы-қарындастарды бір-бірінен айыруға болмайды. Егер ағалы-қарындастарымен бірге тұруы баланың қызығушылығына жауап бермесе онда құқығынан айыру мәселесі шешіледі.

6-ТАҚЫРЫП. ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ АЛИМЕНТТІК ҚАТЫНАСТАРЫ

6.1. Ата-аналар мен балалардың алименттік міндеттері

Алименттік міндеттемелер институты. Неке және отбасы құқығында өзгерістерге түсті. Ескі заңнамаларда алименттерді өтету көлемі мен тәртібі заңның императивті нормаларымен реттелген. Ал қазіргі заңнамалар, алименттік қатынастарды диспозитивтік тұрғыда реттеуді көздейді. Отбасы мүшелері алименттерді төлеу бойынша келісім-шартқа отырулары болады, ал заң нормалары осындай келісім болмаған жағдайда қолданылады.

Жаңа отбасылық заңнамалар алименттік төлемнің екі тәртібін белгілейді: соттың шешімі бойынша және тараптардың келісімі бойынша.

Алименттерді тараптардың келісімі бойынша өндіріп алу «Неке және отбасы туралы» Заңындағы 124-бабының 1-тармағымен, ал сот тәртібімен 124-бабының 2-тармағымен реттеледі. Осы екі тәртіпті заңнама нақты ажыратады. Алименттерді төлеу бойынша келісім болған жағдайда сот тәртібі қолданылмайды.

Алименттік міндеттемелер дегеніміз — бұл, заңмен ескерілген заңгерлік фактілердің негізінде пайда болатын құқықтық қатынастар, соның ішінде отбасы мүшелерінің біреуі басқа мүшелерді асырап-бағуға міндетті, ал соңғылары оны талап етуге құқылы екендігін сипаттайтын тараптардың келісімдері немесе сот тәртібінен тұратын құқықтық қатынастар.

Алименттік міндеттемелердің пайда болуының жалпы негізіне мыналарды жатқызамыз, бұлар:

- субъектілер арасында туыстық немесе басқа да отбасылық байланыстың болуы;
- заңмен немесе тараптардың келісімімен бекітілген шарттардың болуы (алименттерді қажет етуі, алиментті алушының еңбектік қабілеттілігінің болмауы, алиментті төлеушіде төлеуге қажетті қаражаттың болуы);
- алименттерді өндірту туралы сот шешімінің болуы;
- алименттерді төлеу бойынша тараптардың келісімі.

Алименттік міндеттеменің мазмұны ретінде алимент төлеушінің төлеуге деген міндеттемесі және алимент алушының оны алуға деген құқығы болып есептеледі.

Егер міндеттеме алимент төлеуші мен алушының арасындағы келісім негізінде пайда болса, ол келісімнің әрекет ету мерзімінің өтуімен, тараптардың біреуінің қайтыс болуымен және келісімде көзделген басқа негіз-

дерге тоқтатылады. Тараптар келісімде алименттік міндеттемелерді тоқтатудың әрқилы негіздерін бекітуге құқылы, мысалға тараптардың материалдық жағдайының өзгеруі, алиментті алушы тұлғаның еңбек қабілеттілігінің қайта қалпына келуі, оның оқуды бітіруі, некеге тұруы және т. б.

Егер алименттер сот тәртібімен өндірілетін жағдайда оларды төлеу алушының немесе төлеушінің қайтыс болуымен тоқтатылады.

Алименттік міндеттемелердің жеке мінезіне орай құқылық мирасқорлыққа жол берілмейді. Кәмелетке толмаған балаларға алименттер баланың кәмелетке толуымен немесе оның неке жасының төмендетілуіне байланысты әрекет қабілеттілігіне толығымен иемденуімен тоқтатылады. Кәмелетке толмаған балаға қатысты алименттік міндеттеме осы баланы асырап алған жағдайда да тоқтатылады. Еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды сот тәртібі бойынша асырап-бағу міндеттемесі олардың еңбек қабілеттілігіне қол жетуімен немесе көмекті мұқтаж етуінің жойылуымен тоқтатылады. Алимент төлеушінің материалдық жағдайы оны төлеуге материалдық жағдайы жарамаған сәтте міндеттеме тоқтатылады.

Ата-аналары мен балалардың алименттік міндеттемелері алименттік міндеттемелердің бірінші кезегіне жатады. Ата-аналары мен балалар басқа туыстарының бар-жоғына қарамай бір-бірін асырап-бағу міндетті болып келеді.

Ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларға қатысты алименттік міндеттемелерінің негізін бұлардың арасындағы туыстық байланыстың болуы және баланың кәмелетке толмағандығы болып табылады. 18 жасқа толмаған бала жұмыс істеу-істемеуіне қарамай еңбекке қабілетсіз деп танылады. Кәмелетке толмағанның неке жасының төмендетілуіне орай, некеге тұрып толықтай әрекет қабілеттілігіне иеленуі немесе эмансипацияға байланысты ата-аналардың алименттік міндеттемелері тоқтатылады. 18 жасқа толмай толықтай әрекет қабілеттілігіне иелену осы бала кәмелетке толды деп есептелмейді, бірақта экономикалық тұрғыда тәуелсіздікке иеленеді. Осыған орай алименттік міндеттеме тоқтатылады.

"Неке және отбасы туралы" Заңының 124-бабына сәйкес ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуға міндетті.

Балаға төленетін алименттердің тәртібі мен нысанын ата-аналары дербес келісім бойынша шешеді.

Асырап-бағу жөніндегі ата-аналарының міндеттемелері балалардың алиментті қажет ету-етпеуіне қарамай пайда болады. Ата-аналары өз балаларын қаражаттың жеткілікті-жеткіліксіздігіне қарамай асырап-бағулары қажет. Балаларға алимент төлеу міндеттемелерін кәмелетке толған және толмаған ата-аналары көтереді. Сонымен бірге, бұлардың еңбектік қабілеттілігінің және азаматтық әрекеттік қабілеттілігінің бар-жоқтығы ескерілмейді.

Ата-аналары алименттік міндеттемелері бойынша келісім жасауы мүмкін. Осы келісімде ата-аналары алименттердің мөлшері, төлеу тәртібі және нысаны қамтылуы мүмкін. Алименттердің жоғарғы шегі жоқ, бірақта төменгі шегі заңмен белгіленген. Сотпен өндіріліп алынатын алименттердің мөлшері «Неке және отбасы туралы» Заңының 125-бабында көрсетілген. Осы мөлшерден төмен болмауы қажет. Бұл мөлшердің енгізілуінің басты мақсаты ата-аналарының біреуімен теріс пайдалануды ескерту. Балаға төленетін алименттер бойынша келісім жасауда ата-аналары өз атынан емес керісінше бала атынан, оның заңды өкілі ретінде жасайды.

Алиментті алуға құқығы бар субъекті болып бала табылады. Егер бала 14 жасқа толмаған сәтте оның атынан ата-анасының біреуі немесе қорғаншысы жасайды. Ал 14-18 жасқа дейінгі бала өзінің заңды өкілі болып табылатын ата-аналарының немесе қамқоршысының келісімімен жасайды.

Егерде өз балаларын асырап-бағу бойынша келісім жасалмаған сәтте алименттер сот тәртібімен өндіріліп алынуы мүмкін. Алименттерді өндірітіп алу туралы талап арызды баламен бірге тұратын ата-ананың біреуі немесе оның орнын басатын тұлға (асырап алушы, қорғаншы, қамқоршы) береді. Осы тұлғалар алименттерді өндірітіп алуда баланың заңды өкілі ретінде әрекет етеді. Балаға қатысты алименттен бас тартуға олардың құқығы жоқ. Бас тартуға бағытталған келісімдер жарамсыз деп танылады.

Сот тәртібімен өндіріліп алынатын алименттердің мөлшері:

- бір балаға — ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің төрттен бірін;
- екі балаға — үштен бірі;
- үш және одан көп балаға — тең жартысы.

Ата-аналарының ұлттық және шетел валютасымен алатын және «Неке және отбасы туралы» Заңының 125-бабына сәйкес кәмелетке толмаған балаларға алимент ұсталып қалатын табысының және өзге де кірістерінің түрлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Табыстар мен кірістердің құрамына мыналар кіреді:

- негізгі жалақысы;
- негізгі жалақыға қосымша төленетін төлемдер;
- еңбек жалақысы жүйесіне кіретін сыйақылары;
- ғылым, әдебиеттер мен өнер өндірістеріне төленетін гонорарлар, акциялар және басқа құнды қағаздар бойынша дивиденттер;
- зейнетақылар;
- жәрдемақылар;
- стипендиялар;
- фермерлік және кәсіпкерлік қызметпен айналысудан алынған табыстар;

- еңбек қабілеттілігін жоғалту бойынша келген зиянды өтеу бойынша төленетін соммалар және т. б.

"Неке және отбасы туралы" Заңының 161-бабының 1-тармағына сәйкес алимент мөлшері тараптардың бірінің материалдық немесе отбасылық жағдайы өзгерсе сот кез келген тараптардың талап етуі бойынша белгіленген алимент мөлшерін өзгертуге немесе алимент төлеуге міндетті адамды оны төлеуден босатуға құқылы.

Ата-анасының материалдық жағдайы оның жалақысының немесе басқа табыстарының мөлшерімен, оған тиісті мүліктің құнымен сипатталады. Баланың материалдық жағдайы ата-анасының оған ұсынатын қаражатына, баланың алатын жәрдемақыларына және зейнетақыларына, оған тиісті мүлікке бағынышты.

Ата-анасының отбасылық жағдайы оның асырап-бағатын басқа балалардың және басқа да тұлғалардың болуымен негізделеді. Баланың отбасылық жағдайы екінші ата-анасының бар-жоқтығымен сипатталады.

Жауапкердің материалдық жағдайы алимент ретінде төленетін табыстың немесе кірістің мөлшерін төмендетуге немесе көбейтуге негіз болады.

Егер алимент төлеуге міндетті ата-анасының жалақысы немесе басқа кірісі болмаған жағдайда, өндірту оның мүлкіне бағытталады. Бірақта осындай өндіртуде ең алдымен алименттердің мөлшері нақты ақша сомасында анықталуы керек. Сот жауапкер мүлкінің құнын ескере отыра алимент мөлшерін нақты ақша сомасында белгілейді.

Ата-аналарының кәмелетке толмаған балаларға деген алименттік міндеттемелері олардың кәмелетке толуымен тоқтатылады. Бірақта біздің заңнамада еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды ата-аналарының асырап-бағу мәселелері көзделген. «Неке және отбасы туралы» Заңының 129-бабына сәйкес ата-аналар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларын асырап-бағуға міндетті.

Еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балалар, ал егер олар әрекетке қабілетсіздігінде олардың қамқоршылары алимент төлеуге міндетті ата-аналарымен асырап-бағу туралы келісім жасауға құқылары бар. Осындай келісім болмаған жағдайда алименттер сот тәртібімен өндіріліп алынады. Еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларға қатысты ата-аналарының алименттік міндеттемелері 18 жасқа толмағанға дейінгі алименттік міндеттемелердің жалғасы емес. 18 жасқа толып бірақта еңбекке жарамсыз және алиментті өндіртуді қажет ететін жағдайда жаңа талап-аразды ұсыну талап етіледі.

Осы міндеттеменің пайда болуының негіздері:

- ата-аналарының және балалардың туыстық байланыстары;
- балалардың еңбекке қабілетсіздігі;
- балалардың материалдық көмекті қажет етуі.

Асырап-бағуды қажет ету деп тұлғаның қамтамасыз етілуі айлық есептік көрсеткіштен төмен болуы. Осы жөнінде заңда мынадай делінген: алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларға алимент төлеу мөлшерін сот алимент төленетін кезде қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткішке еселенген қатынасында, тараптардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен назар аударарлық басқа да мүдделерін негізге ала отырып белгілейді (ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 129-б.).

Осы алименттер сот тәртібімен нақты ақша сомасымен өндіріліп алынады. Осы соманың мөлшері әрбір тұлғаға қатысты оның материалдық және отбасылық жағдайлары ескеріле отыра жеке белгіленеді.

Тараптардың материалдық жағдайы алименттер мөлшерін анықтауда маңызды рөлге иеленеді. Ата-аналары міндетті тұрғыда көмекті мұқтаж ететін балаларды қаражаттарының бар-жоғына қарамай асырап бағулары тиісті.

Еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды асырап-бағулары алименттік міндеттемелердің бірінші кезегі болып табылады. Бұл, ата-аналары балаларға басқа төлеушілердің бар-жоқтығына қарамай алименттерді міндетті түрде төлеуі.

Алименттердің мөлшері төлеушінің және алушының материалдық жағдайларын теңестіру жолымен белгіленеді.

Еңбекке жарамды кәмелетке толған балалар өздерінің еңбекке жарамсыз көмекке мұқтаж ата-аналарын асырап бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті (ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 131-б.).

Осы алименттік міндеттеменің пайда болуына негіздері:

- ата-аналары мен балаларының арасындағы туыстық байланыс;
- балалардың 18 жасқа толуы;
- ата-аналарының еңбекке қабілетсіздігі;
- ата-аналарының көмекті мұқтаж етуі.

Алименттерді сот тәртібімен тек кәмелетке толған балалардан ғана өндіруге мүмкіндік бар. Алименттерді төлеу бойынша келісім кәмелетке толмаған балалармен де жасалуы мүмкін. Эмансипация мен некеге тұру нәтижесінде азаматтық әрекет қабілеттілігіне иеленген кәмелетке толмаған балалар ата-аналарын асырап-бағуға міндетті емес.

Кәмелетке толған балалар еңбек қабілеттілігінің және әрекет қабілеттілігінің бар-жоқтығына қарамай ата-аналарын асырап-бағулары қажет. Егерде олар еңбекке қабілетсіз болған жағдайда алименттер олардың зейнет-ақыларынан және басқа кірістерінен алынады, ал егерде олар әрекетке қабілетсіз болған жағдайда олардың қызығушылықтары қамқоршысымен қорғалады.

Алименттер нақты ақша сомасы мелшерінде өндіріледі. Оның мөлшерін сот ата-аналарының және балаларының материалдық және отбасылық жағдайларын ескере отыра анықтайды. Балалар өз ата-аналарын қаражаттарының бар-жоқтығына қарамай асырап-бағуларына міндетті. Сол себепті де, алименттік міндеттемелер балалардың материалдық жағдайының нашарлығына қарамай пайда болады. Бірақта бұл жағдай алименттің мөлшерін белгілеуде ескеріледі.

Кәмелетке толған балалардың ата-аналарын асырап-бағу жөніндегі міндеттемелері бірінші кезектегісі болып табылады,

Ата-аналары жеке ниет бойынша балаларының біреуінен материалдық жағдайының нашарлығына орай алиментті алудан бас тартулары мүмкін. Бірақта, талап арызды беруде ата-аналарды асырап-бағу басқаларына түспейді. Сот алименттердің мөлшерін белгілеуде барлық кәмелетке толған балалардан алынатын соманы алады.

Егерде балалардан алименттерді талап етуші ата-аналары бұрын өздері оларды асырап-бағудан жалтарғандығын сот анықтаған жағдайда кәмелетке толған балалар алимент төлеуден босатылады. Бұл арада алименттерді төлеуден жалтарғандығы жөнінде бас бостандығынан айырылғандығы ескерілмейді. Бұрын бұлар себепсіз балаларын асырап-бақпағандығы дәлелденгендігі жеткілікті.

Сонымен бірге, балалардың өз ата-аналарын асырап-бағудан босатылуының негізі болып ата-аналық құқыларынан айырылғанды және осы құқылардың қалпына келмегендігі болып саналады.

6.2. Ерлі-зайыптылардың және бұрынғы ерлі-зайыптылардың алименттік міндеттемелері

Отбасылық заңнамамен ерлі-зайыптылар бірін-бірі неке барысында материалдық тұрғыда көмек беруі ескерілген. Қажеттілігі болған жағдайда ерлі-зайыптылар алименттерді төлеу бойынша келісім жасауға құқылары бар. Осындай келісім неке шартына енгізілуі мүмкін немесе дербес алименттік келісім ретінде болуы мүмкін.

Егерде ерлі-зайыптылар бір-біріне көмек көрсетпесе және араларында алименттерді төлеу бойынша келісім жасалмаған жағдайда, заңнамамен бекітілген негіздерге сүйене отыра ерлі-зайыптылар алименттерді өндіру туралы талап-арызбен сотқа шағымдана алады.

Сот тәртібі бойынша алименттерді өндірту үшін келесі заңды фактілер қажет етіледі:

- ерлі-зайыптылар тіркелген некеде тұрулары қажет;

- алиментті талап етуші жұбайы еңбекке қабілетсіз және материалдық көмекті талап етуі қажет;
- алиментті төлеуші жұбайы қажетті қаражаттармен қамтамасыз етілуі керек.

Мінез-құлығының жалпы нормаларға сәйкес келмеуі өндіріп алудан бас тартуға негіз болады. Мысалға, алиментті талап етуші тұлғаның спирттік ішімдіктер немесе есірткі заттарға салынуы, жұбайын балағаттауы, бұзақылық қылықтары.

Алименттерді талап етуші жұбайының көмекті қажет етуі және еңбекке қабілетсіздігі басқа алименттік міндеттемелердегідей негізделеді. Ерлі-зайыптылардың біреуі еңбекке қабілетсіз және көмекті мұқтаждығы некеге тұруда немесе оны тіркегенге дейін пайда болғандығы аса мәнділікке алынбайды.

Ерлі-зайыптылардың бір-бірін асырап-бағу жөніндегі міндеттемелерінен бас тартқан және олардың арасында алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда алимент төлеуге қажетті қаражат бар жұбайдан:

- еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайының;
- жүкті кезінде және ортақ баласы туған күннен бастап үш жыл бойы әйелінің;
- ортақ мүгедек баланы бағып отырған мұқтаж жұбайының бала он сегіз жасқа толғанға дейін;
- ортақ мүгедек баланы 16 жасқа толғанға дейін бағып-күтіп отырған, сондай-ақ 16 жасқа толғаннан соң ортақ мүгедек балаға 1-2-топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда мұқтаж жұбайының алимент төлеуді сот тәртібімен талап етуге құқығы бар (ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 133-б.).

Сот жұбайының еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж екінші жұбайы асырап-бағу міндетінен босатуы немесе некеде тұрған кезеңде де, неке бұзылғаннан кейін де бұл міндетті белгілі бір мерзімге мынадай жағдайларда:

- спирт ішімдіктеріне, есірткі заттарына, психотропты заттарға салынып кетуі салдарынан немесе қасақана қылмыс жасауы салдарынан көмекке мұқтаж жұбайы еңбекке жарамсыз болып қалған;
- ерлі-зайыптылар некеде ұзақ тұрмаған;
- алимент төлеуді талап ететін жұбайдың отбасында өзін лайықты ұстамаған жағдайларда шектеуі мүмкін.

Еңбекке жарамсыз жұбайына төленетін алименттердің мөлшері ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 135-бабымен белгіленеді. Сот тараптардың материалдық және отбасылық жағдайларын және басқа да назар аударарлық мүдделерін негізге алады. Тараптардың отбасылық жағдайы бұрынғы ерлі-зайыптылардың асырап-бағатын жақын туыстарының болуымен

және көмекті мұқтаж ететін жұбайының алиментті талап ететін тұлғаның болуымен сипатталады. Ерлі-зайыптылардың алименттік міндеттемелері бірінші кезектегі алименттік міндеттерге жатады. Бұл дегеніміз алиментті алу құқығы басқа алимент алушы тұлғалардың бар-жоқтығына бағынышты емес. Бірақта алимент алушының асырап-бағу міндеттемесі бар ата-аналары мен кәмелетке толған балаларының болуы алимент мөлшеріне ықпал береді.

Алимент төлеушінің отбасылық жағдайы оның заң бойынша асырап-бағатын тұлғаларының бар-жоқтығы сипатталады.

Тараптардың материалдық жағдайы алушының және төлеушінің кірістерінің мөлшерін теңестірумен ескеріледі. Некеде ерлі-зайыптылар жұбайларынан мүжбүрлі түрде асырап-бағуын талап ете алмайды.

Жүкті кезінде және ортақ баласы туған күннен бастап үш жыл бойы әйелі өз жұбайынан асырап-бағуды талап етуге құқылы. Осы міндеттеменің пайда болуының негізі болып мыналар болып табылады:

- ерлі-зайыптылардың арасында тіркелген некенің болуы;
 - жауапкерден жүкті болуы;
 - үш жасқа толмаған ортақ баланы тәрбиелеуі;
- жауапкерде қажетті қаражаттың болуы.

Ортақ мүгедек баланы бағып отырған мұқтаж жұбайының баласы он сегіз жасқа толғанға дейін алимент алу міндетмесінің пайда болуының негізі ретінде мыналар табылады:

- ерлі-зайыптылардың арасында тіркелген некенің болуы;
- алимент алушы жұбайының мүгедек баласын бағуы;
- осы жұбайының көмекке мұқтаж болуы;
- төлеуші жұбайында қажетті қаражаттың болуы.

Ажырасудың көбеюіне байланысты бұрынғы ерлі-зайыптылардың алимент төлеу мәселесі көкейкесті болып келеді.

Бұрынғы жұбайынан алиментті алу негіздері некені бұзбаған ерлі-зайыптылардың алимент алуға деген құқығын беретін міндеттемелерден айырмашылығы жоқ. Екі жағдайда құзіретті тұлға ретінде келесілер болып табылады:

- көмекті мұқтаж ететін жұбайы;
- жүкті және үш жасқа толмаған ортақ баланы тәрбиелеп отырған жұбайы;
- ортақ мүгедек баланы бағып отырған көмекті мұқтаж ететін жұбайы.

Некені бұзбаған ерлі-зайыптыларға қатысты алиментті алушы жұбайы қай кезде еңбекке жарамсыз болып қалғандығы ескерілмейді, ал бұрынғы жұбайы жалпы ереже бойынша некені бұзғанға дейін немесе некені бұзғаннан кейін 1 жыл көлемінде еңбекке жарамсыз болған жағдайда алимент алуға құқығы бар.

Еңбекке жарамсыздықтың себептері әрқилы болуы мүмкін. Осы себептерге тек спирттік ішімдіктерге, есірткі заттарға, психотропты заттарға салынып немесе қылмыс жасау салдарынан еңбекке жарамсыз болуы жатпайды. Егерде еңбекке жарамсыздық неке бұзылғаннан кейін 1 жылдан кейін пайда болған жағдайда асырап-бағу құқығы орын алмайды.

Көмекті мұқтаж ететін зейнет жасына келген жұбайы неке бұзылғаннан кейін 5 жыл бойы сот тәртібімен алименттерді өндіруге құқығы бар.

Алименттердің мөлшері ҚР НжОТЗ 135-бабымен белгіленеді. Сот жұбайының еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж екінші жұбайы асырап-бағу міндетінен босатуы немесе некеде тұрған кезеңде де, неке бұзылғаннан кейін де бұл міндетті белгілі бір мерзімге мынадай жағдайларда шектеуі мүмкін:

- спирт ішімдіктеріне, есірткі заттарына, психотропты заттарға салынып кетуі салдарынан немесе қасақана қылмыс жасауы салдарынан көмекке мұқтаж жұбайы еңбекке жарамсыз болып қалған;

алимент төлеуді талап ететін жұбайдың отбасында өзін лайықты ұстамаған жағдайларда.

Алименттік қатынастардың тоқтатылу негіздері:

- көмек алуға құқығы бар жұбайы некеге тұрғанда;
- ортақ балалары туған күннен бастап үш жыл өткеннен соң; ортақ мүгедек балалары 16 жасқа толуы, 16 жасқа толған 1-2-топтағы мүгедек баланың мүгедектігі жойылса; бұрынғы жұбайының еңбекке жарамсыздығы жойылса.

6.3. Отбасының басқа мүшелерінің алименттік міндеттемелері

ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 19-тарауында белгіленген отбасы мүшелері бір-бірімен алименттерді төлеу туралы келсім жасаулары мүмкін. Осы ретте асырап-бағудың мөлшері, жағдайы мен тәртібі тараптардың келісімімен белгіленеді.

Сот тәртібі бойынша алименттерді өндіруге құқығы бар тұлғалар:

- кәмелетке толмаған және толған еңбекке жарамсыз інілері мен сіңлілері (қарындастары);
- кәмелетке толмаған және толған еңбекке жарамсыз немерелері;
- көмекке мұқтаж және еңбекке жарамсыз аталары мен әжелері;
- көмекке мұқтаж және еңбекке жарамсыз тәрбиешілер;
- көмекке мұқтаж және еңбекке жарамсыз өгей шешесі мен әкесі.

Осы міндеттемелер екінші кезектегі алименттік міндеттемелерге жатады. Себебі, бұлардың алименттерді өндіруге құқылары бірінші кезектегі тұлғалардан асырап-бағу мүмкіндігі болмаған жағдайда пайда болады.

Осы қатынастардың пайда болуының құрамдары әрқилы. Біріншісі бойынша төлеуші мен алушының арасында туыстық байланыстың болуы, ал екіншісі бойынша алушылар төлеушіні бұрын асырағандығы.

Аталары, әжелері, немерелері, інілері мен сіңлілері (қарындастары) бұрын сонды бірге тұрып-тұрмағандығына байланысты бірін-бірі асырап-бағулары тиіс. Бұлардың міндеттемелері алиментті төлеушіден бұрын көмек алғандығына бағынышты емес.

Алименттер нақты ақша сомасында ай сайын өндіріледі. Осы соманың мөлшері тараптардың материалдық пен отбасылық және назар аударуды қажет ететін басқа да жағдайларға байланысты сотпен белгіленеді.

Кейде алиментті алушы бірнеше тұлғалардан асырап-бағуды талап етуге құқығы бар.

Кәмелетке толмаған көмекке мұқтаж інілері мен сіңлілері (қарындастары) өз ата-аналарынан қаражат алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда өздерінің кәмелетке толған еңбекке жарамды ағалары мен апаларынан сот тәртібімен алименттерді өндірітіп алуға құқығы бар. Еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж кәмелетке толған ағалары мен апалары да өздерінің еңбекке жарамды, кәмелетке толған балаларынан, жұбайларынан немесе ата-аналарынан көмек ала алмаған жағдайда сот тәртібімен алименттерді өндірітіп алуға құқылары бар (ҚР НжОТЗ 137-б.).

Өздерінің ата-аналарынан көмек алуы мүмкін болмаған жағдайда, кәмелетке толмаған, көмекке мұқтаж немерелердің өздерінің алимент төлеуге қажетті қаражаты бар әжесі мен атасынан сот тәртібімен алимент алуға құқығы бар. Мұндай құқық өздерінің жұбайларынан немесе ата-анасынан көмек ала алмаса, еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж кәмелетке толған немерелерге беріледі (ҚР НжОТЗ 138-б.).

Өздерінің кәмелетке толған еңбекке жарамды балаларынан немесе жұбайларынан қажетті қаражат ала алмаған жағдайда, еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж аталар мен әжелер өздерінің алимент төлеуге қажетті қаражаты бар кәмелетке толған немерелерінен сот тәртібімен алимент талап етуге құқығы бар (ҚР НжОТЗ 139-б.).

Кәмелетке толмаған балаларға нақты тәрбие беруді, асырап-бағуды жүзеге асырушы, еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж адамдар, егер олар өздерінің кәмелетке толған, еңбекке жарамды балаларынан немесе жұбайларынан көмек ала алмаса, олар өздерінің кәмелетке толған, еңбекке жарамды тәрбиеленушілерінен көмек беруді сот тәртібімен талап етуге құқылы (ҚР НжОТЗ 140-б.).

Нақты тәрбиелеушілер ретінде мұнда қамқоршы болып белгіленбей тәрбиелеуді және асырап-бағуды жүзеге асырушы тұлғалар табылады. Қамқоршылар нақты тәрбиелеушілер ретінде табылмайды және ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 140-бабының 3-тармағына сәйкес олар қамқорындағылардан алименттерді талап етулеріне құқылары жоқ. Нақты тәрбиелеушілер мен балалар арасында туыстық байланыс жоқ немесе бір-біріне алыс туыс болып келеді, сол себепті де заң осындай байланысқа құқылық мәнді бермейді. Бірақта баланы тәрбиелеу барысында пайда болатын қатынастар өзінің табиғаты бойынша ата-аналық болып келеді. Өзінің бұрынғы тәрбиелеуінде болған баладан алимент алуға деген құқығы иелену үшін нақты тәрбиелеушілер бұрын ұзақ мерзім аралығында оларды асырап-бағулары қажет. Осы тәрбиелеудің қысқа мерзімі заңда белгіленбеген.

Нақты тәрбиеленушілер өздерінің нақты тәрбиелеушілерін қаражаттары бар-жоғына қарамай асырап-бағулары тиіс.

Өгей ұлдар мен өгей қыздарын тәрбиелеп, асырап-баққан, еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж өгей әке мен өгей шешенің, егер өздерінің кәмелетке толған еңбекке жарамды балаларынан немесе жұбайларынан көмек ала алмаса, осыған қажетті қаражаты бар еңбекке жарамды, кәмелетке толған өгей ұлдарынан немесе өгей қыздарынан асырап бағуды сот тәртібімен талап етуге құқылы (ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 141-б.).

Өгей ұлдары мен өгей қыздарын сот алимент төлуден келесі жағдайларда босатады:

- нақты тәрбиелеушілер балаларды бес жылдан аз уақыт тәрбиелеп, асырап-баққан жағдайда;
- нақты тәрбиелеушілер өздеріне жүктелген тәрбиелеу мен асырап-бағу міндеттемелерін тиісті түрде атқармаса.

Сот тәртібімен өндіріліп алынатын алименттердің мөлшерін сот әрбір жеке жағдайда алимент төлеуші мен алушының материалдық және отбасы жағдайы мен тараптардың назар аударарлық басқа да мүдделерін ескере отырып, алимент төлеген кезде қолданылып жүрген есептік көрсеткішке еселенген қатынаста белгілейді (ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 142-б. 2-т.).

Егер отбасының алиментті талап етуші мүшесін бір мезгілде бірнеше адам асырап-бағуға міндетті болса, сот олардың материалдық және отбасылық жағдайына қарай әрқайсысының алимент төлеу міндеттерін орындауға қатысу мөлшерін белгілейді (ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 142-б. 3-т.).

ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

«ҚР отбасы құқығы» пәні бойынша негізгі әдебиеттер:

1. *Антокольская М. В.* Лекции по семейному праву. — М.: Юрист, 1995.
2. *Антокольская М. В.* Семейное право. — М.: Юрист, 2001.
3. *Гонгало Б. М., Крашенников П. В.* Брачный договор. — М.: Статут, 2002.
4. *Жакибаева А. Ж.* Развитие семейно-брачных отношений в Казахстане. — Алма-Ата, 1971.
5. *Маданова О. С.* Гражданское и семейное право. — Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2001.
6. *Нарикбаев М, С.* Правовая охрана детства в Республике Казахстан. — Алматы: Дауыр, 1996.
7. *Пчелинцева Л. М.* Семейное право России: Учебник для вузов: 5-е изд., перераб. — М.: НОРМА, 2007.

«ҚР отбасы құқығы» пәні бойынша қосымша әдебиеттер:

1. *Антонов А. И.* Семья и время // Вестник МГУ. — 1997. — № 2.
2. Государственная система социальной защиты и поддержки женщин и семьи. — Алматы: Инжиниринг, 1993.
3. *Дорохина О. В.* Семейная политика государства как объект исследования // Вестник МГУ. — 1997. — № 2.
4. *Нечаева А. М.* Семейное право: проблемы и перспективы развития // Государство и право. — 1999. — № 3.
5. Интересы семьи защищает новый закон: Комментарий к Закону «О браке и семье» // Юридическая газета. 1999. 3-наурыз.
6. *Каримова А. М.* Основные положения семейного права. — Уфа: УВШ МВД РФ, 1992.
7. *Чефранова Е.* Применение к семейным отношениям норм гражданского законодательства//Российская юстиция. — 1994. —№ 10.
8. *Шевченко А. И.* Совершенствование законодательства о семье. Соотношение гражданского и семейного законодательства. — Киев, 1986.
9. *Ершова Н. М.* Имущественные отношения в семье. — М.: Наука, 1979.
10. *Косова О. Ю.* «Фактические» браки и семейное право // Правоведение. — 1999. — № 3.

11. *Нечаева А.М.* Споры о детях. — М.: Юридическая литература, 1989.
12. *Одицов А. В.* Особенности договорного регулирования семейных имущественных отношений // Правоведение. — 1994. — № 4.
13. *Сосипатрова Н. Е.* Брачный договор. Правовая природа, содержание, прекращение // Государство и право. — 1999. — № 3.
14. *Рабец А. И.* Юридическая обязанность супругов по предоставлению содержания. — Томск: ТГУ, 1992.
15. *Ильина О. Ю.* Баланс частного и публичного интереса при судебном рассмотрении дел о расторжении брака. Современное право. — М., 2005.
16. *Джандарбек И.* Имущественные отношения супругов // Юрист. — 2007. — № 9.
17. *Жилинкова И.* Законный режим имущества супругов // Юрист. — 2007. — № 8.
18. *Беспалов А. Ю.* Некоторые вопросы, возникающие при определении оснований и последствий недействительности браков // Бюллетень нотариальной практики. — 2005. — № 3.
19. *Аккулев А. Ш.* Уголовная ответственность за неисполнение обязанностей по воспитанию несовершеннолетних. — Алматы, 2000.
20. *Абрамов В. И.* Правовой статус ребенка // Современное право. — 2005. — № 9.
21. *Айвар Л. К.* Правовая защита суррогатного материнства // Адвокат. — 2006, — № 3.
22. *Григорович Е. В.* Суррогатное материнство: за и против // Юрист. — 1999. — № 4.
23. *Кривоносова Л. А.* Лишение родительских прав // Правоведение. — 1990. — № 2.
24. *Батов О. С.* Проблемы классификации судебных споров, связанных с воспитанием детей // Журнал российского права. — 2005. — № 6.
25. *Беседкина Н. И.* Нравственные и правовые основания искусственного прерывания беременности // Право и жизнь. — 2005. — № 85(8).
26. Некоторые особенности правовых форм воспитания детей // Мир закона. — 2007. — № 7.
27. *Борисова Е. А.* Установление усыновления (удочерения) в судебном порядке // Вестник МГУ. — 1998. — № 3.
28. *Бондаренко О., Леженин В.* Акт обследования и заключение органов опеки и попечительства по спорам, связанным с воспитанием детей // Советская юстиция. — 1988. — № 12.

29. *Джабраилова А.* Участие органов опеки и попечительства в делах по спорам, связанным с воспитанием детей // Советская юстиция — 1985, — № 11.
30. *Ершова Н. М.* Опека, попечительство, усыновление. — М.: Московский рабочий, 1984.
31. *Казанцева А. Е.* Обязанности и права родителей (заменяющих их лиц) по воспитанию детей и ответственность за их нарушения. — Томск: ТГУ, 1987.
32. *Короткова Л. П.* Регламентация обязанностей отчима по воспитанию пасынков // Правоведение. — 1987. — № 2.
33. *Нечаева А. М.* Правовые проблемы усыновления // Советское государство и право. — 1986. — № 7.
34. *Нечаева А. М.* Устройство детей, лишенных родительского попечения // Социалистическая законность. — 1989. — № 12.
35. *Шаймердинова А.* Патронат // Мир закона. — 2000. — № 7.
36. *Шульга Р. Ю.* Современные тенденции развития регионального законодательства по защите прав детей-сирот: реальности и перспективы // Юрист. — 2000. — № 8.

Нормативтік-құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30-тамыздағы Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы және ерекше бөлім). — Астана, 2010.
3. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы халықаралық конвенциясы 1993 ж. 03.01.
4. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. — Астана, 2008.
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі 1999 ж. 13.07.
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі 1997 ж. 16.07. (2-тарау. Отбасы және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыс).
7. Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» заңы 1997 ж. 14.07.
8. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңы 1997 ж. 06.04.
9. ҚР «Неке және отбасы туралы» 1998 ж. 17-желтоқсандағы Заңы // Егемен Қазақстан. 1998. 24-желтоқсан.

10. ҚР Жоғарғы Соты Пленумының «Соттардың некені бұзу туралы істерді қараған кезде заңды қолдану туралы» 2000 ж. 28-сәуірдегі № 5 Қаулысы // ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. — 2000. — № 5-6
11. ҚР «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» 2002 ж. 8 тамыздағы Заңы // Егемен Қазақстан. 2002. 18-тамыз.
12. ҚР Президентінің «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» 1996 ж. 2 сәуірдегі Жарлығы // ҚР ПҰАЖ-САПП РК. — 1996. — № 14. — 107- құжат; Егемен Қазақстан. 1996. 3-сәуір.
13. ҚР «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» 2000 ж. 13 желтоқсандағы Заңы // Егемен Қазақстан. 2000. 16-желтоқсан.
14. ҚР Үкіметінің «Балалар ауылындағы отбасы туралы ережені бекіту туралы» 2001 ж. 11 желтоқсандағы № 1613 Қаулысы // ҚР ПҰАЖ-САПП РК. — 2001. — № 47. — 560-құжат.
15. ҚР Үкіметінің 1999 ж. 9-қыркүйектегі № 1346 Қаулысымен бекітілген «ҚР-ның қорғаншылық және қамқоршылық органдары туралы ереже» // ҚР ПҰАЖ-САПП РК. — 1999. — № 46. — 418-құжат.
16. ҚР Үкіметінің 1999 ж. 9-қыркүйектегі № 1346 Қаулысымен бекітілген «Патронат туралы ереже» // ҚР ПҰАЖ-САПП РК. — 1999. — № 46. — 418-құжат.
17. ҚР Үкіметінің 1999 ж. 9-қыркүйектегі № 1346 Қаулысымен бекітілген «Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алуды Ұйымдастыру ережесі» // ҚР ПҰАЖ-САПП РК, — 1999, — № 46, — 418-құжат.
18. ҚР Үкіметінің 1999 ж. 24-маусымдағы № 842 Қаулысымен бекітілген «Адамдардың бала асырап алуына, оны қамқоршылыққа (қорғаншылыққа), патронатқа алуына болмайтын аурулардың тізбесі» // ҚР ПҰАЖ-САПП РК. — 1999. — № 28. — 272-құжат.
19. ҚР Үкіметінің 1999 ж. 22-мамырдағы № 620 Қаулысымен бекітілген «Азаматтық хал актілерін, азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарының нысанын және осы кітаптардағы жазбалар негізінде берілетін куәліктердің нысанын өзгерту, қалпына және жою туралы Ереже» // ҚР ПҰАЖ. — 1999. — № 20-21.
20. «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу барысында заңнамаларды қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулысы 28.04.00 ж.
21. Азаматтық хал-ахуалын тіркеу жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру және жою тәртібі және азаматтық хал-ахуалын тіркеу кітабын сақтау туралы ереже (Үкімет қаулысымен бекітілген. 26.09.1996 ж.).

ТЫҢДАУШЫНЫҢ БІЛІМІН ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Қазақстан Республикасындағы неке-отбасы қатынастарын реттейтін нормативтік акт қалай аталады:

- a) Қазақ КСР-дағы отбасы туралы Кодексі;
- b) Қазақ КСР-дағы неке туралы Кодексі;
- c) ҚР-дағы неке және отбасы туралы Кодексі;
- d) ҚР-дағы отбасы туралы Кодексі;
- e) ҚР-ның «Неке және отбасы туралы» Заңы.

2. Алимент сот тәртібімен ата-ана табысының және (немесе) өзге де кірісінің тең жартысы мөлшерінде неше балаға өндіріп алынады?

- a) бір балаға;
- b) екі балаға;
- c) барлық жауап дұрыс емес;
- d) барлық жауап дұрыс;
- e) үш және одан да көп балаға.

3. Патронат — бұл:

- a) кәмелетке толмаған азаматтардың құқықтық жағдайы;
- b) ұстап-бағу;
- c) еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықты одақ;
- d) тәрбие нысаны;
- e) тәрбиеге көз салу.

4. Некені тоқтату негіздері:

- a) ерлі-зайыптылардың біреуінің қайтыс болуы;
- b) ерлі-зайыптылардың біреуін өлді деп жариялау;
- c) ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің де өтініші бойынша;
- d) е)-ден басқа барлық жауап дұрыс;
- e) бірінші және үшінші жауап дұрыс.

5. Қай кезде әйелдің келісімінсіз некені бұзуға болмайды:

- a) әйелдің жүктілігі кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде;
- b) мүліктік талаптар болған кезде;
- c) екі және одан да көп бала болған кезде;
- d) қандай да бір талаптар болған кезде;
- e) бір бала болған кезде.

6. Ерлі-зайыптыларда ортақ кәметке толмаған балаларының болуына қарамастан, ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша неке азаматтық хал актілерін жазу органдарында бұзылады, егер ерлі-зайыптылардың екіншісі:

- a) сотпен хабар-ошарсыз кеткен деп танылса;
- b) сотпен әрекетке қабілетсіз деп танылса;
- c) қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталса;
- d) д)-дан басқа барлық жауап дұрыс;
- e) бірінші және екінші жауап қана дұрыс.

7. Қандай жағдайда некені бұзу азаматтық хал актілерін жазу органдарында жүргізіледі:

- a) кәметке толмаған ортақ балалары жоқ және бір-біріне талаптар қоймайтын ерлі-зайыптылардың некені бұзуға өзара келісуі жағдайында;
- b) мүліктік талаптар болған жағдайда;
- c) кәметке толмаған ортақ балалары болған жағдайда;
- d) егер ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің қарсылығы болмауына қарамастан, некені бұзудан өз әрекеттері не әрекетсіздігі арқылы жалтарса;
- e) мұрагерлік жөнінде дау болған жағдайда.

8. Ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған жағдайда, сот қандай мерзімді тағайындай отырып ерлі-зайыптыларды татуластыруға шаралар қолдануға құқылы:

- a) бір ай;
- b) үш ай көлемінде;
- c) екі ай;
- d) жарты жыл көлемінде;
- e) бір жыл көлемінде.

9. Қай кезеңнен бастап ерлі-зайыптылар жаңа некеге тұруға құқылы:

- a) некенің бұзылмағаны туралы куәлік алғанға дейін;
- b) сот шешімі шығарылған күннен бастап;
- c) сот шешімінің заң күшіне енген күннен бастап;
- e) ерлі-зайыптылардың ортақ келіскен күнінен бастап.

10. Некені жарамсыз деп тану қандай органмен жүзеге асырылады:

- a) азаматтық хал актілерін жазу органымен;
- b) сотпен;
- c) қорғаншы және қамқоршы органмен;
- d) барлық жауап дұрыс;
- e) қала әкімиятымен.

11. Некені бұзу қандай органдарда жүргізіледі:

- a) жергілікті өкілді органдарында;
- b) азаматтық хал актілерін жазу органдарында;
- c) азаматтық хал актілерін жазу органдарында және сотта;
- d) барлық жауап дұрыс;
- e) нотариалдық конторда.

12. Қай кезден бастап неке жарамсыз болып табылады:

- a) сот шешімін шығарған күннен бастап;
- b) сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап;
- c) некенің қиылған күнінен бастап;
- d) неке жарамсыздығын азаматтық хал актілерін жазу органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізу күнінен бастап;
- e) даулар пайда болған күннен бастап.

13. Некені жарамсыз деп тану туралы ісіне қорғаншы және қамқоршы орган тартылады ма:

- a) жоқ;
- b) иә, барлық жағдайларда міндетті түрде;
- c) неке жасына толмаған адаммен, сондай-ақ сот әрекетке қабілетсіз деп танылған адаммен қиылған некені жарамсыз деп тану туралы істі қарау кезінде ғана;
- d) барлық жауап дұрыс;
- e) ата-анасының тарапынан талаптар қойылған күннен бастап.

14. Некеге тұру кезінде ерлі-зайыптылардың қандай құқықтары бар:

- a) ортақ текті таңдауға;
- b) некеге тұрғанға дейінгі тегін сақтап қалуға;
- c) өз тегіне екінші жұбайдың тегін қосуға;
- d) барлық жауап дұрыс;
- e) жұбайдың тегін қоспауға.

15. Қандай мүлік ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады:

- a) ерлі-зайыптылар некеде тұрған кезде жинаған мүлік;
- b) сый ретінде алынған мүлік;
- c) мұра ретінде алынған мүлік;
- d) некеге тұрғанға дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған мүлік;
- e) барлық жауап дұрыс.

16. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін қай кезде бөлуге болады:

- a) неке кезеңінде;
- b) некені бұзғаннан кейін;
- c) несие берушінің талабы бойынша;
- d) г) басқа барлық жауап дұрыс;
- e) барлық жауап дұрыс.

17. Қайтыс болуы туралы мәлімдеме қандай уақыт аралығында берілуі тиіс:

- a) жеті тәуліктен кешіктірмей;
- b) бес тәуліктен кешіктірмей;
- c) үш тәуліктен кешіктірмей;
- d) он төрт тәуліктен кешіктірмей;
- e) екі тәуліктен кешіктірмей.

18. Сот кәмелетке толмаған екі балаға алиментті қандай мөлшерде өндіріп алады:

- a) ата-анасының табысының және (немесе) өзге де кірісінің төрттен бірін;
- b) ата-анасының табысының және (немесе) өзге де кірісінің үштен бірін;
- c) ата-анасының табысының және (немесе) өзге де кірісінің екіден бірін;
- d) барлық жауап дұрыс;
- e) б) басқа барлық жауап дұрыс.

19. Қайтыс болуы туралы мәлімдеме қандай түрде жасалады:

- a) тек жазбаша түрде;
- b) жазбаша немесе ауызша түрде;
- c) ауызша түрде;
- d) барлық жауап дұрыс емес;
- e) жазбаша нотариалды расталған түрде.

20. Туу туралы арыз азаматтық хал актілерін жазу органдарына қандай мерзімде берілуі тиіс:

- a) бала туған күннен бастап екі айдан кешіктірмей;
- b) бала туған күннен бастап бір айдан кешіктірмей;
- c) бала туған күннен бастап үш айдан кешіктірмей;
- d) бала туған күннен бастап екі аптадан кешіктірмей;
- e) бала туған күннен бастап үш аптадан кешіктірмей.

21. Қорғаншылық қандай жастағы балаларға бекітіледі:

- a) он төрт жасқа толмаған;
- b) он алты жасқа толмаған;
- c) он сегіз жасқа толмаған;
- d) жиырма жасқа толмаған;
- e) жиырма екі жасқа толмаған.

22. Тауып алынған баланың туғанын тіркеу қандай мерзімде жүргізіледі:

- a) тауып алынған күннен бастап үш тәуліктен кешіктірмей;
- b) тауып алынған күннен бастап бес тәуліктен кешіктірмей;
- c) тауып алынған күннен бастап жеті тәуліктен кешіктірмей;
- d) тауып алынған күннен бастап он төрт тәуліктен кешіктірмей;
- e) тауып алынған күннен бастап бір айдан кешіктірмей.

23. Сот тәртібімен өндіріп алынатын алиментті төлеу қай кезде тоқтатылады:

- a) бала кәмелетке толғаннан кейін;
- b) бала асырап алынғанда;
- c) алимент алушы адам немесе алимент төлеуге міндетті адам қайтыс болғанда;
- d) еңбекке жарамсыз, бұрынғы жұбайының көмегіне мұқтаж болып келген алимент алушы жаңа некеге тұрғанда;
- e) барлық жауап дұрыс.

24. Өткен кезең үшін алимент өндіріп алу жалпы ереже бойынша қандай мерзім шегінде жүргізіледі:

- a) үш жыл мерзім шегінде;
- b) бес жыл мерзім шегінде;
- c) екі жыл мерзім шегінде;
- d) бір жыл мерзім шегінде;
- e) төрт жыл мерзім шегінде.

25. Бұрынғы жұбайынан алимент төлеуді сот тәртібімен талап етуге кім құқылы:

- a) жүкті кезінде және ортақ баласы туған күннен бастап үш жыл бойы бұрынғы әйелі;
- b) ортақ мүгедек баланы бағып-күтіп отырған көмекке мұқтаж бұрынғы жұбайы;
- c) неке бұзылғанға дейін еңбекке жарамсыз болып қалған еңбекке жарамсыз көмекке мұқтаж бұрынғы жұбайы;
- d) е)-ден басқа барлық жауап дұрыс;
- e) мұра бойынша үшінші кезектегі туыстары.

26. Қамқоршылық қандай жастағы балаларға белгіленеді?

- a) он жастан он төрт жасқа дейінгі;
- b) он төрт жастан он алтыға дейінгі;
- c) он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі;
- d) он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі;
- e) он сегіз жастан жиырма жасқа дейінгі.

27. Бала асырап алудың күшін жоюды талап етуге құқығы бар азаматтар:

- a) қорғаншы және қамқоршы орган;
- b) прокурор;
- c) баланың ата-анасы;
- d) е)-ден басқа барлық жауап дұрыс;
- e) барлық жауап дұрыс емес.

28. Бала асырап алудың күшін жою қандай тәртіппен жүргізіледі:

- a) сот тәртібімен;
- b) азаматтық хал актілерін жазу органдарымен;
- c) прокуратура органдарында;
- d) қорғаншы және қамқоршы органымен;
- e) облыстық сотпен.

29. Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды кім жүзеге асырады:

- a) ата-анасы;
- b) қорғаншы және қамқоршы орган;
- c) прокурор;
- d) е)-ден басқа барлық жауап дұрыс;
- e) барлық жауап дұрыс емес.

30. Баланың тегі қалай айқындалады?

- a) әкесінің тегімен;
- b) анасының тегімен;
- c) ұлттық дәстүрлер ескеріле отырып, әкесінің немесе атасының атынан;
- d) е)-ден басқа барлық жауап дұрыс;
- e) барлық жауап дұрыс емес.

31. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы қашан қабылданды?

- a) 1991 жылы 17 желтоқсанда;
- b) 1995 жылы 1 сәуірде;
- c) 1998 жылы 17 желтоқсанда;
- d) 1999 жылы 17 қаңтарда;
- e) 2002 жылы 16 желтоқсанда.

32. Мына қатынастардың қайсысы неке-отбасы заңдарымен реттеледі?

- a) жұмыс беруші мен қызметкердің арасындағы қатынастар;
- b) оқытушы мен тәлімгердің арасындағы қатынастар;
- c) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудан туындайтын қатынастар;
- d) мүлікті жалға беру;
- e) барлық жауаптар дұрыс.

33. Неке-отбасылық қатынастарға талаптың ескіру мерзімі қолданылады ма?

- a) жалпы ереже бойынша қолданылады;
- b) тек некеден туындайтын талаптарға таралады;
- c) ҚР Азаматтық кодексінде қарастырылмаған;
- d) заң бойынша неке-отбасы қатынастарынан туындайтын талаптарға қолданылмайды;
- e) тек ата-аналар мен балалардың арасындағы талаптарға қолданылмайды.

34. Неке дегеніміз не?

- a) адамдар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған одақ;

- b) шетел азаматтары мен еліміздің азаматтары арасындағы мүліктік қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған тең құқықты одақ;
- c) отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған арасындағы тең құқықты уақытша одақ;
- d) ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында белгілі бір мерзімге жасалған құқықты одақ;
- e) ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықты одақ.

35. Қазақстан Республикасында неке жасы қалай белгіленген?

- a) жалпы ереже бойынша 13 жастан асатын болса;
- b) еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас;
- c) еркектер үшін он сегіз жас, әйелдер үшін он алты жас;
- d) еркектер мен әйелдер үшін он алты жас;
- e) барлық жауаптар да дұрыс.

36. Неке жасын төмендетуге рұқсат етіледі ме?

- a) бұл мәселе заңда көзделмеген;
- b) тек шетел азаматтары үшін;
- c) заң бойынша екі айдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін;
- d) дәлелді себептер болған жағдайда екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін;
- e) дәлелді себептер болған жағдайда үш жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін.

37. Неке сот тәртібімен бұзылады, егер

- a) ерлі-зайыптылардың бірі хабар-ошарсыз кетсе;
- b) жұбайлардың бірі сотпен өлді деп жарияланса;
- c) ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған кезде;
- d) ерлі-зайыптылардың біреуі сотталған кезде;
- e) ерлі-зайыптылардың біреуі қылмыс жасап ұсталған кезде.

38. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері қай кезден бастап туындайды?

- a) бұл мәселе заңда көзделмеген;
- b) АХАЖ органдарына өтініш берген сәттен;
- c) некеден бала дүниеге келген жағдайда;
- d) АХАЖ органдарында некеге тұру мемлекеттік тіркелген күннен бастап;
- e) дәлелді себептер болған жағдайда тіркелгеннен кейін үш ай өткен соң.

39. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері,

- a) әйел адам ерінің пікірін ұстануы қажет;
- b) ұлттық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі болады;
- c) ері отбасының асыраушысы, ал әйелі үй шаруашылығымен айналысуы қажет;
- d) заңда бұл мәселе олардың еркі бойынша анықталады делінген;
- e) заң бойынша олар тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады.

40. Ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады:

- a) олар некеге тұрған кезге дейін жинаған мүлік;
- b) олар некеде тұрған кезде жинаған мүлік;
- c) олар неке тұрған кезде жинаған тек қозғалмайтын мүлік;
- d) олар некеде тұрған кезде жинаған тек қозғалатын мүлік;
- e) барлық жауаптар дұрыс.

41. Неке бұзылған, оны жарамсыз деп таныған кезден бастап немесе бала анасының жұбайы қайтыс болған кезден бастап қандай мерзім аралығында, егер өзгеше дәлелденбесе, анасының бұрынғы жұбайы баланың әкесі болып табылады?

- a) бала үш жүз алпыс бес күн ішінде туған жағдайда;
- b) бала екі жүз елу күн ішінде туған жағдайда;
- c) бала екі жүз жетпіс жеті күн ішінде туған жағдайда;
- d) бала жүз жетпіс күн ішінде туған жағдайда;
- e) бала екі жүз жетпіс күн ішінде туған жағдайда.

42. Суррогат ана дегеніміз?

- a) заң бойынша баланың өгей анасы;
- b) баланы тәрбиеге алушы патронат тәрбиеші;

- c) суррогат ана мен ықтимал ата-ана арасындағы шарт бойынша бойға бала бітіру, оны көтеру және туу;
- d) баланың ата-анасына көмек көрсетуші, балаға тәрбие беріп, күтуші болатын әйел адам;
- e) жауаптардың барлығы дұрыс емес.

43. Қорғаншы және қамқоршы органдар, сот қай жастан бастап баланың келісімімен ғана шешім қабылдайды?

- a) бала он үш жасқа толғанда;
- b) бала он жасқа толғанда;
- c) бала он төрт жасқа толғанда;
- d) бала он алты жасқа толғанда;
- e) бала жеті жасқа толғанда.

44. Баланың ұлты қалай айқындалады?

- a) оның атасының ұлтымен;
- b) оның әкесінің ұлтымен;
- c) оның анасының ұлтымен;
- d) оның ата-анасының ұлтымен;
- e) арғы ата тегінің ұлтымен.

45. Мына жағдайлардың қайсысы ата-ана құқығынан айыруға негіз болып табылмайды?

- a) ата-ана міндеттерін орындаудан, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтаратын болса;
- b) өз баласын перзентханадан (бөлімшесінен) не өзге де балаларды тәрбиелеу, емдеу немесе басқа мекемелерден алудан дәлелді себептерсіз бас тартса;
- c) ата-ана балаларына жоғары білім алуды қамтамасыз ете алмаса;
- d) өздерінің ата-ана құқықтарын пайдаланып қиянат жасаса;
- e) балаларға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде олардың денесіне немесе психикасына зорлық-зомбылық жасаса, олардың жыныстық пәктігіне қастандық жасаса.

46. Бала асырап алғысы келетін шетелдіктерге баламен тікелей жақын араласуға заңмен қандай мерзім белгіленген?

- a) кемінде екі ай бойы;
- b) кемінде үш апта бойы;
- c) кемінде екі апта бойы;
- d) кемінде жеті күн бойы;

е) кемінде он екі апта бойы.

47. Бала асырап алуға құқығы бар адамдар?

- а) бір-бірімен некеде тұрмайтын адамдарға бірлесіп асырап алуға рұқсат етіледі;
- б) бала асырап алушы адамның отбасында баланың қалыпты, дамуы, тәрбиеленуі және білім алуы үшін жағдайлар болған кезде бала асырап алуға рұқсат етіледі;
- с) сот әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдар;
- д) сот ата-ана құқықтарын шектеген адамдар;
- е) жоғары аталған барлық адамдар.

48. Қандай жағдайларда қорғаншылық белгіленеді?

- а) он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдарға;
- б) денсаулығының жай-күйіне байланысты өзінің құқықтарын жүзеге асыра алмайтын кәмелетке толған адамдарға;
- с) А және В жауаптар дұрыс;
- д) Е жауабынан басқасының бәрі дұрыс;
- е) он төрт жасқа толмаған балаларға, сондай-ақ психикалық аурудың салдарынан немесе ақыл-есінің кемдігінен сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдарға.

49. Патронат дегеніміз?

- а) уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адамның жасасқан шарты бойынша ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берілетін тәрбие нысаны;
- б) балалардың ата-анасы мен тәрбиелеушілердің арасындағы асырап алу туралы келісім;
- с) бала асырап алу болып табылады;
- д) сот пен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адамның жасасқан шарты бойынша ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берілетін тәрбие нысаны;
- е) уәкілетті мемлекеттік орган мен қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелейтін мемлекеттік мекемелердің арасындағы мәміле.

50. Алименттік міндеттемелердің түрлері:

- а) ата-аналар мен балалардың алименттік міндеттемелері, отбасының басқа мүшелерінің алименттік міндеттемелері;

- b) ата-аналар мен өгей балалардың алименттік міндеттемелері, ерлі-зайыптылардың және бұрынғы ерлі-зайыптылардың алименттік міндеттемелері, отбасының басқа мүшелерінің алименттік міндеттемелері;
- c) ерлі-зайыптылардың және бұрынғы ерлі-зайыптылардың алименттік міндеттемелері, отбасының басқа мүшелерінің алименттік міндеттемелері;
- d) ата-аналар мен балалардың алименттік міндеттемелері, ерлі-зайыптылардың және бұрынғы ерлі-зайыптылардың алименттік міндеттемелері;
- e) ата-аналар мен балалардың алименттік міндеттемелері, ерлі-зайыптылардың және бұрынғы ерлі-зайыптылардың алименттік міндеттемелері, отбасының басқа мүшелерінің алименттік міндеттемелері.

КУРС БОЙЫНША ӨЗІНДІК ДАЙЫНДЫҚҚА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Отбасы құқығының түсінігі және пәні:
2. Отбасылық-құқықтық қатынастарды реттеу әдістері.
3. Отбасы заңнамасы.
4. Отбасы құқығының субъектілері.
5. Отбасы құқығындағы құқық қабілеттілік және әрекет қабілеттілік.
6. Заңды фактілер.
7. Отбасы құқығының қағидалары.
8. Некенің түсінігі және құқықтық табиғаты.
9. Некеге тұрудың шарттары. Неке қию.
10. Некені тоқтату. Некені бұзу.
11. Некенің жарамсыздығы.
12. Ерлі-зайыптылардың жеке мүліктік емес құқықтары мен міндеттері.
13. Ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастары.
14. Неке шарты. Неке шарты бойынша құқықтар мен міндеттер.
15. Баланың тегін анықтау. Әкелікті сот тәртібімен анықтау.
16. Баланың құқықтары.
17. Бала асырап алу.
18. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері. Кәмелетке толмаған ата-аналардың ата-ана құқықтарын жүзеге асыруы.
19. Ата-ана құқықтарынан айыру және шектеу.
20. Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың нысандары.

21. Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және орналастыру.
22. Қорғаншылық және қамқоршылықты белгілеу тәртібі.
23. Қорғаншылардың (қамқоршылардың) және қамқорлыққа алынғандардың құқықтық жағдайы.
24. Патронат.
25. Ата-аналар мен балалардың алименттік міндеттемелері.
26. Ерлі-зайыптылар және бұрынғы ерлі-зайыптылардың алименттік міндеттемелері.
27. Отбасының басқа мүшелерінің алименттік міндеттемелері.
28. Алимент төлеу туралы келісім.
29. Алиментті сот тәртібімен төлеттіру және өндіріп алу тәртібі.
30. Азаматтық хал актілері. Жаппы ережелер.
31. Тууды тіркеу.
32. Әке болуды тіркеу.
33. Некені тіркеу.
34. Некенің бұзылуын тіркеу.
35. Бала асырап алуды тіркеу.
36. Атын, әкесінің атын және тегін өзгертуді тіркеу.
37. Қайтыс болуды тіркеу.
38. Неке-отбасы заңдары нормаларының шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылуы.
39. Шетел элементінің қатысуымен некені және ажырасуды құқықтық реттеу.
40. Елшіліктер мен консулдық мекемелерде неке кию.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1-ТАҚЫРЫП. ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ — ҚҰҚЫҚ САЛАСЫ РЕТІНДЕ. ОТБАСЫЛЫҚ — ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР.....	5
1.1. <i>Отбасылық құқықтың ұғымы, пәні, әдісі және қайнаркөздері. ПО қызметкерлері үшін отбасылық құқықты оқудың маңызы.....</i>	5
1.2. <i>Отбасылық-құқықтық қатынастың ұғымы мен мазмұны. Отбасылық-құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруімен тоқатылуы.....</i>	8
2-ТАҚЫРЫП. НЕКЕНІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ.....	21
2.1. <i>Некеге тұру тәртібімен шарттары. Бас бостандығынан айырылған немесе бас бостандығы шектелген адаммен некеге тұрудың шарттары мен тәртібі.....</i>	21
2.2. <i>Некені жарамсыз деп тану негіздерінің тәртібі мен салдары.....</i>	24
2.3. <i>Некені тоқтату. Бас бостандығынан айыруға сотталған адаммен некені бұзудың ерекшеліктері.....</i>	27
3-ТАҚЫРЫП. ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	31
3.1. <i>Ерлі-зайыптылардың жеке құқықтары мен міндеттері.....</i>	31
3.2. <i>Ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары мен міндеттері. Ерлі- зайыптылардың міндеттемелері бойынша жауапкершілігі.....</i>	34
3.3. <i>Ерлі-зайыптылар мүлкінің шарттық тәртібі (режимі).....</i>	49
4-ТАҚЫРЫП. АТА-АНАЛАР МЕН БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ЖӘНЕ МҮЛІКТІК ҚАТЫНАСТАР.....	59
4.1. <i>Ата-аналардың құқықтары мен міндеттерінің пайда болу негіздері.....</i>	59
4.2. <i>Ата-аналардың балалардың құқықтары мен міндеттері... </i>	61
4.3. <i>Ата-аналарды құқықтарынан айыру немесе олардың құқықтарын шектеу. Ата-ана құқықтарына немқұрайлы қарайтын адамдарды анықтаудағы ПО рөлі.....</i>	63
5-ТАҚЫРЫП. БАЛА АСЫРАП АЛУ. ҚОРҒАНШЫЛЫҚ ПЕН ҚАМҚОРШЫЛЫҚ, ПАТРОНАТ.....	67
5.1. <i>Ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру. Қорғанишылық және қамқоршылық ұғымы.....</i>	67

5.2. Қорғаныштардың (қамқоршылардың) және қамқоршылыққа алғандардың құқықтық жағдайы.....	70
5.3. Патронат ұғымы. Баланы патронат тәрбиешіге беру құқығы ...	74
6-ТАҚЫРЫП. ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ АЛИМЕНТТІК ҚАТЫНАСТАРЫ.....	76
6.1. Ата-аналар мен балалардың алименттік міндеттері.....	76
6.2. Ерлі-зайыптылардың және бұрынғы ерлі-зайыптылардың алименттік міндеттемелері.....	81
6.3. Отбасының басқа мүшелерінің алименттік міндеттемелері.....	84
ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР.....	87
ТЫҢДАУШЫНЫҢ БІЛІМІН ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ.....	91
КУРС БОЙЫНША ӨЗІНДІК ДАЙЫНДЫҚҚА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР.....	102

Қанатбек Өмірзақұлы Қарабеков

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ

Дәрістер курсы

Редакторы ***Н. Н. Сүлейменова***
Техникалық редакторы ***Ф. Ж. Сулейманова***
Корректоры ***Ә. Д. Тұрғанбеков***

Теруге 01.09.2011 ж. тапсырылды. Басуға 23.09.2011 ж. қол қойылды.

Шартты баспатабағы 6,6. Есепті баспатабағы 7,0.

Қалыбы 60x84 1/16. Офсеттік баспа. Бумаға офсетті қағаз.

Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 1288. Бағасы келісімді.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу
және редакциялық-баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі.
Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының 2011 жылғы ведомстволық әдебиеттер
басып шығару тақырыптық жоспарының № 18 позициясы.